

ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ АТЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАЗАҚ-ТҮРІК
УНИВЕРСИТЕТІ
ГУМАНИТАРЛЫҚ ҒЫЛЫМДАР ФАКУЛЬТЕТІ

ӘОЖ 373.32
Қолжазба құқығында

Оразбек Меруерт Әбдіқалыққызы

ЕКІНШІ СЫНЫП «ӘДЕБИЕТТІК ОҚУ» ОҚУЛЫҚТАРЫН
САЛЫСТЫРМАЛЫ ЗЕРТТЕУ (АТАМҰНА ЖӘНЕ АЛМАТЫ КИТАП
БАСПАЛАРЫ)

«7M01303 –БАСТАУЫШ ОҚЫТУ ПЕДАГОГИКАСЫ МЕН ӘДІСТЕМЕСІ»
«M003- Пәнсіз мамандандырылмаған педагогтерді даярлау» білім беру
бағдарламасы бойынша педагогика ғылымдарының кандидаты дәрежесін алу
үшін дайындалған магистрлік диссертация

Ғылыми жетекшісі: _____ PhD, доцент м.а.Куралбаева А.А.
(қолы)

Магистрлік диссертация қорғауға жіберілді: « _____ » _____ 20 _____ ж.

Кафедра меңгерушісі: _____ PhD, аға оқытушы Ауезов Б.Н.
(қолы)

Түркістан, 2021 ж.

МАЗМҰНЫ

АННОТАЦИЯ	3
НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР	5
АНЫҚТАМАЛАР	6
БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР	7
КІРІСПЕ	8
1 «Әдебиеттік оқу» оқулығын зерттеудің теориялық негіздері	12
1.1 «Әдебиеттік оқу» пәні оқулықтарының дамуындағы тарихи еңбектерге шолу	12
1.2 «Әдебиеттік оқу» оқулықтарының маңызы	18
1.3 Оқулықтардың негізгі сапалары	24
2 «Әдебиеттік оқу» оқулықтарын зерттеудің әдістемелік негіздері	43
2.1 «Әдебиеттік оқу» оқулықтарында болуы қажетті ақпараттар мен қолданылған қағаз түрі, парақтар саны, оқулықтың түптелуі	43
2.2 «Әдебиеттік оқу» оқулықтарындағы тараулар, тарауларда берілген мәтін түрлерінің ұқсастықтары мен айырмашылықтары	49
2.3 «Әдебиеттік оқу» оқулықтарындағы мәтінге бағынанысты тапсырмалардың ұқсастықтары мен айырмашылықтары	57
2.4 «Әдебиеттік оқу» оқулықтарындағы көрнекі материалдардың қолданылуы және мазмұндық ерекшеліктері мен айырмашылықтары	68
ҚОРЫТЫНДЫ	72
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ	75
А ҚОСЫМША	81

АННОТАЦИЯ

Предлагаемая магистерская диссертационная работа состоит из введения, двух разделов, заключения. В первой части, названной теоретическими основами изучения учебника «литературное чтение», рассматривается обзор исторических трудов в развитии учебников предмета «литературное чтение», значение учебников «литературное чтение», основные качества учебников.

Во втором разделе, называемом методическими основами изучения учебников «литературное чтение», рассматриваются сведения, наличие которых необходимо в учебниках «литературное чтение», вид использованной бумаги, количество листов, переплет учебника, разделы в учебниках «литературное чтение», сходства и различия в типах текста, их место в главах, сходства и различия в заданиях, связанных с текстом в учебниках «литературное чтение», содержательные особенности и различия в использовании наглядного материала в учебниках «литературное чтение».

Результаты и выводы диссертационной работы могут быть использованы учителями начальных классов и руководителями учебно-методических объединений в начальных классах, будущими учителями начальных классов.

В качестве средства сбора данных использовались учебники начальных классов. Исследовательская работа представляет собой описательную работу, основанную на методе анализа документов.

Ключевые слова: учебник, литературное чтение, текст, виды текста, стихотворение, информационный текст, повествовательный текст, задания, наглядные материалы.

ANNOTATION

The proposed master's thesis consists of an introduction, two sections, and a conclusion. The first part, called the theoretical foundations of the study of the textbook «literary reading», examines the review of historical works in the development of textbooks of the subject «literary reading», the meaning of textbooks «literary reading», the main qualities of textbooks.

The second section, called the methodological foundations of studying textbooks «literary reading», examines the information that is necessary in textbooks «literary reading», the type of paper used, the number of sheets, the binding of the textbook, sections in textbooks «literary reading», similarities and differences in the types of text that book place in the chapters, similarities and differences in tasks related to the text in textbooks «literary reading», content features and differences in the use of visual material in textbooks «literary reading».

The results and conclusions of the dissertation work can be used by primary school teachers and heads of educational and methodological associations, future primary school teachers.

Primary school textbooks were used as a means of collecting data. The research paper is a descriptive work based on the method of document analysis.

Keywords: textbook, literary reading, text, types of text, poem, informational

text, narrative text, tasks, visual materials.

ÖZET

Önerilen yüksek lisans tez çalışması bir giriş, iki bölüm, bir sonuçtan oluşur. «Edebi okuma» ders kitabının çalışmasının teorik temelleri olarak adlandırılan ilk bölüm, «edebi okuma» ders kitaplarının gelişimindeki tarihi eserlerin gözden geçirilmesini, «edebi okuma» ders kitaplarının anlamını, ders kitaplarının temel niteliklerini ele almaktadır.

İkinci bölümde olarak öğretim temel eğitim ders kitapları «edebi okuma» kabul edilir bilgi için, varlığı için gerekli olan ders kitaplarında «edebi okuma», görünümü, kullanılan kağıt, yaprak sayısı, ciltli ders kitabı, ilgili özellikler ders kitaplarında «edebi okuma», benzerlikler ve farklılıklar, türleri, metin, yaşantı bölümlerde, benzerlik ve farklılıkları işleri ile ilgili metin kitapları «edebi okuma», ilginç özellikleri ve kullanım farklılıkları görsel malzeme ders kitaplarında «edebi okuma».

Tez çalışmasının sonuçları ve sonuçları, ilköğretim öğretmenleri, öğretim ve metodolojik derneklerin liderleri, gelecekteki ilköğretim öğretmenleri tarafından kullanılabilir.

İlköğretim ders kitapları veri toplama aracı olarak kullanılmıştır. Araştırma çalışması, belge analizi yöntemine dayanan açıklayıcı bir çalışmadır.

Anahtar kelimeler: ders kitabı, edebi okuma, metin, metin türleri, şiir, bilgi metni, anlatı metni, görevler, görsel materyal.

НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

Бұл диссертациялық жұмыста нормативтік құжаттарға сілтемелер қолданылған:

Оқулық басылымдарына қойылатын гигиеналық нормативтерді бекіту туралы Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 19 тамыздағы № 611 бұйрығы.

Оқулықтарды, оқу-әдістемелік кешендер мен оқу-әдістемелік құралдарды әзірлеу, оларға сараптама, сынақ өткізу және мониторинг жүргізу оларды басып шығару жөніндегі жұмысты ұйымдастыру қағидасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 24 шілдедегі № 344 бұйрығы.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығымен бекітілген бастауыш білім берудегі пәнінің 2-4 сыныптарына арналған «Әдебиеттік оқу» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы (оқыту қазақ тілінде).

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 23 тамыздағы № 1080 қаулысымен бекітілген бастауыш білім берудегі пәнінің 2-4-сыныптарына арналған «Әдебиеттік оқу» пәнінен үлгілік оқу бағдарламасы (оқыту қазақ тілінде).

2019-2020 оқу жылында Қазақстан Республикасының жалпы орта білім беретін мектептерінде оқу процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы: Әдістемелік нұсқау хат. – Нұр-Сұлтан: Б. Аманжолдин атындағы Ұлттық білім академиясы.

АНЫҚТАМАЛАР

Осы магистрлік диссертацияда сәйкес анықтамалары бар терминдер қолданылады:

Оқулық - ҚР МЖБС-мен, үлгілік оқу жоспарымен және оқу бағдарламасымен айқындалған пән бойынша білім мазмұнын жүйелі баяндаудан тұратын және оқу процесін ұйымдастырудың негізі болып табылатын ресми бекітілген оқу басылымының түрі.

Мәтін - ақпарат, эмоциялар мен ойлар әр түрлі формада, баяндау мен таныс белгілеріне сәйкес орналастырылатын құрылым.

Ақпараттық мәтін - бірыңғай келісілген жіктелі болмағанымен сәйкестендіру, хронологиялық тәртіп, салыстыру, себеп-салдар мен белгілі бір тақырыпты шешу ретінде қарастырылатын, сөздер мен сөйлемдері тек шындыққа құралған, нақты ақпарат анықтамаларды келтірілген нақты сандық мәліметтер графикада, кестелерде, сызбаларда, терминдер мен техникалық сөздерде келтірілген, оқырмандар автор ұсынған ақпаратты нақты өмірмен байланысына қарайтын мәтіннің түрі.

Әңгімелеуші мәтін - эмоцияның нәтижесімен көрсеті бейнелі түрде кездесіп оқырман мәтін ішінен болған жағдай туралы қабақтамаларды іздеп көп уақыт жұмсайтын, баланың жеке тұлғасы мен тілін қамтуға түсіну дағдыларын жетілдіруге, сөздік қорын байытуға бағытталған, сыяндау сюжет секілді белгілі бір жүйе негізінде ұсынылған негізгі идеяға ие, автордың презентация стилі, мәтін соңында автордың ойы айқын байқалмайтын мәтіннің түрі.

Өлең мәтіні - бай қиялмен, сөз бен дыбыстың ырғақты үйлесімімен ескіден пайда болған, сезім, өлең қиял мен сөз өнеріне негізделген, әдебиеттің басқа жанрларына ұқсамайтын эстетикалық тілдік құрылымға ие мәтіннің түрі.

БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР

Осы магистрлік диссертацияда сәйкес белгілеулер мен қысқартулар қолданылады:

ҚР - Қазақстан Республикасы.

ҚР БҒМ - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі.

ҚР МЖБС - Қазақстан Республикасы Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты.

КІРІСПЕ

Зерттеу көкейкестілігі. Білім беру жүйесінің өзгеруі негізінде білім мазмұны жаңарады. Жеке тұлғаны дамытудың және оның жалпы адамзат құндылықтары жинақталған мәдениетін қалыптастырудың негізгі құралдарының бірі білім беру мазмұны болып табылады және білім беру мазмұнының жаңаруы білім берудің нормативтік құжаттары - пәндер бойынша білім стандарттары, базистік, типтік жоспарлар, пәндер бойынша дайындалған оқу бағдарламалары, оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендердің мазмұнында көрініс табады.

Оқулық - оқушылардың жасына және білім деңгейіне сәйкес келетін когнитивті және аффективті дағдылармен байланысы бар бұл мәтіндерден тұратын, оқу жоспарларына негізделген принциптерге сәйкес дайындалған басқа және оқыту материалы. Аталған сипаттамаға сай дайындалған оқулық оқу, жазу дағдыларын игеруде маңызды орын алады. Себебі алғашқы оқу, жазу дағдылары (оқу, жазу, сөйлеу, тыңдау) мәтінге сай әзірленген тапсырмалар арқылы жүзеге асады.

Кітап адамның қарым-қатынас және мәдени құрал болып табылады. Тәрбие мен білімнің адамзат тарихынан бастап бүгінгі күнге дейін жаңарып отыруы кітаптардың да жаңарып отыруына себеп болды. Баланың дамуына, білім алуына және жеке тұлға болып қалыптасуында кітап маңызды рөл атқарады. Оқулықтар білім беру мақсатын жүзеге асыруда оқушылардың оқу тәжірибесінің негізі болып табылатын оқу материалдарының бірі.

Куралбаева мен Ақиевтің зерттеуінде «Оқулық – оқушылардың жасына және білім деңгейіне сәйкес келетін когнитивті және аффективті дағдылармен байланысы бар бұл мәтіндерден тұратын, оқу жоспарларына негізделген принциптерге сәйкес дайындалған басқа және оқыту материалы» делінген. Аталған сипаттамаға сай дайындалған оқулық оқу, жазу дағдыларын игеруде маңызды орын алады. Себебі алғашқы оқу, жазу дағдылары (оқу, жазу, сөйлеу, тыңдау) мәтінге сай әзірленген тапсырмалар арқылы жүзеге асады. Тіл мен оның әдебиетін үйрету туралы сөз болғанда оқу бағдарламалары мен оқулықтар үшін мәтінді тыңдау маңызды мәселе болып табылады. Тіл мен оның әдебиетін үйретуге пайдаланатын оқулықтар үшін таңдалып алынатын мәтіндердің мазмұндық ерекшелігі мен сапасының жоғары болуы маңызды [1]. Оқулық мазмұнына сай алынған мәтіндердің бастауыш сынып оқушыларын тәрбиелеудегі маңызы зор.

2000 жылы жарық көрген оқулықтанушы ғалым А.К.Құсайыновтың еңбегінде: «Оқулық – ғылыми ізденіс нәтижесінің өзгеше түріне жатады. Және ғылыми ой мен болжамның дидактикалық болжаммен қиылысуынан тұндырылды» деп анықтама берген [2]. Және еңбегінде оқулық мазмұны белгілі бір курстың басты ғылыми шарттарына ғана, соның логикасына ғана құрылған болса оқулықтың сапасы жоғары деңгейде болмайтындығын, педагогикалық мәселеге құлақ аспайынша оның нәтижесіне сүйенбей, оқулықты құруға болмайтындығын атап көрсеткен.

Оқулықта нақты бір оқу пәнінің мазмұны дидактиканың талаптарға сай ғылыми негізде баяндалып, әдістемелік тұрғыда құрылымдалады. Сонымен қоса ғалым: «Оқулық оқу материалына онымен жұмыс істеу әдістемесін қоса ұсынады, яғни мұғалімге – оқу материалын қалай оқытып меңгертуді, оқушыға – ол материалды оқып меңгерудің тәсілін береді. Басқаша айтқанда, оқулықта білім беру мақсаттары мазмұн мен әдістер түрінде нақтыланады» деп тұжырымдайды [3].

Сонымен қатар Ғ.Құрмашұлы өзінің «Ана тілі» газетіне жариялаған «Сапалы оқулық – ел игілігі» атты мақаласында: «Тәуелсіздік алғаннан бері оқулық жазу, олардың сапасын жақсарту бағытында біршама жұмыстар атқарылды, жетістіктеріміз де бар. Сонымен қатар біраз олқылықтар мен проблемалардың әлі де шешімі табылған жоқ. Жаңа сапалы жазылған оқулықтар – білім мен ғылымның қайнар көзі, ұлтымның рухани құндылығы. Сондықтан дамыған 30 елдің қатарына қосылуды мақсат етіп біздің еліміздің жаңа буыны үшін мектеп оқулықтарының сапасына айрықша көңіл алуымыз қажет. Мемлекеттік тілді оқыту сапалы оқулықтан басталады. Осы саладағы қордаланған мәселелерді соңғы кездері зиялы қауым өкілдері жиі көтеріп жүр. Оған қоса Мирас қоғамдық кеңесі мүшелері де түрлі БАҚ беттерінде өз пікірлері мен ойларын білдіруде», - деп жазады [4].

Оқулықтар оқу жоспарларында берілген тақырыптарға тәжірибелі және белгілі бір тәртіппен зерттелген ақпарат көзін негізгі ресми көзі болып табылады. Оқулық жалпы физикалық ерекшеліктері, білім беру дизайны, көрнекі бейнеленуі мен тілдік бірліктердің қолданылуы туралы түсіндіру және өлшеу-бағалау сынды төрт критериймен бағаланады. Оқулықтар әзірленген тілге және білім беру жүйесінен туындайтын айырмашылықтарға сәйкес әртүрлі болуы мүмкін. Алайда, ана тілін оқытуда кездесетін мәселелер мен мәселелер көбінесе ұқсас. Дұрыс дайындалған оқулық оқушыға жақсы білім алуға мүмкіндік береді. Оқулықтардағы тағы бір маңызды фактор – оқулықта берілген суреттер. Яғни оқулықта берілген суреттер тақырыпқа және оқушылардың жас ерекшелігіне сай болуы қажет. Оқулық дизайны оқушылар мен мұғалімдер үшін өте маңызды. Себебі онда берілген мәтіннен әрбір қатардың арасы, сөздер, тақырыптар, қаріп стилі мен өлшемі оқушы қолданушы оқушы мен нұсқау беруші мұғалімге ыңғайлы болуына мәні берген жөн. Мұғалімдер мен оқушылардың білім беру үдерісіне қосқан үлесі оқулық таңдаудың маңыздылығын арттыра түседі. Екінші жағынан, оқулықтың оқуға және үйренген нәрселерге шолу жасауға көмектесетін функциялары бар. Оқулық арқылы оқушы мұғалімнің түсіндіргендерін кез келген жерде және кез келген уақытта болсын қайталау мүмкіндігіне ие болады. Мұндай факторлардың орындалуын ескеріп дайындалған оқулықтардың сапасы жоғары болуы тиіс. Осы мәселелердің шешілу деңгейін анықтау үшін зерттеу жұмысының тақырыбын «Екінші сынып «Әдебиеттік оқу» оқулықтарын салыстырмалы зерттеу (Атамұра және Алматы кітап баспалары)» деп таңдауға себеп болды.

Зерттеу мақсаты: Атамұра және Алматы кітап баспаларының екінші сынып «Әдебиеттік оқу» оқулықтарын салыстырмалы зерттеу.

Зерттеу міндеттері:

1. Атамұра және Алматы кітап баспаларының екінші сынып «Әдебиеттік оқу» оқулықтарында орын алған тараулар мен тарауларда орын алған мәтіндер санын анықтау.

2. Атамұра және Алматы кітап баспаларының екінші сынып «Әдебиеттік оқу» оқулықтарында орын алған мәтін түрлерін анықтау.

3. Атамұра және Алматы кітап баспаларының екінші сынып «Әдебиеттік оқу» оқулықтарындағы мәтінге байланысты тапсырмалардың санын анықтау.

4. Атамұра және Алматы кітап баспаларының екінші сынып «Әдебиеттік оқу» оқулықтарындағы көрнекі материалдардың қолданылуы мен мазмұнын анықтау.

Зерттеу нысаны: Атамұра және Алматы кітап баспаларының екінші сынып «Әдебиеттік оқу» оқулықтары.

Зерттеу пәні: Атамұра және Алматы кітап баспаларының екінші сынып «Әдебиеттік оқу» оқулықтарын салыстырмалы зерттеу.

Зерттеу әдістері: Құжаттарды сканерлеу мен талдау әдісіне негізделген сипаттамалық жұмыс.

Теориялық маңыздылығы: Оқулық, тарау мәтін, тапсырма, көрнекі материалдар ұғымдарына және ғалымдардың оқулықтардың жазылуы мен әзірленуіне байланысты зерттеулеріне талдау жасалады. Атамұра және Алматы кітап баспаларының екінші сынып «Әдебиеттік оқу» оқулықтарының ішкі мазмұнына салыстырмалы зерттеу жасалады.

Ғылым жаңалығы:

1. Атамұра және Алматы кітап баспаларының «Әдебиеттік оқу» оқулықтарында орын алған тараулар мен тарауларда орын алған мәтіндер саны анықталады.

2. Атамұра және Алматы кітап баспаларының «Әдебиеттік оқу» оқулықтарында орын алған мәтін түрлері анықталады.

3. Атамұра және Алматы кітап баспаларының «Әдебиеттік оқу» оқулықтарындағы мәтінге байланысты тапсырмалардың саны анықталады.

4. Атамұра және Алматы кітап баспаларының «Әдебиеттік оқу» оқулықтарындағы көрнекі материалдардың қолданылуы мен мазмұны анықталады.

Практикалық маңыздылығы: Атамұра және Алматы кітап баспаларының екінші сынып «Әдебиеттік оқу» оқулықтарын салыстырмалы зерттеу жасалып, зерттеу нәтижесінде еліміздегі және шет елдердегі халықаралық ғылыми конференцияларда баяндама жасалып, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті ұсынатын ғылыми баспасына мақала жарияланды.

Күтілетін нәтижелер: Зерттеу қорытындыларының жалпы әдіснамалық негізде дәлелденуімен, нақты бірін-бірі толықтырушы ғылыми-эксперименттік әдістердің кешенді қолданылуымен, зерттеу жұмысының нәтижелері мақсатына және міндетіне, пәніне жауап берумен, зерттеу мазмұнының ғылыми аппаратқа сәйкестілігімен, педагогикалық экспериментте қол жеткен нәтижелердің

бастауыш мектеп практикасына енгізіліп, қолдау табуымен; алынған нәтижелердің әр түрлі ғылыми-теориялық, ғылыми-практикалық конференцияларда талқыланып, мақұлдануымен қамтамасыз етіледі.

Диссертация құрылымы: бұл магистранттық ғылыми диссертация кіріспеден, теориялық және практикалық бөлімнен, қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер тізімі мен қосымшадан тұрады.

Ғылыми мақала: Бастауыш сыныптың «Әдебиеттік оқу» оқулықтарында орын алған ертегілерді зерттеу. Ясауи университетінің хабаршысы, 1-2, 2020 жыл, 268-276 беттер.

Екінші сынып Атамұра және Алматыкітап баспаларының «Әдебиеттік оқу» оқулықтарының мазмұнына салыстырмалы зерттеу. Қазақстанның ғылымы мен өмірі, №12/2(148), 2020 жыл, 230-236 беттер.

1 «ӘДЕБИЕТТІК ОҚУ» ОҚУЛЫҒЫН ЗЕРТТЕУДІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

1.1 Әдебиеттік оқу пәні оқулықтарының дамуындағы тарихи еңбектерге шолу

Оқулық - бұл оқу бағдарламасына енгізілген мақсатты, мазмұнды, оқу процесін, өлшеуді бағалау өлшемдеріне сәйкес құрылған және оқу мақсаттары үшін қолданылатын баспа материалы [5]. Оқулықтарды дайындаудың мақсаты - курс пәндері бойынша ақпаратты дәйекті және дұрыс форматта беру, мұғалімдер мен оқушыларға оқу материалын игеруге көмектесу болып табылады [6]. Арнайы аудитория болып табылатын оқушыларға немесе студенттерге арналған оқулықтар жеке, қоғамдық сана мен қабылдауды қалыптастыру қызметін атқарады [7].

Әлемдегі білім берудің негізгі оқу құралы оқулықтың пайда болу тарихы ежелгі адамдардың жазу мен оқуға қажеттілігі тұсындағы кезеңнен бастау алады. Олар тайпалық қатынаспен өмір сүріп кең аймақтарды мекендегендіктен шалғайдағы жақындарына хабар беру, олармен қарым-қатынас жасау мақсатында жазу құралдарын ойлап тауып кітап жазып қалдырған. Мысалы, көне түркі халықтары тасты, Мысыр мен Шығыс елдері, Грекия мен Рим елдері қыштан, балшықтан жасалған тақтайшаны пайдаланып шартты белгілермен жазылған әр түрлі кітаптар қалдырып отырған. Қоғамда еңбек етудің арқасында жазу құралдары дамып, Қытайда жіпке тізілген бамбук таяқшалары, жібек матадан жасалған қағаз [8], 105 ж. Хань империясында балық аулайтын тордан жасалған қағаз, Египетте ағаштан жасалған папирус, б.з. II ғасырда Пергам патшалығында аң терісінен жасалған пергамент, Үндістанда пальма жапырақтары, Ежелгі Ресейде жұқа қайың қабығынан ежелгі оқулық материалы пайда болған. Оқулыққа түсірілетін шартты белгілер саны жағынан көп болғандықтан жазуды қарапайым, жеңілдету жолдары қарастырылып, қазіргі таңба мен әріптердің ең алғашқы түрлері пайда болған. Әріптермен жазуды бір жүйеге келтіріп, дыбыстық ерекшеліктеріне қарай реттеудің нәтижесінде әр бір елдің өзіндік әріптерінің ерекшелігі сақталған алфавиттік жүйесі «әліпби» пайда болған.

Әр түрлі бағытта жазылған жазбалар мен кітаптарды сақтап отырудың арқасында кітапхана ісі пайда болған. Уақыт өте қоғам дамуының арқасында білімге деген ұмтылыс пайда болып, оқыту мен білім беру мақсатында қолданылатын оқулықтар мен оқу құралдарына қажеттілік пайда болған.

Ресейдегі ең алғашқы мектеп оқулығын 1574 жылы Иван Федоров «Әліппе» атауымен Львов қаласында жарыққа шығарған. Еңбектің бірінші бөлімінде оқып үйренуге арналған буындар мен тұтас сөздер, грамматиканың бастамалары берілсе, екінші бөлімде рухани-адамгершілік мазмұндағы мәтіндер берілген [9]. Германияда ең алғашқы балаларға арналған оқулық 1658 жылы Нюрнберг қаласында «Суреттерден көрінетін әлем» атауымен Я.А.Коменский жансыз табиғат, өсімдіктер мен жануарлар, дін, адамдар мен олардың қызметі туралы баяндап, латын мен неміс тілінде жарыққа шығарған болатын [10]. Англияда ең

алғашқы әліппе оқулығы 1690 жылы Бостон қаласында «Жаңа Англияның Буквары» атауымен механикалық жаттауға бағытталып діни көзқараспен жазылған. ТМД елдері Өзбекстан мен Тәжікстан мектептерінде "Савво" (букварь), "Устоди аввал", "Устоди сони" кітаптары, "Билим" ("білім"), "тил сабокдиги"—өзбек тілінің грамматикасы бойынша оқу құралы қолданыла бастаған. Сондай-ақ, "Бастапқы география" және "Ресей географиясының очерктері" кітаптарының аудармалары жарық көрді, кейінірек Т.Н.Кара-Ниязовтың өзбек тіліндегі "Табиғаттың бір бөлігі" кітабы пайда болды. Тәжікстанда "революция жалыны" журналының бас редакторы Саидризо Ализаде тәжік мектептеріне арналған алғашқы оқулықты жасады. Садриддин Айнидің тәжік тақырыбындағы әңгімелері тәжік оқушыларына арналған "Тахсиб-ус-сибен" кітабының негізін қалады. Қазан айының алғашқы жылдарында Түрікмен тілінде шыққан жалғыз оқулық "Түрікмен алфавиті" болды. 1920-1921 жылдары Түркістан Республикасының Халық Комиссариаты түркімен тілінде география және арифметика бойынша қосымша оқулықтар шығару арқылы бұл елдердің пәндерге арналған оқулық басып шығару ісі жолға қойылды.

Қазақстанда сауат ашу және әдебиет оқулығының тарихы VII-XIX ғасырлар аралығында медреселерде араб тіліндегі «Құран кітаппен» дүмше молдалардан білім алудан басталған. Медреселерде білім алу барысында көп жағдайда жазу мен оқу дұрыс үйретілмеген және де бұл еңбектің қазақ тілінің ерекшелігіне сай келмеуіне жаңадан шығып жатқан қазақ бастауыш мектептерінде оқытылатын оқулыққа қажеттілік пайда болған. 1879 жылы қазақтың тұңғыш педагог-ғартушысы Ыбырай Алтынсарин ең алғашқы еңбек «Қазақ хрестоматиясы» жазып шығарған болатын [11]. Хрестоматияға кіріктірілген шығармаларға ең алдымен оқушыларды қазақ ұлтының тұрмыс-тіршілігі мен салт-дәстүрлерін таныстырып баяндау жүргізіледі, оқушыларды адал, мейірімді, еңбекші, ұлшты болуға, тапқырлық пен адамгершілік қасиеттерге үгіт насихат жүргізеді. Және еңбектің оқушының жасы мен түсінігіндей жеңіл қабылдану мен тілі икемді болуын қамтамасыз еткен [12]. Сонымен қатар ғалым қазақ бастауыш мектептерінде орыс тілі грамматикасы жөнінде басталған «Қазақтарға орыс тілін үйретудің бастауыш құралы» еңбегін жарыққа шығарған. Бұл еңбектерді құрастыру барысында «Балалар дүниесі» еңбегін (С.Д.Ушинский), «Әліппе мен оқу кітабы» еңбегін (Л.Н.Толстой), «Әліппе мен оқу құралы» еңбегін (Б.В.Бунаков) практикалық-теориялық жағынан көмекші құрал ретінде қолданған. Осы кезеңдерде білім беру саласында оқулық мазмұны мен оқытудың формасы, мақсат, мазмұнын анықтайтын нақты еңбектер болмаған. Соған қарамастан Ы.Алтынсарин оқушыларға қазақ әдебиетімен білім беруді оқу бағдарламаларын жасаудан емес, арнаулы хрестоматия ретіндегі оқулық жазып шығарудан бастаған. Ы.Алтынсариннің жалпы оқулық пен оқу құралдарын жазудағы өзіндік бірнеше ерекшеліктерін байқауға болады:

- Оқулықтарға діни көзқарастағы сөздердің кіріктірілуі: Алла, құдай, жаратқан және т.б.

- Оқулықта кіріктірілген әрбір шығарманың оқушыларға әлеуметтік, қоғамдық, тәрбиелік тұрғыда әсерінің болуы. Берілген оқиғаның оқушының түсінігі мен жасына сай болуы, жеңіл қабылдануы, басқада адамдармен қарым-қатынастың болуы маңызды екенін ұғындыруы, мінез, іс-әрекет пен ойлау процесін дамытуға арналуы.

- Оқулыққа енгізілген халық ауыз әдебиеті үлгілері арқылы қоршаған орта мен жаратылыстану ғылымдарынан хабардар болуы, ғылым мен қарапайым өмірдің тығыз байланыста екенін ұғындыра алуы.

- Оқулыққа енгізілген шығармаларда тілдік көркемделуі мен қазақ тілінің сөздік қорының байлығын бере алуы, ұлттық болмысқа тән қасиет сақталған.

- Оның еңбектері сауат ашуды меңгерту мақсатында емес оқу мен жазуды меңгерген оқушыларға алған білімі мен дүниетанымын дамыту мақсатында қолдануға болады [13].

Түркі зиялылары бірігіп, оқу мен жазуды меңгертуге арналған қазақ мектептердегі оқушыларға төте жазумен бірнеше еңбектерді басып шығарған болатын. Солардың бірқатарына 1910-1913 жылдар аралығында Уфа мен Қазан қалаларында жарық көрген М.Нұрбаевтың «Әліппе» еңбегін, Ә.Ерғалиұлының «Қазақ әліппе» еңбегін, М.Малдыбаев пен Ж.Ансамбетовтың «Қазақша ең жақсы әліппе» еңбегін, К.Сырғалиннің «Қазақша әліппе кітабы» еңбегін жатқызуға болады. Алайда бұл еңбектер зиялы қауым өкілдері мен халық арасында кең қолданысқа ие болмады. Ал ағартушы Ахмет Байтұрсынұлының 1912 жылы бастауыш екі жылдық мектептерде ана тіл сабақтарында қолданыла бастаған «Әліпби» еңбегі араб графикасының қазақ тіліне икемделген, қазақ тілінде мүлдем қолданылмайтын 12 араб әрпі алынып тасталған оқулық болып табылады. Ресми түрде 1924 жылы қабылданған әліпбидің бастауыш мектептерде жеңіл қабылдануының бір себебі қазақ жазу емлесіндегі біршама қиындықтар жойылған. Сонымен қатар Орынборда жарық көрген қазақ тілінің ғылыми грамматикасы жарастырылған «Оқу құралы» еңбегінде оқушының сөздік қорын мейлінше сауат ашу жұмысында тиімді қолдану принципі көзделген. Тапсырма орындау арқылы қазақ тіліндегі бір дыбысы ғана алмасқан сөздердің мағыналарын ажырату арқылы сөздің мағынасын нақтылау, қолдану дағдысы жетілдіріледі [14]. Ғалым мен оның еңбектері жайында Т.Шонанұлы: «Бүкіл өмірім қазақ халқына шынайы сүйіспеншілікпен қызмет қылуға арнаған, өз бақытым осы жолды тапқан болмысы ерекше жандардың бірі еді. Ол қазақ ғылымы мен мәдениетінің дамуының алғашқы сатысын құрған, таланты мен тапқырлығын осы желмен байланыстырған еді. Келер ұрпақты дүмше молдалардың оқу-үйрету жұмысын толыққанды білместігі мен миссионерлерден құтқаруды жолғызса, біз қатқарған болатын. Жаңа қазақ алфавиті іс жүзінде ішкі мен сыртқы жаулармен күресінің бейнесі болды депте түсіндіруге болады. Жаңа алфавитті жетілдіріп қазақ тілінің тілдік тұрғыда өз ерекшелігін, ұлттық тұрғыда өз болашағын сақтап қалуын қамтамасыз еткен ағартушы еді»- деген пікірі ағартушының еңбегінің дәлелі болады. Түрколог А.Н.Кононовта ағартушының тіл білімі саласындағы еңбегі жайында «Жетілдірілген қазақ алфавитін жасаған қазақ тіл білімінің фонетика, морфология, синтаксисін қалыптастырушы, қазақ әдебиеті

мен мәдениеті, тарихын зерттеуші» деп өз пайымдауын жеткізген болатын. Сол секілді қазақ ағартушылар Р.Сыздықова мен Т.Қордабаевта ғалымның тіл біліміне сіңірген еңбегін ақталған уақытқа дейін жорамалдап болашақ жастарға қалдырып отырған [15].

Бастауыш сынып оқушыларын даярлаумен қоса бастауыш сынып мұғалімдеріне оқушыны тәрбиелеуде көмекші құрал ретінде 1922 жылы шыққан М.Жұмабаевтың «Педагогика» еңбегі қысқа уақыттық мұғалімдер курсына арналған дәрістерінен құралған еді. Еңбекте тәрбие ұғымы мен мақсаты, тәрбие бөлімдері мен педагогикамен байланысы тұрғысында баяндағып, оқушыға тәрбие жұмыстарын жүргізу әдістері де көрсетілген. Оның айтуынша, жалпы педагогика адамның дене күштерін, тәрбие жолдарын түсіндіреді, ал дидактика оны оқытудың негізгі жолдарын, методика белгілі пәндерді оқытудың әдістерін түсіндіреді. Уақыт өте бұл еңбек Қазақстандағы жалпы педагогика саласының негізгі еңбектеріне айналды. Және оның 1923 жылы шыққан «Бастауыш мектептегі ана тілі» еңбегі 4-сынып бойына ана тіл пәнінен бірлетін тапсырмаларды құраған. Еңбек арқылы бастауыш сыныптың базасында оқушы оқу мен жазуға үйретілетіндігін, емесмен танысып, оны қолдануға дағдыланатындығын, ауызша және жазба әдебиет үлгілерімен танысатындығын, оларды ұғынып оқуға үйретілетіндігін тап көрсеткен [16].

1924 жылы шыққан Ж.Аймауытовтың «Тәрбие жетекшісі» еңбегінде баланың тәрбиелі болуына отбасының адамгершілікпен еңбекқорлыққа тәрбиелеуі мен өскен ортасының ықпалы зор ететіндігі баяндалған. Сонымен қатар еңбекте баланы оқытудың күйесі дидактикалық анықтама беріліп, берілген білімнің өмірде қолданылатындай болуы атап өтілген [17]. Және оның 1926 жылы шыққан «Жан дүниесі мен өнер тандау» мен «Психология» еңбектерінде психология ұғымына анықтама берілген, адамның мінез-құлқын анықтау бойынша зерттеу әдістерін, мінез құлықтың түрлері, соған қарай әрбір адамның бейімділігі мен қабілетін ескеріп, мамандық таңдайтыны туралы, адам денесінің бөліктері мен олардың физиологиялық рөлі, жүйке жүйесі мен ми, жұлынның қызметін, фактілермен көптіре бітіріп, оны практикалық мысалдармен растап баяндаған [18].

1914 жылы шыққан М.Дулатовтың «Бастауыш мектепте оқытылатын есеп құралы» еңбегінің мектептерде кеңінен қолданудың бірнеше себептері бар:

- Еңбек мазмұны қазақ балаларының өмір сүріп жатқан ортасына сай келеді. Келтірілген мысалдары олардың өмір тіршілігімен байланыстырып жасалған.

- Балалар ұянуына ауыр болып келетін тапсырмалар берілмеген, кәр түрлі түсіні деңгейіне лайықты етіп жасалған.

- Еңбекті құрастыруда әдіскер Гольденбергтің әдістерін қазақ балаларына ыңғайластырып жасаған.

- Еңбекте оған дейінгі қолданыста жүрген үнді цифрлары араб цифрларымен алмастырып берілген.

- Еңбекпен жұмыс жасауда кез келген оқушының өзіндік жұмыс жасауына ыңғайлы болуына бағытталған.

- Еңбекте 300-ден аса есеп берілген, олар білім беру мақсатын ғана емес, оқушыларға тәрбие беру мақсатын да ұстанған. Атап айтқанда отбасындағы баланың рөлі ата-анаға үй жұмыстарын жасауға көмек беру, өзінің жеке заттарына (киім-кешек, оқу құралдары) ұқыптылықпен қарау, еңбек ету арқылы өмір сүруге қажетті жағдайларды жасай алатынын, сауда саттық жасауға өз қаржысын дұрыс жұмсауға ебі болу керектігін мысалдар арқылы түсіндірілген.

- Еңбекте қарапайым бастауыш сыныптағы математикалық терминдерді қазақ тіліне ыңғайлы, түсінікті етіп берілген [19].

С.Қожановтың 1924 жылы шыққан «Есеп тану құралы» еңбегінде жүз бен мыңға дейін санау, төрт амалды үйренуге берілген есептерден құралып, бастауыш мектептегі арифметиканың жай-жапсарымен таныстырылған [20].

Х.Досмұхамедовтың 1922 жылы шыққан «Жануарлар», «Табиғаттану» еңбектері бастауыш сынып дүниетану пәнінің негізін қалауға бірдей бір елтің тигізген оқулық ретінде қолданылса, 1925 жылы Ташкент қаласында шыққан «Оқушылардың саулығын сақтау» [21] еңбегі бастауыш сынып оқушыларының физиологиялық дамуын қадағалап отыруда көмекші құрал болған.

Жоғарыда аталған еңбектер арқылы бастауыш сынып пәнімен оның ішінде ана тілін толық меңгеру жүргізілсе, қазіргі таңда бұл пән барынша кеңейтіліп қазақ тілін үйрену мен қазақ әдебиетінің аңыз және жазбаша әдебиет үлгілерін меңгеру болып екі бөлімге бөлінді. Бастауыш сынып әдебиеттік оқу пәні болып 1933 жылы қабылданған бастауыш оқу бағдарламасының нұсқасы енгізілгеннен кейін дербес пән ретінде оқытыла бастады. Бағдарламаға сәйкес 1938 жылы мектептегі әдебиетті оқыту курсы кезеңдік жүйеге: ана тілін бастауыш сатыдағы әдебиеттік оқу (2-6 сыныптары), әдебиет тарихын оқу (7-10 сыныптарда) болып өзгертіліп оқытыла бастады.

Қазіргі таңдағы бастауыш сынып әдебиеттік оқу пәнінің оқулықтары бірнеше жылдарды артқа қастап пайдаланылған үлкен еңбектің нәтижесі болып табылады. Қазақстан Республикасы тәуелсіздік алғаннан кейін 1999 жылы 7 маусымда Білім беру туралы Заңын қабылдады. Білім беру заңына сәйкес жалпы, орта, бастауыш білім деңгейлерінің білім беру бағдарламалары белгіленді. Алғашында ана тілі пәні аталып, 2001 жылы 1-сынып оқулығы (авторы Ш.Б.Желбаев) [22], 2002 жылы 2-сынып оқулығы [23] мен 2004 жылы 4-сынып оқулығы (авторы С.Рахметова) [24], 2003 жылы 3-сынып оқулығы (авторы Т.Әбдікәрім) [25] білім беру бағдарламасының негізінде Алматы қаласында шыққан болатын. Уақыт өте бастауыш білім беру бағдарламасы өзгеріп, 1, 4-сыныптарда ана тілі пәні, 2, 3-сыныптарда әдебиеттік оқу пәні оқытылып оқулықтары жаңартылды. Алматыкітап баспасымен 2012 жылы 1-сынып ана тілі оқулығы (авторлары Г.И.Уәйісова, Ә.Е.Жұмабаева) [26], 2013 жылы 2-сынып әдебиеттік оқу оқулығы (авторлары Б.Тұрғынбаева, З.Муфтибекова) [27], Алматы кітап баспасымен 2014 жылы 3-сынып әдебиеттік оқу оқулығы (авторлары Т.Әбдікәрім, С.Рахметова, Б.Қабатай) [28], 2015 жылы 4-сынып ана тілі оқулығы (авторлары Т.Әбдікәрім, С.Рахметова, Р.Базарбеков) [29] шыққан болатын. Қазіргі әдебиеттік оқу пәнінің қолданыстағы оқулықтары ҚР БҒМ-мен бекітілген 2016 жылы енгізілген жаңартылған білім беру бағдарламасы талаптарына сай

2017 жылы Атамұра баспасымен 2-сынып 1, 2 бөлім әдебиетік оқу оқулығы (авторы Б.Т.Қабатай) [30], 2018 жылы 3-сынып 1,2 бөлім әдебиетік оқу оқулығы (авторлары Б.Қабатай, У.Зейнетоллина, В.Қалиева) [31] және Алматыкітап баспасымен 2019 жылы 4-сынып 1,2,3 бөлім әдебиеттік оқу оқулығы (авторлары З.Мүфтибекова, Ә.Рысқұлбекова) [32] жарыққа шығып мектептерге қолданысқа берілген.

Қазақстанда қазіргі таңда бастауыш сыныпта қолданыстағы хрестоматия мен әдебиеттік оқу оқулықтарының заман талабына сай дамып, бастауыш сынып оқушыларының білім деңгейін жоғары талапта қамтамасыз етуі Нұрғай Алтынсариннің «Қазақ хрестоматиясы» мен «Қазақтарға орыс тілін үйретудің бастауыш құралы» еңбектерінің, Ахмет Байтұрсыновтың «Сөз іпем» мен «Оқу құралы» еңбектерінің, Мағжан Жұмабаевтың «Бастауыш мектептегі ана тілі» еңбегінің арқасында жүзеге асырып, жалпы мектепте қазақ тілі мен қазақ әдебиеті пәндерінің білім мазмұнын оқытуда сүйенетін негізгі еңбектердің бірі болып табылады.

1.2 «Әдебиеттік оқу» оқулықтарының маңызы

Бастауыш сынып оқушысын жан-жақты дамыған тұлға ретінде тәрбиелеу қазіргі кездегі оқулықтардың ұстанатын басты қағидаларының бірі. Себебі оқушының рухани тұрғыда дамуы мен жеке тұлға ретінде қалыптасуы мектеп қабырғасындағы төменде көрсетілген үш компонентті өзара қарым-қатынасты факторларды қамту арқылы жүзеге асады:

1) мемлекеттік стандарт – жалпы білім беретін орта мектептердегі мақсатты нақтылайтын барлық оқу пәндері бар базалық оқу жоспары және оқытудың әрбір сатыда жалпы орта білім берудің мазмұнын меңгерудің минималді деңгейі;

2) оқу бағдарламалары - оқу пәні бойынша меңгеруге тиісті білім мазмұнымен мөлшерін көрсететін, оқу жылдары бойынша бөлінген бөлімдер мен тақырыптардың мазмұнын анықтайтын, мұғалімдермен оқушылардың іс-әрекетін реттейтін, білім мазмұны арқылы оқыту мақсатын жүзеге асырудың нормативтік құжаттың түрі;

3) оқулық - мектеп бағдарламасында жарастырылған негізгі ғылыми ұғымдарды қамтитын оқушыларға оқу материалын меңгеретін оқытудың негізгі құралы мен тәсілі болып табылады. Оқулықпен жұмыс істеу мен пайдалануда оның негізгі тікелей бағытталған объектісі оқушы болып, мұғалім оқулықпен жұмыс жасауды бағыттаушы мен жүргізуші қызметін атқарады.

Осы тығыз қарым-қатынаста жүретін үш компоненттің ішіндегі жалпы оқулыққа анықтама беруде С.А. Шапавалконың «Оқулық теориясында» «... оқушыларға арналған ғылыми негіздерін игеру құралы. Сонымен қатар, бұл оқытушының ғылыми ақпаратты ұғынуының қысқаша мазмұны» делінген [33]. Анықтамада айтылғандай оқулық оқушыларды тәрбиелеу функциясын орындаумен қатар білім беру процесінде басты рөлге ие: бір жағынан, оқу пәнінің оқу жоспарына сәйкес оның мазмұнын нақтылайды, пәннің ғылыми негіздерін материалдандырады, екінші жағынан, материалды оқып үйренудің әдістемесін белгілейді, оқушылардың практикалық оқу қызметін анықтайды, оқу материалын игерудің тәсілдері мен әдістерін ұсынады, оқу пәнін оқытудың тұжырымдамасы мен принциптерін жүзеге асырады. Оқушылардың білім деңгейінің көлемі, оқушылардың күшінің тереңдігі мен дәрежесі толығымен оқулық сапасына байланысты. Сондықтан білімнің негізгі көзі ретінде оқулыққа өте жоғары талаптар қойылады.

Жоғары сапалы оқулықтар жалпы білім беретін орта мектептердің ұстанған білім беру стратегиясының дұрыс жүзеге асырылуына кепіл бере алады, себебі кез келген пәннің бастауыш мектеп оқулығы оқыту мазмұнын ғана емес, онымен бірге пәннің әдістемелік бөлігін, жалпы бағытын және мұғалім мен оқушы іс-әрекетін анықтап отырады. Әдебиеттік оқу пәні оқулықтарының маңызына тоқтамас бұрын пәннің оқу бағдарламасында берілген негізгі мақсаты мен маңызы, оқу мазмұнының көлемі анықталуы тиіс.

«Әдебиеттік оқу» пәнінің мақсаты – бастауыш сынып білім алушыларының көркем шығарманы сезіммен қабылдауы, түсінуі, санасында қайта жаңғырта алуы және шығармадан қабылдағанын өзінің шығармашылық әрекетінде жүзеге асыруға ұмтылуы арқылы функционалдық сауаттылығын қалыптастыру.

«Әдебиеттік оқу» пәні бойынша төмендегідей міндеттерді жүзеге асыру көзделеді:

1) әдеби көркем шығармаларды оқыту арқылы қазақтың рухани қазынасын меңгерту;

2) коммуникативтік (айтылым, тыңдалым, оқылым, жазылым) дағдыларды қалыптастыру;

3) ауыз әдебиетінің, отандық және әлемдік балалар әдебиетінің озық үлгілерімен таныстыру арқылы білім алушыларға адамдардың өзара танысуі, сыйластық, құрмет сезімдері, адамгершілік қасиеттері, өзінің және өзгінкінің іс-әрекетіне жауапкершілікпен қарай білуі сияқты ізгілікті қасиеттерді қалыптастыру;

4) оқу сапасын (дауыстап, түсініп, іштей, мәнерлерді көз жеткізіп, болжып оқу) жетілдіру;

5) білім алушылардың оқырмандық мәдениетін қалыптастыра отырып, сөз әдеби нормаларын орынды қолдану дағдыларын меңгерту;

6) сыни ойлауын жетілдіру;

7) көркемдік-танымдық сипаттағы мәнерлерді өз мақсатына сай іріктеп, саралап, талдап, ой қорытындысын жасауда үйрету;

8) алған білімін өмір жағдаяттарына бағынаты қолданып, дұрыс шешім жасай білуге үйрету;

9) оқылған шығарма сюжетінің ізімен немере еркін тақырыпта ауызша, жазбаша шығармашылық жұмыс түрлерін орындауға дағдыландыру.

Оқу бағдарламасында үш тілде білім беруді жүзеге асыру қарастырылған, онда үш тілді меңгертіп қолдану қажет, сол сияқты білім алушылардың сыныптан тыс жұмыстарын да үш тілде (қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде) тілде ұйымдастыру қарастырылған.

Кең біліктікке ие және қасиеттерді бірлесіп дамыту «қазақстандық патриотизм, адамгершілік, жауапкершілік», «сыйластық», «ынтымақтастық», «еңбек пен шығармашылық», «ашықтық», «өмірлік білім беру» сияқты тәрбиелік құндылықтарды, өмірде білімді құзыретті, рухани терең азамат бола отырып, Отанға аянбай қызмет етуді үйретуге негіз болады.

2-сынып бойынша аптасына 3 сағат, оқу жылында – 102 сағат оқытылады [24].

«Әдебиеттік оқу» пәнінің 2-сыныпқа арналған базалық мазмұны:

1) ауыз әдебиеті үлгілерінен: балаларға арналған тақпақ, санамақ, мадақтау, өтірік өлеңдер, төрт-түлік жырлары (төрт түлік туралы өлеңдер, жан-жануарлар айтысы), Наурыз жыры, ертегілер (әртүрлі тақырыптағы хайуанаттар жайындағы ертегілер мен қиял-ғажайып оқиғалы ертегілер), мақал-мәтелдер, әртүрлі тақырыптағы жұмбақ, жаңылтпаштар, жазба әдебиеті үлгілерінен: Ы.Алтынсарин, А.Құнанбаев, Ж.Жабаев, А.Байтұрсынов, М.Дулатов, Ж.Аймауытов, М.Жұмабаев, С.Сейфуллин, Б.Майлин, М.Әуезов, С.Бегалин, Б.Соқпақбаев, Ш.Смаханұлы, Қ.Мырза Әли, М.Әлімбаев, Ө.Тұрманжанов, Ж.Смақов, Қ.Баянбай, Ә.Дүйсенбиев, Ф.Оңғарсынова, Ә.Табылдыев, А.Асылбеков, Ө.Қанахин, Т.Молдағалиев,

Е.Өтетілеуов, Б.Кірісбаев, Е.Елубай, С.Қалиев, С.Сейітов, БЫсқақов, Д.Жұмагелдинова, М.Айымбетов, М.Абылқасымованың өлең-жырлары, ертегі-мысалдары, әңгімелері;

2) ғылыми-танымдық шығармалар: мақала, естелік, өмірбаян (аспан әлемі, су асты тіршілігі, табиғат құбылыстары, жаратылыс құпиялары, халықтық әдет-ғұрып, салт-дәстүр туралы);

3) әлем халықтары балалар әдебиетінің көрнекті өкілдерінің үлгілі шығармалары: әңгіме, мысал, ертегілер;

4) әдеби-теориялық білім: халық ауыз әдебиеті жөнінде (ертегі, өтірік өлең, жыр, жұмбақ, мақал-мәтелдер, жаңылтпаштар) өлеңнің ұйқасқа құрылатыны, ақынның көңіл-күйі туралы түсінік (өлең түрлері: табиғат лирикасы, арнау өлеңдер, мысал өлеңдер, сықақ өлеңдер), мәтіндегі көркем сөз жөнінде практикалық түрде түсінік, мәтін түрлері, мәтіндегі негізгі ой туралы қарапайым мағлұмат, диалог туралы;

5) мәтінмен жұмыс: шығарманың мазмұны бойынша берілген сұрақтарға жауап беру, шығарманың мазмұнын дайын жоспар бойынша немесе өз сөзімен мазмұндау, үзіндісін мазмұндау, сахналау, шығарманың тақырыбы мен үзіндісіне (бастапқы бөліміне) сүйеніп, оқиғаның соңын болжау, өз ойы мен сезімін тірек сөздерді пайдалана отырып жеткізу, қарапайым және нақтылау сұрақтарын қою, оның жауабын шығармадан табу, шығарманың тақырыбы және негізгі ойды анықтау, мұғалімнің көмегімен көркем шығармадағы оқиғаның басталуын, дамуын мен аяқталуын анықтау, мәтіндегі негізгі ойды, оның басталуын, жалғасуын, шарықтау шегін, аяқталуын анықтау, мәтінді әңгімелеу, мәтін кейіпкерлерін атау, кейіпкердің сыртқы келбетін сипаттау, мінез-құлқы мен іс-әрекетін бағалау, сұраққа жауапты анықтамалық кітаптардан, жинақтардан, сөздіктерден табу және ақпаратты берілген үлгі, кестеге салу, көркем шығарма үзіндісін басқа үлгідегі (иллюстрация, мультфильм) нұсқасымен салыстыру, мәтінге берілген суреттермен жұмыс, мәтін мазмұны бойынша сурет салу, сөздік жұмысын жүргізуге қатысу, түсіндірілетін сөздермен жұмыс, жазбаша шығармашылық жұмыстар жүргізу: шағын ертегілер, жұмбақтар жазу немесе дайын ұйқастарды қатыстырып шумақтар, санамақтар құрастыру, сурет, каллиграмма, аппликация, фотосуреттер пайдаланып, шығармашылық жұмыс жазу;

6) оқу дағдысы: шығарманы дауыстап дұрыс әрі түсініп оқу, рөлге бөліп, мәнерлеп оқу, шығарманы іштей оқып, ондағы қажетті ақпараттарды белгілеп оқу [35].

Оқу бағдарламасында көрсетілгендей 2-сынып әдебиеттік оқу пәнінен оқулықтары бойынша I жартыжылдықта 50 сөзден артық, II жартыжылдықта 65 сөзден артық оқу дағдысының нормасына жатқызылады. Мәтін ішінде шылау, одағай, еліктеу сөздер, қос сөздер жеке сөз ретінде саналады. Білім алушылардың оқу техникасы оқу дағдысын қалыптастыру тұрғысында одан әрі оқыту алгоритмін құру үшін критерий болып табылатыны ескерілуі тиіс. Оқу дағдысынан бөлек мұғалім қосымша тапсырмаларды беру, олардың критерийлары мен дескрипторларын өзі алдын ала дайындайды. Төменде 1-

кестеде ұсыныс сипатында критерийлермен жұмыс жасаудың шамамен түрлері берілген:

Кесте 1 – Әдебиеттік оқу пәні бойынша 2-сынып жұмыс түрлерінің үлгісі

№	Оқудың түрлері	Критерийлер/дескрипторлар
1.	Алгоритм бойынша әңгіме құрау	<ul style="list-style-type: none"> - алгоритм бойынша әңгіме құрай алады; - әңгімедегі сұрақтарды дәйектілігін анықтайды; - әңгімені аяқтай алады; - құралған әңгімені жазды.
2.	Кейіпкердің атынан хат	<ul style="list-style-type: none"> - сөйлемдерді нақты ерістік құрайды; - дәйектілікті сақтайды; - кейіпкердің іс-әрекетін бағалай алады, қорытынды жасай алады.
3.	Кейіпкерге хат Мұғалім шығарманы ескерте қалауы бойынша таңдайды. Ал білім алушылар хат жазатын кейіпкерін ербетінше таңдайды.	<ul style="list-style-type: none"> - өз хатының мақсатын жеткізеді; - тірек сөздерді пайдалана отырып, ұсынған тақырып бойынша хат жазады; - өз ойын қисынды және жүйелі түрде жеткізеді; - сөйлемнің ойын дәл жеткізеді; - кейіпкердің іс-әрекетін бағалай алады; - кейіпкердің іс-әрекетін бағалай алады, қорытынды жасай алады.
4.	Санамақ құрастыру Санамақ –баланың есептеу, ойлау қабілетін дамытуға арналған тілдік құралы.	<ul style="list-style-type: none"> - санамақтарды мақал-мәтелдерден, жұмбақтардан, т.б. ажырата алады; - санамақ құрастырудың принципін түсінеді; - өзінің құрастырған санамағына таныстырылым жасайды.
	Диалог	<ul style="list-style-type: none"> - диалог түрінде сөйлесе алады; - диалогтің басында, ортасында және соңында айтылатын сөйлемдерді дұрыс қолданады; - ойын түсінікті және дұрыс жеткізе алады; - сөздік қорын көрсете алады.
6.	Кітап жасау Шығармашылық жобаның бұл	<ul style="list-style-type: none"> - шығармашылық жобаның тақырыбын анықтайды;

	түрін(жеке немесе топтық) әртүрлі техникада орындауға болады. Бұл өзі суреттерін салып, қолымен жазылған кітап болуы мүмкін. Кітапты аппликациямен әрлеуге болады. Кітап әртүрлі мазмұнда бола алады: «Бұл қандай аң?»; «Ақ» сөзімен тұрақты сөз тіркестері, иллюстрацияланған (суретті) сөздік.	<ul style="list-style-type: none"> - кітаптың мазмұнын ойластырады (ресурстарды таңдайды); - суреттермен әрлейді; - суреттер мазмұнына сәйкес келеді
7.	Берілген рифма бойынша өлең (буриме) шығару және басқа да өлең түріндегі шығармаларды ойлап табу; сондай-ақ бірінші жолдың екінші жолын ойлап табу және т.б.	<ul style="list-style-type: none"> - екі немесе бірнеше сөздердің қосымшаларын, соңғы буындарына ұйқалым таба алады; - берілген рифмаға сәйкес сөздерді таңдай алады; - берілген шұрыққа сәйкес өлеңді жалғастыра алады
8.	Ертегілер елінде Әртүрлі ертегілерден сюжеттерді және кейіпкерлерді таңдайды, оларды біріктіріп, ертегі ойластырады. Әлім-шұшылар, кейіпкерлерді алмастыра отырып, өздерінің сүйікті ертегілерін ала алады.	<ul style="list-style-type: none"> - әртүрлі ертегілердің кейіпкерлерін бір сюжетке біріктіре алады; - ойластырған ертегісі түсінікті; - оқиғалардың дәйектілігін сақтайды
9.	Аяқталмаған әңгіме	<ul style="list-style-type: none"> - ұсынылған бастамасы бойынша әңгімені жалғастырады; - әңгімедегі оқиғалардың дәйектілігін анықтайды; - әңгімені аяқтай алады
10.	Жазылған шығармаға диафильм салу	<ul style="list-style-type: none"> - мәтінді мұқият тыңдап, сұрақтарға жауап береді; - мәтінді аяқталған мазмұндық бөліктерге бөле алады; - әр бөліктің негізгі ойын анықтай алады; - әр бөлікке ат қояды; - дәйекті жоспар құрады; - диафильм салады

Пән бойынша жиынтық бағалау бөлім бойынша (БЖБ) және тоқсан бойынша (ТЖБ) жиынтық бағалау рәсімдерінің нақты санымен әр тоқсанда 1 рет өткізіледі. Бөлім мен ортақ тақырып бойынша жиынтық бағалауда сөйлеу қызметінің екі түрі біріктіріледі (мысалы, тыңдалым мен айтылым немесе оқылым мен жазылым) [36].

Оқу бағдарламасында әдеби-шығармашылық қабілеттерін дамыту қарастырылған. Нақты шығармаларды оқып білу және қажетті шығармашылық тапсырмаларды орындау үшін, мұғалім білім алушылардың даярлық деңгейіне байланысты сабақтар санын анықтайды.

Қорытынды тексеруді ұйымдастыру үшін және оқыту нәтижелерін бағалау үшін әртүрлі тапсырмалар қолданылады:

- кешенді әртүрлі деңгейлі жұмыстар (ағымдағы тексеру үшін);
- әдебиеттік диктанттар (әдеби білімін және сауаттылығын тексеру үшін);
- өтілген шығарма, тақырып, бөлім бойынша тест тапсырмалары;
- дауыстап және іштей оқу дағдыларын жаппай тексеруге арналған сұрақтары мен тапсырмалары бар мәтіндер;
- оқу әрекеттерінің қалыптасуын тексеруге арналған диагностикалық тапсырмалар және тест тапсырмалары;
- дауыстап оқу дағдысын жеке тексеруге арналған мәтіндер мен тапсырмалар (әр жартыжылдық соңында);
- оқырмандық біліктерінің және білімділігінің деңгейін тексеру бойынша кешенді әртүрлі деңгейлі қорытынды жұмыстар (әр жартыжылдық соңында);
- қорытынды тест тапсырмалары (кешенді әртүрлі деңгейлі қорытынды жұмыстардың бір түрі);
- оқулықпен жұмыс жасау дағдыларын тексеруге арналған бақылау жұмыстар (2-сыныптың I жартыжылдығының соңында).

2-сыныптың II жартыжылдығынан бастап оқулықтағы жұмыстар бойынша тапсырмалар оқырмандық біліктерін және оқыған шығармалары жөніндегі ағымдық және қорытынды тексеруге жатады.

Жалпы алғанда әдебиеттік оқу пәнінің оқулығының маңызы оның ішіндегі материал санын атын мәтін ұғымы мен оның түрлерін мысалдары арқылы игерумен байланысты. Мәтін ұғымының шығу тегін түсіндіруде В.П.Рудневтің «XX ғасыр мәдениеті сөздігі: негізгі ұғымдар мен мәтіндер» атты еңбегіндегі «мәтін» сөзінің латын тіліндегі негізге сүйенуге болады: textus - құрылым, байланыстырылған баяндама, texo - құру, құрастыру [37]. Яғни белгілі бір мәтіннің пайда болуы әрекеттермен тіл арқылы түрліше байланыс жасап, өз ойын білдіру мен тікір алмасу кезінде орын алады. Тілдесу дыбыстардан, ал мәтін әріптерден, сөздерден, сөйлемдерден және абзацтардан құралады. Әріптер мен абзацтар аралығындағы тілдің көріністері мәтін маңызын ашып, мәтіннің мағыналы және құндылықты болуына жауап береді. Осы орайда тіл лингвистикасын зерттеуші И.Р.Гальперин өзінің «Мәтін лингвистикалық зерттеу объектісі ретінде» атты еңбегінде мәтінді сөйлеу іс әрекетінің нәтижесі ретінде түсіндіруге де болатындығын айтқан. Жәнеде автор өз ойын кеңінен ашып, мәтін ұғымын толық мазмұнда, объективті жазбаша іс-құжат секілді, оның түріне

байланысты әдеби көркемделген және стилистикасы, логикалық құрылымы, лексикасы, грамматикасы сақталған, негізгі мүдде мен прагматикалық бағыты болатын сөйлеу іс-әрекетінің нәтижесі ретінде түсіндірген [38, 31б.]. Сонымен қатар «Мәтін грамматикасы» атты О.И.Москальскаяның еңбегінде: «Мәтін ұғымы біріншіден бірнеше сөйлемнен құралған сөйлеушінің негізгі ойымен берілген пікірі ретінде түсіндірілсе, екіншіден өлең, әңгіме жинақтары, публицистикалық мақалалар, ғылыми мақалалар, әртүрлі іс-құжаттар немесе осы секілді тілдесудің нәтижесі ретінде түсіндіруге болады», -деген болса [39, 32 б.], «Мәтін қалай жасалады?» атты Л.М.Лосеваның ұстаздарға арналған көмекші құралында мәтін ұғымын «жүйелілігі пен мағыналылығы сақталған толықтай біткен, автордың нақты бір процеске ой-пікірін жазбаша түсіруі» деп түсіндірілген болатын [40, 30 б.].

Оқулықтар оқыту процесін ұйымдастырудағы негізгі көмекші құралдардың бірі. Ана тілінің сөздік қорының молдығы мен әсемдігін көрсетуде, тілдің әдеби туындыларымен танытуда әдебиет пәндерінің оқулықтарындағы мәтіндердің маңызы бар. Т.М.Әбдікәрімова 2007 жылы жарыққа шыққан мәтінмен «Ана тілі» оқулығы мәтіндемесін құрау теориясын жазу барысында «Мәтін дегеніміз жүйелілік пен тұтастықтың бірігуінен құралатын тілдік белгілердің бір түрі. Мәтіннің тұтастығы оны ұғыну мен түсінуде пайда болып, логикалық тұрғыда байланысып жүзеге асса, ал жүйелілігі күрделі бірліктерден тұратын тіл құралдарының нақты тәсілдерімен бірігуінен пайда болады» [41, 73 б.] деген түсініктеме берген, сонымен қатар К.Жұбанов өз еңбектерінде мәтінді белгілі бір терминдер арқылы емес жәй ғана сөз деп қала түсіндіріп өткен [42, 148 б.]. Зерттеушінің мәтін жетіндегі көзқарасы тілдің күнделікті пайдалану қызметіндегі ерекшеліктерінің туындаған. Және де мәтінді тілмен қарым-қатынас жасаудың нәтижесі ретінде ұғынып оның ауызша мен жазбаша типтері мен ерекшелігін атап көрсеткен.

А.Жапбаров аяуында, оқушының жазбаша тілін жетілдірудің ғылыми-әдістемелік негіздерін нақтылауда мәтін қазақ тілі мен әдебиетінен білім беруде маңызды болатын оқыту нысаны болып табылады. Бірінші жағынан тіл мен әдебиеттен оқушыдағы мақсатал оқыту мәтіндері арқылы жүзеге асып жатса, екінші жағынан тәрбиешілердің толық мәтін ретінде болуы да мәтінмен оқытудың жұмыстардың бірізді жүйелі болуын талап етеді. Мәтіннің қызметін түсіндіру тәрбиешіге тіл бірліктерін функционалдық түрде түсінуге және түсінуді арқасында оның логикалы ойлауы жүйелі қалыптасуына көмектеседі. Себебі автор мәтін ішінде тіл бірліктері (сөз, сөз тіркесі, сөйлем) толығымен болатынын атап көрсеткен [43, 120 б.]. Яғни мәтіннің ішіндегі маңызы мен нақты пікірдің толық, жүйелілікпен, бірізділікпен берілуі оқушының мәтінді түсінуіне, қабылдауына әсер ететін негізгі факторлардың бірі болып табылады.

Г.Смағұлова «Мәтін лингвистикасы» атты өзінің оқу құралында мәтіннің толық жүйеден құралатынын көрсетіп: «Мәтін дегеніміз тіл біліміндегі болмысқа сай сөйлемнен құралған тізбек болуымен қоса мағыналық – құрылымдық күрделі жүйе болып табылады. Және грамматикалы, логикалы

байланыстардан құралған аяқталған мазмұны бар толықтай қарым-қатынастың көрінісі», – деп түсініктеме берген [44, 9 б.]. Ал М.К.Ахметованың «Мәтін лингвистикасы» оқу-әдістемелік құралында мәтін тек сөйлемдер тізбегінен тұрып, толық тиянақты ойды меңзейді. Мәтін ақпаратты сақтаушы да, жеткізуде болып есептелетіндіктен оның төмендегідей белгілерден құралады деп көрсетеді:

1. Өзара байланысқан тілдік бірліктердің құрылымынан тұрады;
2. Қоршаған орта жайында тиянақты нақты ақпаратты береді;
3. Мәтін хабарлама жіберуші мен хабарлама алушының арасындағы өзара қарым қатынасты байланыстырады;
4. Ол үйлесімділік пен тұтастық сипатына ие;
5. Тақырыбы, оқиғаның басы мен соңы болады [45, 14 б.].

Жармакин мен Мағзумов «Мәтін лингвистикасы» құралында мәтін мағыналық және құрылымдық аяқталуымен ақпараттың автордың қатынасымен, формальдылығымен және прагматикалық позициясымен сипатталатын ауызша немесе жазбаша түрдегі хабарлама [46, 11 б.] екендігін айтып, мәтінге: «Мәтін - әр түрлі бағытта зерттелген көп қырлы күрделі тілдік құбылыс, ең жоғарғы коммуникативтік бірлік» деп анықтама берген [46, 12 б.].

Мәтін - бұл ақпарат, эмоциялар мен ойлар баяндау мен ситуацияға сәйкес әртүрлі формада орналасатын құрылым. Бұл құрылымдарда орналастыру дәйектіліктен гөрі қисынды. Мәтінді қалыптастыру кезінде барлық тілдік бірліктер дауыстыдан абзацқа дейін қолданылады. Олар кездейсоқ емес, белгілі бір тәртіппен грамматикалық ережелерге сәйкес орналастырылады. Осы процестің нәтижесінде сөйлемдерден, сөйлемдерден, абзацтар мен суреттерден тұратын мағыналы құрылымдар жасалады. Мәтіндік сөз француз тілінде тоқу дегенді білдіретін «Текст» сөзімен берілген. Түрік тіліндегі текстиль сөзі сияқты, мәтін де тілдің мәні мен тұтастығын сипаттайды. Осы типтегі сөйлемдер ең аз мәнді бірліктерге жатады. Параграфтар мағыналық байланыс құру арқылы сөйлемдердің орналасуынан жасалады. Бұл ойдың бірлігі. Бір абзацтан екінші абзацқа ауысқанда тілдің, ой мен мағынаның бірлігі қамтамасыз етіледі. Мәтін (мақала, анықтамалық, әңгіме, эссе, роман және т.б.) абзацтардың тіркесімінен тұрады. Әр мәтіннің негізгі идеясы бар. Қысқаша айтқанда, мәтін эмоциялы, ойды, өтіншілі немесе оқиғаны білдіру құралы ретінде қолданылады.

Мәтін - бұл тілмен әр түрлі деңгейде қарым-қатынас құралы және тілді күзетпес асыру құралы. Тіл дыбыстардан, ал мәтін әріптерден, буындардан, сөздерден, сөйлемдерден және абзацтардан тұрады. Лингвистикалық элементтердің әрқайсысы әріптен абзацқа дейін мәтіннің тұтастығына қызмет етеді, өйткені мәтінмен бірге ол мән мен құндылыққа ие болады. Осы себептен сөйлем тұрғысынан формальды және семантикалық сапалдың қатарға келуіне болады. Осыған байланысты әр мәтін жеке құрылым, бұл құрылым автор арқылы тіл арқылы жеткізгісі келетін хабарламаға сәйкес өзгереді. Яғни, автордың хабарламасы мәтіннің түрін, оның көлемін, пішінін, тілдік ерекшеліктерін анықтайды. Сонымен қатар, жіберілген аудиторияның сипаттамасы мәтін түріне де әсер етеді. Осылайша, мәтіндерге ауыстыру мен

редакциялау тәсілдеріне сәйкес әртүрлі атаулар беріледі. Мысалы, ғылыми, философиялық, көркем мәтіндер, күнделікті өмір барысы туралы мәтіндер. Бұл оқырманға мәтіндегі ақпараттың қалай ұйымдастырылғанын білуге, оларды саналы түрде қадағалауға, мәтінді түсінуге және өз ойларына салуға мүмкіндік береді. Оқушылар әдебиеттік оқу пәні бойынша оқулықта берілген мәтіннің әртүрлі үлгілерімен танысу арқылы қазақ әдебиеті мен әлем әдебиетімен танысу оның қыр-сырын білу, тілдік ерекшеліктерін меңгеру арқылы күнделікті өмірде қолданысқа енгізе алады, өз білімдерін жетілдіре алады, түсінікті, мағыналы сөйлеу, астарлы мағынасымен жеткізу, өз ойын еркін жеткізе алу мен басқа адамның сөйлеу мәнерін қабылдай алу, ой қорыту сынды қабілеттерін жетілдіреді. Онымен қоса берілген мәтіннің түрлері арқылы оқушылар қазақ тілі, қазақ әдебиеті, қазақстан тарихы пәндері білімдердің базалық мазмұнын алады.

Мәтіндер бірнеше түрге бөлінеді. Олардың қызметі бойынша олар әдеби (көркемдік құндылық) және нұсқаулық мәтін ретінде екі топқа топтастырылған. Көркем мәтіндер - бұл суретшілердің эмоцияларын, ойларын мейрамдарын әдемі және әсерлі бейнелейтін мәтіндер. Оларды поэзия, ертегі, эссе, әңгіме, роман, театр деп атауға болады. Оқырманға білім беру, оларды өмірінен өткізу және белгілі бір ақпарат беру мақсатында жазылған мәтіндерді нұсқаулық мәтіндер деп те атайды. Әдістемелік нұсқаулар - бұл күнделікті өмір, тарихи оқиғалар, философиялық ойлар, ғылыми фактілер туралы аяндайтын мәтіндер. Бұл ғылыми, тарихи және философиялық мәтіндер, мақалалар, әңгімелер, очерктер, эзілдер, сұхбаттарды сынау, естеліктер, саяхаттар, хаттар және т.с.с. Бұл қосымша теориялық немесе қолданбалы зерттеулерге негізделмеген. Тарихи процесте тілді оқытуда қолданылған мәтіндер өзгеріп, бұрынғы көркем мәтіндер жоғары бағаланып, уақыт өте келе олардың орнын баспа, түпнұсқа және арнайы мәтіндер алмастырады.

Қазақ балаларының ана тіліндегі сауаттылығы және қазақ тілі грамматикасы бойынша алғашқы оқулықтардың авторы, қазақ сауаттылығы мен қазақ тілін пән ретінде оқыту әдістемесі бойынша оқулықтың иесі А.Байтұрсынұлы мәтінді сөз және оның сөйлеу бірлігіне жеткізіп, шығарма деп атау берген. Өйткені ғалымның: «Сөз өнерінен шығатынның жалпы атауы - қысқартылған түрде шығарма деп аталады. Ауызша не жазбаша шығарылса да оның бәрі де шығарма болады» деген пікірі дәлел болады [47, 344 б.].

Түрік тілін оқыту әдістемесін зерттеуші Х.Ақйол «Түрік тілін оқыту әдістемесі» атты еңбегінде «мәтін сөзі дегеніміз - бір кітап ішіндегі жазбаларды, бір тақырыптың тұратын негізгі идеясы бар жазбаларды сипаттау үшін пайдаланылады» деп жазып, мәтіндердің мағынасын үш түрге бөлді: мәтіннің іші, оның сырты мен арасы [48, б. 233]. Түрік балалар әдебиетін жазушы О.Фархал мәтіннің балалар әдебиеті бойынша жанрлары: ертегі, мысал, дастан, аңыз, әңгіме, роман, өмірбаян, естеліктер, саяхатшылардың хаттары, табиғатты түсіндіретін шығармалар және ғылыми оқиғалар, өлеңдер [49] деп бөліп қараған, бұл зерттеу жұмысындағы оқулықтарда да балалар әдебиетінің осы жанрлары қарастырылған.

Ш.Тан «Оқытудың принциптері мен әдістері» еңбегінде «мәтіннің мазмұнында негізгі идея, мазмұн мен тақырыптың сәйкестігі, әріптің өлшемі, сөздердің саны мен сөйлемнің ұзақтығы сынды ерекшеліктері білім алушы деңгейіне сәйкес келуі керек» деп жазғанымен [50], Ш.Уналанның пікірі бойынша мәтіннің келесідей ерекшеліктері болуы керек:

- * Мәтін тақырыбына қарай қызықты болуы тиіс;
- * Оның тақырыбы мен негізгі идеясы білім алушының жас деңгейіне сәйкес келуі тиіс;
- * Ондағы сөздер ұсынылған жас тобындағы білім алушының сөйлеу мәнерімен сәйкес келуі тиіс;
- * Мәтіндер шағын бола тұра білім алушының деңгейіне сәйкес суреттермен қамтылуы тиіс [51].

Бастауыш сыныптағы әдебиеттік оқу оқулығы оқушының оқырмандық және коммуникативтік дағдыларын қалыптастыруға, олардың адамгершілік және этикалық, эстетикалық құндылықтар туралы түсініктерін кеңейтуге, сөйлеу мәдениетін қалыптастырып, сөз өнерін жетілдіруге, көркем шығарманы оқуға деген қызығушылығын арттыруға мүмкіндік беретін негізгі оқу құралдарының бірі болып табылады. Әдебиеттік оқу пәнін меңгеру оқулықта берілген қазақ және әлем әдебиетінің көркем шығармаларынан берілген оқу үзінділері мен мәтіндерден танысудан басталады.

М.Жемилоглуның жазуынша әдеби шығармаларда афорлар оқиға, ой немесе сезімді баяндайд және де кез-келген түрінде сұқастық байқалады. Сондықтанда әдеби шығармалардың оқиға негізделген түрлері (әңгіме, роман, театр, ертегі, аңыз, дастан, мысал, естелік, саяхатшы жазуы), ойға негізделген түрлері (мақала, сұқбат, әзіл), сезімге негізделген түрлері (поэзия) деп үшке бөлінеді [52]. Ал, О.Адалы болса жалпы мәтіндерді ойдан шығарылған (әңгіме, өлең, роман, пьеса, сценарий және т.б.) қолданбалы/ақпараттық (мақала, газет-журнал хабарлары т.б.) мәтіндер деп екіге бөліп қарастырады [53].

«Түрік тілін оқыту әдістемесі» атты түрік тілін оқыту әдістемесін зерттеуші Х.Ақйол еңбегінде оқулықтағы мәтіндерді әңгімелеуші, ақпарат беруші және өлең мәтіндері ретінде қарастыруға болатындығын айтқан [54]. Оқулықтарға енгізілген мәтіндердің әр түрлі сипаттамаларымен қоса олардың жанрына да қарай білім беру жағынан маңызды болып табылады. Ақпараттық, әңгімелеуші мәтіндердің бір-біріне сұқсамайтын өзіндік айырмашылықтары бар.

Ақпараттық мәтіндерде бірыңғай келісілген жіктеме болмағанымен сәйкестендіру, хронологиялық тәртіп, салыстыру, себеп-салдар мен белгілі бір тақырыпты шешу ретінде қарастырылады. Оның өзіндік айырмашылықтары: ақпарат береді, сөздер мен сөйлемдер тек шындыққа құралған, нақты ақпарат анықтамаларда келтірілген, нақты сандық мәліметтер графикада, кестелерде, сұзбаларда, терминдер мен техникалық сөздерде келтірілген, оқырмандар автор ұсынған ақпаратты нақты өмірмен байланысына қарай ала алады.

Әңгімелеуші мәтіннің ақпараттық мәтіннен ерекшелігі эмоцияның нәтижесімен көрнекі бейнелі түрде кездеседі, ал оқырман мәтін ішінен болған жағдай туралы хабарламаларды іздеуге көп уақыт жұмсайды. Әңгімелеу

мәтіндері баланың жеке тұлғасы мен тілін дамытуға, түсіну дағдыларын жетілдіруге, сөздік қорын байытуға, негізгі ойды оқырманға жеткізуге ықпал етеді. Әңгімелеуші мәтіндерінің негізгі ерекшеліктері: баяндаумен сюжет секілді белгілі бір жүйе негізінде ұсынылған, негізгі идеяға ие, автордың презентация стилі, мәтін соңында автордың ойы айқын байқалмайды.

Мәтіннің үшінші түрі - өлең. Өлең дегеніміз - бай қиялмен, сөз бен дыбыстың ырғақты үйлесімімен ескіден пайда болған әдеби шығарманың түрі. Өлең сезім, ой, қиял мен сөз өнеріне негізделген. Өлең әдебиеттің басқа жанрларына ұқсамайтын эстетикалық тілдік құрылымға ие. Кавчар мен Оғузхан классификациясы бойынша өлеңді сезім мен ойға байланысты төрт топқа бөлуге болады: лирикалық, діни, дидактикалық, эпикалық [55].

М.Башаран мен Х.Ақйолдың мәтіннің ақпараттық немесе баяндайтын болуына, оқылған және мәтінге дамыған көзқарасты түсіну мәсерін зерттеуінде барлық мәтіндерде идея беріледі, оқиға баяндалады немесе сипатталады, айтылған [56]. Соған орай мәтіндерді идеяны сипаттайтын мәтіндер, ақпараттық мәтіндер, оқиғаны сипаттайтын мәтіндер, баяндайтын мәтіндер, эмоцияларды сипаттайтын мәтіндер, сондай-ақ өлең деп жіктеп көрсетілген.

Х.Ақйолдың жазуы бойынша «Мәтін - өзі бір кітаптың ішіндегі жазбаларға, бір тақырып, мақала немесе бірнеше параграфтың тұратын негізгі ойы бар жазбаларды сипаттау үшін қолданылады» деп жазады, және мәтіндердің мағынасын: мәтін іші, мәтін сыртты, мәтін арасы деп үш түрге бөліп қарастырған [57]. Түрік балалар әдебиетін жазушы Р.Оғузхан балалар әдебиеті стильдеріне жататын мәтін түрлері: ертегі, мысал, дастан, аңыз, әңгіме, роман, биография, табиғат және ғұлыми дағдайларды әңгімелейтін мәтіндер, өлеңдер және жаңылтпаштар деп қарастырған [58], және де осы аталған балалар әдебиетінің жанрларын зерттеу жұмысында қарастырып отырған оқулықтарда орын алған.

Өлең дегеніміз қысқа көлемдегі поэзиялық шығарма болып табылады. Өлеңде өзіне тән ұйқал қалыпқа түсіп, шумақ пен бунақ жүйеліп болып келеді. Кең мағынада өлең қысқа көлеммен поэзиялық туындының атауы, ал тар мағынада ән мен сөз өнерінің нәтижесінен шығатын лирикалық туынды болып табылады. Бастауып сынып оқулықтарына кіріктірілетін өлеңдер әрбір сабақ келесіне ықпалдалып, көбіне еңбек ету мен кәсіп баптау, ескі наным-сенімдер мен әдет-ғұрып тұрғысындағы, махаббатқа арналған, қара өлең, тарихтағы ер күрес батырларға арналған өлең, айтыс өлеңдері болып табылады. Өлең сөздерінде белгілі бір болмыспен беріліп, авторлар тарапынан ым-ишара, меңзетіп, салыстыру, жұмбақтау, астарлап жеткізу, бейнелеу, теңеу, ұқсату мен жақтау мақсатымен де жазылады. Өлеңде «буын» деп аталатын өлшем болады, қазақ жыр үлгілерінің тармақтары көбіне 7-8 немесе 6 буынмен келеді. Әрбір тармақ соңындағы буынның келесі бір тармақ соңындағы буынмен үйлесу құбылысын өлең ұйқасы деп атауға болады. Өлең мәтініне берілетін тапсырмалар ішінде «өлеңді ұйқасына салып немесе мәнерлеп оқу» секілді тапсырмалар беріледі.

Әңгіме дегеніміз белгілі бір оқиғаның қара сөзбен баяндалған шағын көркем шығарма түріндегі әдебиет жанларының бірі. Әңгіменің жанрлық сипаттағы басқалардан ерекшелігі оқиға баяндау әдісімен беріліп, композициялы, сюжетті құрылымнан тұрады. Өзі ықшамды келетіндіктен ондағы кейіпкерлер саны да сюжеттің басталуы мен шарықтау шегі, соңы болады. Әңгімеде адамдардың өмірінен, тағдырынан алынған тәрбиелік маңызы бар қысқа ғана оқиға ретінде жинақы беріледі. Әңгімеде оның мазмұнын ашатын суреттер аз бола тұра қозғалып жатқан тақырыптан біраз хабардар ететіндей көркемдік шеберлікті қажет етеді. Қозғалып жатқан тақырып көбінде бірінші оқиғата беріліп, баяндаушының тақырыпқа тікелей қарым-қатынаста екені көрсетілуі тиіс. Қазақ халық ауыз әдебиетінің дамуы осы әңгімелер арқылы өртен. Себебі өте заманнан бері халықтың өмір сүру салты мен тұрмыс-тіршілігі жайлы әңгімелер ауызша туындап, уақыт өте ата-бабалар арқылы әр түрлі жағдайларда алуанша бірте-бірте сюжетті оқиғаға айналып қазірге дейін жеткен [59].

Әңгімелеуші мәтіндер ішіндегі ертегілер оқушылар үшін екі маңызды функция ие: біріншісі – қызығушылық ояту, екіншісі – білім беру. Жоғарыда айтылғандай, осы екі функциядан басқа, тарихтың қайнар көзі ретіндегі ертегілердің тағы бір функциясы бар. Ертегілер тек балаларды ғана емес, ересектерді де тәрбиелеу міндетін көздейді. Тірелікпен басқа зерттеушілердің жазуы бойынша бала тілінің дамуына ертегілердің үлесін келесі тақырып аясында қарастыруға болады:

1. Тыңдау дағдыларын дамытуда ертегілер өте тиімді болып табылады. Балалар шаршамастан түрлі сұрақтар қоя отырып, назар аударып тыңдайтындары ертегілер болып табылады.

2. Тыңдаудан кейін түсіндірудің кезегі келеді. Тыңдаған ертегісін басқасына түсіндіре алған бала әр ертегіні таза және жеңіл түсіндіре алатын бұл тілді қолдана отырып, біренген болады.

3. Ертегілерде сөздердің деңгейіне сай сөз және сөйлемдермен қатар жаңа сөздер мен сөйлемдерге кездеседі. Тыңдаған не, оқыған ертегісін айтып немесе жазу арқылы түсіндірудің баланың сөздік қоры дамиды және сөздерді тиімді қолдануды үйренеді. Сондай-ақ, деңгейлеріне сәйкес ұсынылған мақал-мәтелдер мен өз тіркестерін түсінуге тырысады [60].

Балалық шақтың кез келген кезеңінде назар аударатын ең көрнекті әдеби жанр – ертегі. Кантар, жиоғлу балалардың жас ерекшелігіне қарай оқу үдерісін былайша анықтайды:

6-7 жастарында: тақырыптары жануарлар, алыптар, перілер секілді қысқа және мол сюжетті ертегілер;

9-10 жастарында: ертегілер, құралдар мен өнертабыстар, атақты адамдардың өмірі;

- 32% соғыс және тыңшылық;
- 29% мектеп және спорт;
- 16% барлаушылық;
- 23% оқиға;

12-15 жастарында: бұл оқу шыңының кезеңі.

- 37% үй тіршілігі туралы ертегілер;
- 15% мектеп өмірі туралы ертегілер; 6% пері ертегілері;
- 7% махаббат хикаялары;
- 6% тарихи тақырыптар;
- 29% басқа тақырыптар» [61].

Ертегілердің бұданда бөлек өзіндік ерекшеліктері, оның ішіндегі пішіні ерекшеліктері:

– Ертегілер – әдетте прозалық әңгімелер. Алайда кейбір ертегілерде өлең бөліктері де кездеседі.

– Ертегі жазбаша әдебиетке емес, ауызша мәдениетке жатады. Оқиғалар, кейіпкерлер, ойлар мен эмоциялар жазбаша баяндауда бекітіледі.

– Ертегілердің қайталануы жүйелі болып табылмайды, ертегінің кейбір бөліктері тиісті түрде жазылады және қайталанатын.

– Ертегілер үш бөліктен тұрады: ертегінің басы (кіріспесі), ертегінің өзін (дамуы) және ертегінің соңы (нәтиже). Бастапқыда «бар екенде, жоқ екен» деген кіріспеден басталады. Осы кіріспеден кейін нағыз ертегі бөлімі басталады. Соңында баяндаушы «мақсат мұратына жетіп» деп сөзді аяқтайды.

– Ертегілерде қолданылатын тіл қарапайым және түсінікті болуы қажет. Баяндаушының жергілікті диалектісі – ертегілердің тілдік ерекшеліктерін қалыптастыратын тағы бір элемент.

– Әдетте, ертегілер өткен шақпен (болған екен, өмір сүрген екен) суреттеледі. Сондай-ақ, кейбір ертегілерде көп уақыт қолданатындығын көруге болады.

– Ертегілерде басқа жанрлардағы мысалдар кездестіруге болады (аңыз, эпос, жұмбақ, мақал). Ертегіні баяндаушы басқа әдеби жанр түрлерін білуіне байланысты ертегілердің түрлі нұсқасын өзгертуі мүмкін.

– Ертегілердің атауы жалпы болып табылмайды. Яғни ертегі аймаққа сәйкес әр түрлі атаумен бағдалы мүмкін [62].

Ертегілердің мазмұндық ерекшеліктері:

– Ертегілер – ерекше сипаттамалары бар анонимді әңгімелер. Алайда, кез келген ертегінің ерекше сипаттамалары болуы керек деген ереже жоқ, кейбір ертегілер күнделікті өмірде кездесетін қарапайым оқиғаларға қатысты болады. Ертегілердегі түрін өзгерту, өлгеннен кейін қайта тірілу секілді болып келеді, бұнда ертегінің түрін жаңаша талпыныс сыйлайтын керемет көрініс.

– Ертегідегі кейіпкерлері немесе ертегідегі көмекші кейіпкерлер (жануар немесе адам) ерекше қасиеттерге ие бола алады. Ертегі кейіпкерлері – қарапайым адамдар, қасиетті адамдар, жануарлар, жалмауыз, дәу, жын, пері, айдаһар, алып немесе секілді ерекше кейіпкерлер.

Барлық ертегілерде жақсылық пен жамандық, сұлулық пен қатыгездік, байлық пен кедейшілік, басқаша айтқанда жағымды және жағымсыз күрес түсіндіріледі. Көбіне көп ертегілердің соңы бақытты болуымен қатар жақсылықтардың жеңісімен аяқталады.

– Ертегілер шындыққа жанаспайтын жерлерде де орын алады. Бір заманда, уақыт өте келе сөздері ертегідегі уақыттың белгісіздігін көрсетеді.

– Ертегіде әрдайым жақсы көретін кейіпкер бар. Ол кейіпкер ақкөңіл, батыл, кінәсіз, ақылды немесе таза, тапқыр, еңбекқор, зұлымдықпен күреседі.

Ертегілердегі орындаушы, мәтін және баяндаушы ерекшеліктері:

– Ертегілерді алғашқы шығарушылары кім екені белгісіз. Бұл ауыз әдебиетінің ұрпақтан-ұрпаққа берілетін анонимді жанры.

– Ертегі айтушы ертегіні бастамастан бұрын жаңылтпаштар айтады, бұл ертегі басталатындығынан хабар беріп, тыныштық сақтап отырады.

– Ертегілер көбінесе қыс айларында оттың немесе ошақтың айналысында айтылған. Ал қазірде бұл үдеріс өзгерген.

– Ертегілерді тыңдаушылар аудиториясы – барлық жасқағы адамдар. Балалармен қатар ересектерде ертегіні тыңдағанды жақсы көреді және тыңдай алады.

– Ертегіні ұзағынан айтушылар ертегі кейіпкерлері мен негізгі оқиғасын өзгертпей, оқиғаны дамытып отырады. Ертегі айтушылар әр түрлі ертегілердің бөліктерін механикалық түрде бір-біріне байластырып, жаңа ертегі шығарады.

– Баяндаушы бірсарындылықты болдырмау үшін ертегінің баяндау стилін өзгерте алады. Кейде өткен шақты, кейде осы шақты пайдаланып отырады.

– Баяндамашы ертегінің ағынын бұзбай, ертегінің негізгі оқиғасы мен ойларын қосып ертегі айтады.

– Ертегі айтушы тыңдаушыларға оқиғалар жақты ертегінің ойларын жағымды немесе жағымсыз пікірлермен жеткізіп отырады.

– Ертегі айтушы ертегілерге бас киім, көрнек, қол орамал, таяқ, тәспі секілді кейбір көрнекі заттарды қолдану арқылы түсіндіреді.

– Ертегі айтушының өз аймағының салт-дәстүрлері ертегі мәтінінде көрініс табуы мүмкін. Ертегі кейіпкерлерінің дүниеге келген кезінен бастап, кейіпкерлердің үйленгеніне дейін көптеген элементтер болады.

Ертегі ұғымы әлемдік әдебиетте маңызды орын алады. Ертегі қайда, қашан пайда болғаны және ертегілердің түрлері туралы түрлі мәдениет өкілдері тарапынан түрліше сипатталған. Оксфорд сөздігінде ертегіні сиқырлы әлемде дамиды деп оқиғаларды ауызша әңгімелейтін фольклорлық термин ретінде сипаттайды [63]. Ал әдебиеттанушы ғалым, филология ғылымдарының докторы Э. Сейітжанұлы «Қазақ халық әдебиеті» аты еңбегінде ертегіге фольклордың қара сөзбен анықталатын маңсала деп анықтама береді [64].

Қазақстан ұлттық энциклопедиясында: «Ертегі – фольклордың негізгі жанрларының бірі. Ертегі жанры – халық прозасының дамыған, көркемделген түрі, яғни фольклорлық көркем проза. Оның мақсаты – тыңдаушыға ғибрат берумен бірге эстет, ләззат беру. Ертегінің атқаратын қызметі кең: ол әрі тәрбиелік, әрі көркем эстет рөл атқарады. Ертегінің жанрлық ерекшелігі осы екі қызметтен шығады. Сондықтан ертегілік прозаның басты міндеті – сюжетті барынша тартымды етіп, көркемдеп, әрлеп баяндау» деп жазылса [65], ал, қазақ совет энциклопедиясында: «Ертегі – эпикалық жанрдың бір түрі. Ауыз әдебиетінде ертегінің элементтері алғашқы қоғам дәуірінде пайда болып, заман өткен сайын олардың сюжеті де, мазмұны да, көркемділігі де өзгеріп жетіле

берген. Ертегілер ұрпақтан ұрпаққа ауызекі жолмен тарап отырған. Ертегілерде көбінесе өмірде сирек кездесетін немесе мүлде кездеспейтін, ойдан шығарылған оқиғалар баяндалады. Ертегілер қара сөз (кейде өлең аралас қара сөз) түрінде айтылатын (қазір өлеңмен жазылған ертегілерде бар) эпикалық көркем шығарма. Ертегілер шартты түрде, хайуанаттар туралы, қиял-ғажайып, тұрмыс-салт туралы болып үш салаға бөленеді» – деп жазылған [66].

С. Қасқабасов 1984 жылы жарық көрген «Қазақтың халық прозасы» атты еңбегінде: «Ертегі жанрының түп-төркіні алғашқы қауымда пайда болған көне миф, аңшылар туралы әңгіме, хикая және әр түрлі ырымдар мен аңыздар. Ертегі өзінің әуел бастағы адамның еңбек процесінде дүниені, өмірді танып-білу мақсатында пайда болған миф, хикая, аңшылық әңгілемелерінен шыққаннан бері талай жырларды қамтитын тарихында ертегі жанры әр дәуірде, әр қоғамның болмысы мен түсінік-пайымдауларының ықпалын, олардың өзін көшіріп-санап жеткізді. Әсіресе, феодалдық қоғамның бүкіл шындығын көркемдеп бейнеледі. Қазақ ертегілерінде көбінесе хандық-феодалдық қоғамның өрлігі сабуы арқыдан туындаған. Осы тұста фольклордың барлық жанрымен аралас біртұтас фольклорлық жүйенің құрамында дамыды. Кей келе, ертегілерді жануарлар жайындағы, қиял-ғажайып, батырлық, новеллалық және сатиралық ертегі деп бес топқа бөліп қарастырады [67].

Ә.Қоңыратбаевтың 1991 жылы жарық көрген «Қазақ фольклорының тарихы» атты еңбегінде: «Ертегіге бай елдердің бірі – қазақ халқы. Қазақ фольклорындағы ертегілердің бір алуан түрлері бар» дей келе, қазақ ертегілерді тақырыбына қарай: а) мифологиялық (қиял-ғажайып); ә) жан-жануарлар жайындағы; б) реалистік (тұрмыс-салт) деп бөлуге болатындағын жазған [68]. Ал, М.Әуезов болса, қазақ ертегі тақырыбына қослатын фольклор қорын: қиял-ғажайып ертегілер, хайуанат жайындағы ертегілер, шыншыл ертегілер деп негізгі үш жікке (жанрға) бөліп қарастырады [69].

Аңыз дегеніміз тарихи адамдар жайында айтылатын әңгімелер. Аңыз әңгіме өмірде болған белгілі адамдар туралы, олардың іс-әрекетіне байланысты туындайды. Мұндай адамдардың халық үшін жасаған еңбегі әңгімеге айналып, елдің есінде сақталып отырады. Мысалы, Алдаркөсе, Қожанасыр, Жиренше шеген, Ертеке би, Қазыбек би, Төле би - бұдан жүздеген жылдар бұрын өмір сүрген адамдар болғанымен олар туралы ақпараттар аңыз ретінде қазіргі кезге дейін сақталған. Қазіргі кезеңде де аты аңызға айналған халыққа танымал адамдар да бар. Олардың ерлігі, адамдарға жасаған мейірімділігі мен ақылдылығы, бейшәндігі аңызға айналып, ел арасында таралып жатыр. Аңыз әңгімелердің бастауыш сынып әдебиеттік оқу оқулықтарына ендіру оқушының жас ерекшелігін ескеріп, психологиялық тұрғыда қабылдай алуына байланысты жүзделі.

Мысал дегеніміз қысқа оқиғалы өлеңмен жазылған сатиралық шығарма болып табылады. Оның кейіпкерлері көбінесе жануарлар, өсімдіктер, заттар болады. Мысал жаман әдеттен аулақ болу, жақсы мінез-құлыққа тәрбиелеу мақсатында туындаған әдеби шығарманың бір түріне жатады. Мысалда

оқиғаның басталуы, оның әрбүі мен соңында қысқаша қорытынды ой берілуі тиіс. Мысал өлең түрінде де еркін әңгіме секілді түрінде де беріледі.

Сұқбат немесе сөйлесу дегеніміз ауызша пікірлер алмасу арқылы әлеуметтік, психологиялық, ресми ақпараттар алудың бір жолы болып табылады. Жалпы сұқбаттың өзі түрге жіктеледі: біріншісі-еркін тақырып, сұрақтардың түрі жүзегі қойылмайды; екіншісі-сұқбаттың негізгі объектісі бойынша алдын-ала сұрақтар дайындалып, белгілі бір реттілікті сақтап сұқбат берушіге қойылады. Сұқбат беруші ресми тұлға, дәрігер немесе педагог болуы мүмкін, яғни оның міндетіне қарай жауап беруші тұлға анықталады, оған байланысты шектеулер қойылмайды. Сұқбат берушінің жауап беруінде, сұқбат барысында өзін-өзі ұстауында көңіл-күйі мен ішкі тәжірибелері көрінуі мүмкін, себебі бұл оның эмоционалды фоны болып келеді. Сол себептіде сұқбатты қойылған сұрақ емес, одан алынатын жауап маңызды болып табылады.

Сипаттау мәтіні деп нақты бір заттың немесе үдерістің қынып сипатын тәптіштеп сипаттайтын мәтіннің түрін айтылады. Оның басқа мәтін түрлерінен ерекшеліктері бар: мәтіндегі етістіктер өткен немесе осы кезеңге бертеді, мәтін ішінде сын есім мен үстеулер көңіл-күйді білдіруге арналған етістіктер мен нақты зат есімдер, басқа да заттар немесе үдерістермен салыстырылған кездеседі. Сипаттау мәтінінің объектісі кез келген оқиға немесе табиғат көріністері, адам портреті, жан-жануарлар бола алады.

Биография (басқа грек. βίος-өмір + γράφω-жазу, Әмірбаян) - адамның тарихи, ұлттық және әлеуметтік жағдайында психологиялық түрін анықтауға мүмкіндік беретін бастапқы әлеуметтанулық ақпараттың түрі. Биография адамның тарихын әлеуметтік шындыққа, оның дәуірінің мәдениеті мен өміріне байланысты жасалады. Өмірбаян ауымы көркем, танымал және т. б. болуы мүмкін. Биография әрбір жеке тұлғаға арналып жазылады, оның өмір сүрген жылдары, шығу тегі, алған білімі, елге жасаған қызметі, жұмыс орны мен отбасылық жағдайы, қайтыс болған жері жылы секілді негізгі факторлармен қоса, ол адамның өміріндегі оқиғалар негізіндегі тәжірибесін бейнелейді, өмірінің әртүрлі аспектілерін, субъектінің өмір тарихы мен жеке басын талдауды қамтиды.

1.3 Оқулықтардың негізгі сапалары

Оқулықтар бойынша жүргізілген зерттеулер оқулықтардың әлемдік деңгейде қабылданған әдістемесі немесе өлшемдері жоқ екенін көрсетеді. Мұның басты себебі - бұл оқулықтардың мазмұны әр қоғамның өзіндік мәдени қажеттіліктері мен білімдік түсінігі аясында анықталады. Сараптама жасалғанда мазмұнының берілуінде қателіктер кейде жаттығуларды орындауға байланысты, оқулық мазмұнын түсіндіруде, шартты белгілерді қолдануда кездеседі. Мұғалімге оқытуды жеңілдетуде мұғалімнің ең үлкен көмекшісі болғанымен, бұл үй жағдайында оқулықпен жұмыс жасағысы келетін, үй тапсырмасын өзіндік орындауда оқушы үшін ең алғашқы ресурс екендігі ескерілетін оқыту объектісі оқушы бағытталуы тиіс.

Осы секілді зерттеулердің бірі Г.Граниктің мектеп оқулығының ғылыми зерттеу пәні ретіндегі құрылымы (орыс тіліндегі жаңа үлгідегі оқулық материалында) еңбегінде орыс тіліндегі оқулықтың құрылымы мен функциялары мәселесі ретроспективті аспектіде қарастырылған.

Оқулықтарға ендірілген технологиялар білімді игеру процесінің жаңа іргелі және нақты психологиялық, дидактикалық зерттеулер, лингвистикалық ашылулар жаңа ғылыми бағыттардың пайда болуына ықпал етті, олардың ішінде бірқатарын атап өтуге болады:

- жаңа дидактикалық жүйеде оқыту және дамыту (Л.В.Занков);
- орыс тілін оқыту теориясының психологиялық негіздері (С.Ф. Жуйков);
- дамыта оқыту (Д.Б.Эльман, В.Давыдов, В.Рудцов);
- бағдарламаланған оқыту (Б.Синнер, Н.Краудер, Л.Н.Ланда және т.б.);
- проблемалық оқыту (И.Я.Лернер, А.М.Матюшкин, М.И.Махмутов және т.б.);
- проблемалық бағдарламаланған оқыту (Г.Г.Граник) [70].

Оқулықтың негізгі сапаларын тексеретін немесе оқулықтың баспаға жіберілуін қамтамасыз ететін әрбір мемлекетте арнайы органдар болады. Қазақстанда ондай ұйымдарға ҚР БҒМ мен ҚР Ұлттық экономика министрлігі жатады. Онда бөлек ҚР БҒМ-нің басқарылуымен «Оқулық» атты республикалық ғылыми-практикалық орталығы жұмыс жасайды. Оның негізгі мақсаты білім мазмұнын бағалау және оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендерді сараптау арқылы білім беру сапасын қамтамасыз етуге ықпал жасау.

Оқыту үдерісінде оқулықтың атқарар қызметі күрделі. Дидактикалық, әдістемелік тұрғыдан бүгінгі зерттеулер бойынша сүйене отырып айтсақ, оның атқарар қызметі алуан: а)білімді хабарлау, баяндау; ә)оқушыларды әр түрлі жағдайларға жаттықтыру, алған білімін өмір кәдесіне жарата білуге үйрету; б)өзігілімненді білмекке ынталандыру, қызықтыру; в)сан түрлі хабарларды оқушылардың өздігінен пайдалана алуына жағдай жасау. Оқулық – ғылыми жұмыстың ерекше бір түрі. Ол ғылыми идея мен тұжырымның дидактикалық тұжырыммен тоғысуынан туындайды. Егер де оқу пәнінің мазмұны, соның ішінде оқулық мазмұны сол пәнге негіз болған ғылым заңдылығына ғана, соның логикасына ғана құрылса, онда жақсы оқулық жасалмақ емес. Демек, педагогикалық проблеманы ескермейінше соның жетістіктеріне сүйенбей, иек

артпай, оқулық жасау мүмкін емес. Әрине, мұнан ғылым заңдылығын, оның логикасын, жүйесін ескермеу, елемеу деген ұғым тумаса керек [2].

Қазіргі оқулықтарға қойылар талап та күрделі. Бүгінгі жаңа мектептегі оқулықтар идеологиялық, дидактикалық, эстетикалық, психологиялық, логикалық, тілдік, әдістемелік, полиграфиялық, экономикалық негізгі талаптар биігінде болуы керек. Сондай жағдайда ғана жаңа бітімді оқулық жасай алмақпыз. Оқулық оқушыға ғылым негізін меңгертумен қатар, оны білік, дағдыға, алған білімін өмір кәдесіне жаратуға баулуға тиіс. Бұл оқулықта мақсатты жүйелілікті жүзеге асыруға байланысты. Оқулықта оқушылардың психологиялық ерекшеліктері де ескерілуі керек. Олай болса, психологиялық жүйелілік те оқулықтың сапалы болуының кілті. Оқулықты күрделі құрылым, біртұтас бітім, жүйе дейтініміз де содан шыққан. «Жоғары білікті оқулық – дейді педагог ғалым И.Зверев, - ойлылық пен эмоцияналдықты, ғылым мен көркемдікті, материалды бейнелі баяндаумен ұштастыру үлесі» [71]. Қазақ тілінде оқытатын мектеп ашып, оқулық жазу ісі XX ғасырдың алғашқы 10-15 жылында едәуір жандана түсті. Бұл кезде қазақ балаларының мұғалімдері және қоғамдық-саяси белсенділігі күшті, кітапты шоғыры қалыптасқан еді. Олардың көпшілігі алғашқы қадамдарын мұғалімдерден бастап, ағарту ісіне жетік кісілер еді. Олар халықтың болашағын жас ұрпақты оқытып, оларға жаңаша білім, тәрбие беретін ұлттық мектептерді ұйымдастыра қарастырды.

Қазақ тілінде оқытын орта мектептер мен жекпеген факультеттерге арнап шын мәніндегі сапалы оқулықтар жазған ағартушы ғалымдар: Н.Сауранбаев, І.Кеңесбаев, М.Балақаев, Г.Жұмалиев, С.Аманжолов, Е.Бекмаханов, Б.Кенжебаев, М.Ақынжанов, М.Ғафуллин, Т.Тәжібаевтің, оларға ілесе шыққан дарындар: С.Қирабаев, З.Абдоллаев, А.Нұрқатов, К.Аханов, Ә.Хасенов, Х.Әбілқасымовтың т.б. ғалымдардың еңбегі ерекше.

Жас ұрпақты халқымыздың рухани байлығымен және қазіргі замандық біліммен қарулаңдырып қана қоймай, олардың бойына жаңа сапалы дағдылар мен икемділіктерді дамытуда да жаңа буын оқулықтары үлкен рөл атқарады. Ал мұндай ағымды тарихи мәнге ие міндеттің үдесінен шығу және оны біршама қысқа мерзімде ойдағыдай жеті асыру оңай шаруа емес.

Оқулық шығаруда қажетті объективті және субъективті шарт-жағдайлары сәйкесінше еркениетті елдердің өзінде жаңа оқулықты құрастыра бастаудан оны пайдаланушыларына оқушылар мен оқытушыларға жеткізуге дейін, шамамен, бес жылдай уақыт кететін көрінеді. И.Фогельсон бұл істе оқушының мынадай қажеттерін қамтамасыз ететін оқулық болу қажет деп есептейді: а) ойлы және эмоцияналды түрде ғылыми материалды жеткізу; ә) кітапты таңдап оқуға үйрету; б) күнделікті басылымдардан өтіліп жатқан тақырыпқа байланысты материалдар табу; в) сол материалдарды түсіне және талқылай білу; г) баланың ауызша және жазбаша тілін дамыту. Мұндай жетістіктерге жету үшін оқушының «Танымдық, шығармашылық іскерлігін дамыту қажет» дей отырып, ол оқулыққа қойылатын талаптарды тек оқулықта берілетін материалдармен ғана шектестіреді [72]. Н.Байбуртян оқулық мазмұны мен түсі жағынан тартымды, онда берілетін оқу материалдары балалар түсінігіне ыңғайлы әрі қарапайым болу

қажет деп оқулықтың бала өмірінде аса маңызды рөл атқаратындығын атайды [73]. Ал И.Лернер оқулыққа енетін элементтерді былайша айқындайды: «...жаңа оқыту жүйесін сипаттайтын әрбір оқулық 4 негізгі элементті қамтуы қажет: 1) ақпараттық (вербальды немесе көрнекі құралдары арқылы ұсынылған); 2) репродуктивті, яғни білім мен іс-әрекет әдістерін ұйымдастырушы; 3) шығармашылық іс-әрекетке ынталандырушы; 4) тәжірибені ақиқатқа әлеуметтік тұрғыдан бағытталған эмоционалдық қарым-қатынасты игеруге ықпал етуші» [74]. Оқулық түзуге қойылатын талаптар үш топқа біріктіріледі: 1. Оқулықта берілетін материалдар. Бұл - басты талап. Себебі материалдарды дұрыс таңдап, оларды орын-орнына дұрыс қоя білу балалардың біліміне, сөздік қорына, тілінің дамуына игі ықпал жасайды. Ал материалдарды қалай өту, түсіндіру, қызғылықты өту – мұғалімнің міндеті. 2. Оқулықты безендіру ісі. Дұрыс безендірілген оқулық балалардың кітапқа деген қызығуын арттырып, түрлі медициналық-гигиеналық талаптарға жауап береді. 3. Дидактикалық. Оқулықта берілетін материалдар балалардың оқуға деген қызығуын арттыруға түрткі болуы шарт. Оны жетілдіруде мұғалімдердің алатын орны ерекше, сондықтан сабақта түрлі әдістер қолдану арқылы оқулықтың көмекші серіктерін (көрсетер, диктант, шығарма, мазмұндама жинақтары, сызбалар мен түрлі көрнекілік құралдар, т.б.) дұрыс пайдалана отырып, сабақты өту керек. Құсқынның айтуынша, оқулық түзушіге пәнді терең және жеткі білуін, өзі де әсте жеткіліксіз, оқулық авторы мұның сыртында жан-жақты білімдер, ой-өріс, кең оқымысты, жалпы оқулыққа, оның ішінде өзі жазғалы отырған пән оқулығына қойылатын дидактикалық-әдістемелік талаптардан жете хабарлы адам болуы тиіс.

Оқушылардың жас ерекшеліктері мен психологиясы жөнінде терең түсінігі, бағдарламада көрсетілген білімдерді толық та тұжырымды, тартымды да жүйелі етіп жеткізе алатындай қалам шеберлігі де болуы керек. Бұларға қоса, кейбір пән оқулықтары үшін автордың мақсатты түрде айлар, жылдар бойы жинап-теріп, талғап-іріктеген сапалы да мол материалы болмаса, басқа шарты толық болғанымен, дүстеген мақсатын айдағыдай іске асыра алмауы әбден мүмкін. Оқулық авторына қойылатын талап оқулықтың өзіне қойылатын талаптан әлдеқайда жоғары. Кез келген білімді не зиялы маман автор бола алады деу түсініксіз. Олар арнайы дайындалып, жан-жақты әзірліктен соң барып, оқулық жазуға кіріс алады. Бұл туралы «Оқулықтану. Өзекті мәселелері» атты еңбектің авторлары төмендегіге тұжырым жасайды: «Оқулық теориясын, екінші сөзбен айтқанда, оқулық жазуға қойылатын дидактикалық талаптарды үңіле зерттеп, сол негізде жазбақшы оқулығына қатысты тыңғылықты әзірлік жұмысын жүргізбей тұрып, кім де болса, төтеден килігіп, сапалы оқулық жазып шығам десе, оныңсі – күпіршілік.

Қазақ тілі оқулығына автор болу арнайы дайындығы бар шын шебер ғалым-педагог, қаламгердің ғана қолынан келеді. Сол себепті де осылардан жақсы хабары бар немесе мехнатын өз басынан кешкен кісіге оқулық жазу өте қиын да қызықты, азапты да қуанышты шығармашылық еңбек болса, білмеген кісіге үйде отырып, балаға ақыл үйретудің ар жақ, бер жағындағыдай оңай жұмыс көрінуі де ықтимал» [2, 36-43 бб.]. Қазіргі әлемдік ауқымдағы қайта құрулар, жедел

ақпараттандыру, экономикалық саладағы түбегейлі өзгерістер адамзат қоғамы алдында білім сапасын арттыру қажеттігін туындататыны анық.

XXI ғасыр – білім ғасыры болса, жас ұрпақтың ой-өрісінің даму үрдісін (тенденциясын) заман талабына сай дамыту бүгінгі мектеп құрылысына үлкен өзгеріс енгізді. Жас ұрпақ – егеменді еліміздің есті азаматы болып өссе, ол қам үшін де үлкен мұрат. Ол үшін оқу үдерісі барысында оқушылардың білім деңгейін арттыру, танымдық қабілетін дамыту, ой-өрісін кеңейту жеткіліксіз. Сонымен қатар, оларды бүгінгі күннің сұранысына сай мектеп қабырғасында адамгершілігі мол, отансүйгіш азаматтар ретінде тәрбиелеуіміз керек. Ейтпеді, қазіргі таңда оқушыны пәндік, білім, білік дағдыларының бір жиынтығымен қаруландыру емес, оқу үдерісін қалыптастыру негізінде оқушылардың жеке бас тұлғасын тәрбиелеу мақсаты қойылады. Ең алдымен білім, білік дағдыларын меңгерудің негізі ретінде оқушы дамуы мен тәрбиесінің қамтамасыз ету міндеттерін шешу көзделінеді. Тәрбие – ол жеке тұлғаны дамытуға, қазіргі заманғы мәдениетке сай, жас ұрпақты тәрбиелеуге бағытталған ұстаздың мақсатты кәсіптік қызметі.

Тәрбие – баланы әлеуметтік даму факторы ретінде қабылдап, мәдениеттің барлық қол жеткен табыстарын игеруге мүмкіндік беруге, оның қоғары мәдени деңгейде дамуына әсер ету. И.П.Годлаский тәрбие ұғымын төмендегіше түсіндіреді: «Педагогикалық тар мағынада алғашқы тәрбие белгілі бір тәрбиелік мақсатты жүзеге асыруға бағытталған, тәрбие құжымының нәтижесі» [75]. Ғалымдар Н.В.Бордовская мен А.А.Реан тәрбие ұғымына мынадай анықтама береді: “...тәрбие жеке тұлғаны немесе адамдар тобын қайта өзгерту іс-әрекетінің бір түрі болып табылады. Бұл практика арқылы іске асатын іс-әрекет психологиялық күйде, көзқарасты және сананы, білім мен іс-әрекет қабілеттілігін, тәрбиеленушінің жекелік және құндылық бағдарлауларын өзгертуге бағытталды”. Және де олардың пікірінше, бүгінгі таңда тәрбие ұғымы мынадай мәселелерді қамтиды.

- әлеуметтік тәжірибе мен әлемдік мәдениеттің берілуі;
- жеке адамға адамдар тобына немесе ұжымға тәрбиелік ықпал (тура және жанама);

- тәрбиеленушінің іс-әрекеті мен өмір сүру салтын ұйымдастыру;
- тәрбиеленуші тұлғасының дамуына жағдай тудыру, яғни оған отбасылық мәселелерге, оқудағы қиындықтарда, кәсіби іс-әрекетте немесе қарым-қатынаста көмек көрсету және қолдау [76].

Тіскер-ғалым Н.Ж.Құрманова: «...тану тәрбиенің де, рухани тәрбиенің де түпкі мақсаты – адамшылықты тәрбиелеу. Оның айқын жолы - баланың, жасөспірімнің дүниенің сырын тануға деген құлшынысын ашу, қалыптастыру, дамытып отыру» дей келе, тәрбие берудегі өзіндік деңгейлер бар екенін айтады:

I деңгей – Әлемдік көзқарас, әлемдік құндылық бағыты тәрбиесі.
 II деңгей – Жер шарындағы рухани және материалдық құндылықтарды меңгерту тәрбиесі.

III деңгей – ұлттық шеңбердегі руханият пен материалдық құндылық тәрбиесі.

IV деңгей – отбасылық рухани дәстүр мен материалдық мирас тәрбиесі.

V деңгей – әрбір жеке адамның өзінің дербес рухани әлемі мен материалдық құндылыққа деген көзқарасын қалыптастыру [77]. Ғалымның айтуынша, тәрбиелік үдеріс осы аталған бес деңгейдің айналасында қарастырылуы тиіс. Сондықтан да, орта мектеп алдында негізгі мақсаты – тәрбие әрекетінің қажетті бағытталуын дұрыс ұйымдастыру болып табылады. Білім беру саласында тәрбие мәселесі әрқашан да өзекті, өйткені өскелең ұрпаққа қандай құлықтылық бастауы берілсе, ұрпақтың қандай қоғам құратындығы және болашақта олардың қандай мұраттарды үгіттейтіндігі осыған негізделеді. Және осы жасөспірімді тәрбиелеуді төмендегі бағыттарда жүргізілген дұрыс деп санайды:

- Әлемдік тәрбие беруде Абайдың «27 қара сөзіндегі»: «Бұл ғаламды көрдің, өлшеуіне ақылың жетпейді, келісті һәм қандай лайықты қарастықты заңмен жаратылып, оның ешбірінің бұзылмайтуғынын көресің»

Бұлардың бәріне таңғажайып қаласың һәм ақылың жетпейді, осының бәрі де кез келгендікпенен бір нәрседен жаралған ба, яки бұлардың иесі бір елшеусіз ұлы ақыл ма? Егер ақылменен болмаса, бұлшық бұл қисақпа, өлшеуіне ой жетпейтуғын дүние әрбір түрлі керекке бола жаратылып һәм бірі-біріне себеппен байланыстырылып, пенденің ақылына өлшеу бермейтуғын ылықты көркем законға қаратылып жаратылды» – деген ұлағаты неғидаспа, үйенеміз.

- Жалпы адамзат баласына деген құрметті бағу да Абайдың: «Адам баласын сүй, адам баласы – бауырың» деген ойы кеңестіңия ретінде алынады.

- Ұлттық жан-дүниені қалыптастыру – оқушылардың, болашақ қазақ азаматтарының, санасын Абайдың ізімен: «Қалың елім, қазағым қайран жұртым» дей алатын дәрежеге көтергінен басталады.

- Аймақтық тәрбие – кең-байтақ Қазақстанның әрбір бөлігі – Отанның ыстық топырағы дейтін туындық туынды игі әсерін тигізетіндей ұйымдастырылуын талап етеді.

- Отбасылық тәрбие – ата-ананың, бауырдың, ағайынның қадірін жақсы білетін, сезімтал, сезім арқылы адамзат баласына деген сыйластығы мен сүйіспеншілігін қалыптастыра алатын бала тәрбиелеуге бағытталады.

- Жеке бала тәрбиесі бәрі – әрбір адам өзінің осы Жер бетіндегі өмірінің уақытына сендігін нықтаудан туындайды. Өйткені, осылай тәрбиеленген әрбір адам ғана екінші адамға да дәл өзіндей қарай, бағалай алады. Міне осы аталған бағыттар жасөспірімдерді тәрбиелеудің негізіне алынуы қажет деп санаймыз. Әлемдік тәрбие беруде өскелең ұрпақта әлемдік сананы тәрбиелеу мәселесі білім беру саласында ерекше орын алады. Н.Құрманованың тұжырымдауынша, «әлемдік сананы тәрбиелеу – тым асқақтап кету емес, тұтас дүниетаным қалыптастырудағы негізгі міндет, жүйелік көзқарас қалыптастыру» болып табылады [77].

Қазіргі таңда Қазақстан Республикасының болашақ азаматтарына патриоттық тәрбие берудің көзі де отбасын танып білуден және оны сүюден басталады. Тек отбасында ғана жоғары рухты, білікті де парасатты, отансүйгіш еліміздің болашақ азаматтары қалыптасады. Олай болса, оқушыларға біздің

жазушыларымыз жазған көркем әдебиеттерде отбасылық тәрбие жайлы көптеген мағлұмат беру өте тиімді.

Оқулықтардың негізі сапаларының бірі онда берілетін ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтардың берілуі болып табылады. Сондай зерттеу жұмыстардың бірі Л.Шентюрк пен А.Акташтың құндылықтардың берілуі турғысынан Түркия мен Румынияда оқылатын түрік оқулықтарын салыстыруында 2013-2014 оқу жылындағы Түркия Білім Министрлігінің Баспасы мен Румыния Білім, зерттеулер, жастар және спорт министрлігінің баспасына тиесілі орта мектептегі 6-шы, 7-ші және 8-ші сыныптардың ана тілі болатын түрік тілі оқулықтағы мәтіндерді оқудағы ұлттық және әмбебап құндылықтардың бөліну деректерін контент-талдау әдісімен анықтап, екі ел арасында салыстыру жүргізген. Зерттеу нәтижесінде құндылық тәрбиелеу мақсаттары түрік курсының бағдарламаларына енгізілгенімен оқулықта берілген оқу мәтіндерінің құндылықты беруде жеткіліксіз екендігін анықтаған және зерттеудің мұндай нәтижесі осы секілді зерттеу жұмыстарының нәтижесімен сәйкес келеді. Жалпы адамзаттық құндылықтарды беруде екі елдің оқулығында да сүйіспеншілік пен еңбексүйгіштік, шешім қабылдай алу секілді құндылықтар жеткілікті деңгейде берілгенімен өзін-өзі бақылау мен бадал болу, деңсаулықты сақтау сынды құндылықтар екі елдің оқулықтарында берілмей назардан тыс қалғаны анықталған. Сонымен қатар оқулықтарда ескерілуі қалғаны анықталған ұлттық мерекелерді білу құндылығына көбірек мән беріліп күшейтілуі керек және мұндай мәтіндердің оқулықта берілуі сабақ жоспарындағы күнтізбеге сәйкес келуі керек деп ұсыныс берілген. Сонымен қатар құндылықтарды насихаттау мақсатында оқушыға тіріктіру барысында қазіргі өмір салты мен қоғамда кездесетін проблемаларды ескеріп, назардан тыс қалған ұмытуға болмайтын құндылықтарға көбірек назар аударған жөн депте ұсыныс берілген [78].

Г.А.Баранованың бастауышыны оқушыларында оқулық арқылы тұлғалық әмбебап оқу іс-әрекеттерін қалыптастыру зерттеу жұмысында пән мазмұны арқылы бастауыш мектеп оқушыларының дүниеге деген эмоционалды-құндылық қатынасын қалыптастыру процесі мен бастауыш мектеп оқулықтарында берілуі беру мазмұнының эмоционалды-құндылық компонентін ұғыну жолдары көрсетілген. Зерттеуші жалпы білім берудің негізгі мақсаттарына сәйкес келетін әмбебап оқу іс-әрекеттерінің негізгі түрлерінің құрамын төрт блокқа бөліп алған:

- 1) жеке;
- 2) реттеуші (өзін-өзі реттеу әрекеттерін қоса алғанда);
- 3) талқылық;

4) коммуникативті. Аталған оқу іс-әрекеттерін жүзеге асырушы оқулықтардағы мәтіндер құндылыққа бағдарланған, мотивациялық сипатта болуымен қатар дамытушылық-тәрбиелік дидактикалық функцияны жүзеге асыруға ықпал етуі керектігін, мәтіндерде бағалау болуы керектігін, белгілі бір сезімді білдіруі арқылы сендіргіш немесе эмоционалды-бейнелі стильмен сипатталуы керектігін айтып өткен. Мәтіндердегі құндылыққа бағытталған

материал белгілі бір формада арқылы бекітіледі: шартты, тікелей, жанама, белсенділікке негізделген құндылық түрі. Оқулықта мұндай құндылықтың түрлері төменде берілген іс-әрекеттерді орындау арқылы жүзеге асады: әр түрлі мақсаттағы және типтегі сұрақтар-тапсырмалар; тренингтер мен өздік жұмыстарды ұйымдастыруға арналған жаттығулар, оқу материалдары және т.б. [79].

Қазіргі жаңартылған білім беру оқулықтардың жаңа мақсатқа сай мазмұнын, қызметін, оқу материалдарын берудің әдістемесі мен тәсілдерін айтарлықтай өзгертуді, яғни жаңғыртуды талап етеді. Себебі кез келген мәліметті кез келген жерде алу мүмкіндігі үлкен көлемдегі оқу материалына қолжетімділікті қамтамасыз етіп отыр. Жылдам өзгеретін ақпараттар ағылына оқулықтың мазмұны да, қызметі де сай келуі керек. Осындай жағдайдың қызметін нақты талдаған зерттеушілер С.М.Иманқұлова мен А.Т.Алғировадың оқулық білім берудегі негізгі құрал ретіндегі еңбегінде төмендегідей қызметтер берілген:

1) Оқулықтың ең бірінші қызметі – ақпараттылық. Алдымен таңдалынған ақпараттар экстралингвистикалық, аксиологиялық тұрғыдан (Адам – Тіл – Қоғам – Мәдениет – Әлем) таңдалуы қажет. Демек, тіл мен тілдің әдебиетін қоғамның, мәдениеттің дамуымен байланыстыра қарастыру. Тілдің өмір сүру ортасы, яғни қоғамдағы ортаның ғылымы, экономикасы, техникасы дамыған сайын, тілі де өркендей береді. Тілдік қарым-қатынастың байланыс арқасында жаңа сөздер, сөз тіркестері пайда болады, қолданысқа түседі. Сөздік қор артады. Сондықтан ақпараттық-танымдық материалдар оқулықтарда сұрыпталып, талдаудан өтіп барып берілген жөн. Оқу оқушыларына сай таңдалынған материалдардың мазмұны білім алушыларға ретретімен, анық баяндалуы және қолжетімді болуы керек. Оқулық мазмұны білім алушыны ізденістерге жетелейтін, практикалық қабілеттерін қалыптастыратын тапсырмалардан, жобалардан тұрғы қажет. Таңдалып, сұрыпталған ақпаратта тілдік білімді жетілдіретін жаттығулар, тілдік жарту жұмыстары, тапсырмалар мол болуы керек. Қазіргі оқулық оқу құралдарындағыдай физика, химия, математика және т.б. кез келген салаға қатысты мәтіндерден гөрі сөз мәдениеті, тілдік қарым-қатынаста, тілдік элементтерге негізделген ақпараттардың мол болғаны дұрыс. Тілдік оқытудағы негізгі басты мақсаттан ауытқымау керек. Ақпарат мазмұны шынайы болуы керек. Қазіргі таңдағы білім алушы цифрлық қондырғылардың көмегімен кез келген жерде, кез келген көлемде және қолайлы түрде қарамай-айшылыққа толы сан алуан мазмұндағы ақпаратқа қол жеткізеді. Педагог ақпараттар ағылына сыни тұрғыдан қарап, шынайы құнды мәліметтерді қажетсізін ажыратып алуға көмектесуі керек. Қазіргі қазақ тілі оқулықтары мен оқу құралдарында жоғарыда аталған қызмет мүмкіндігінше қарастырылған. Соңғы еңбектерде тілді таныммен байланыстыра қарау, тілдің коммуникативтік, когнитивтік, прагматикалық қызметтеріне мән берілген. Ақпараттар жеткілік ті, жан-жақты. Алайда, мәтін таңдауда, сұрып тауда кемшіліктер кездеседі. Ғылым мен техниканың артқан заманында мәтін қызметін, негізгі қасиетін, маңыздылығын түсіну, оны қарым-қатынастың негізгі өңдеу нысаны етіп алу үшін зерттеу жұмыстарын жасау қажеттілігі туындайды. Екінші қызметі –

жүйелілік. Білім алушы оқулықтағы ақпараттың қандай бөлігі маңыздырақ екенін, қайсысы оңай игерілетінін, қайсысы қосымша екенін өздігінше ұғына алуы керек. Сабақ арасындағы байланыс, сабақтастық сақталуы керек. Алдында өткен сабақтағы тілдік материалдар келесі сабақтарда қайталау түрінде болса да көрініс табуы керек. Тілді үйретуге арналған материалдар деңгейге сай сұрыпталуы, жүйелі түрде берілуі керек. Грамматикалық тапсырмалар да лексикалық тапсырмалар да белгілі бір жүйемен реттелуі керек. Қазіргі орыс аудиториясына арналған оқу құралдарын ашып қалсаңыз, қазақ тіліне арналғанын, болмаса басқа пәнге арналғанын ажырату қиын. Тілді меңгеруге арналған лексикалық тақырыптар барлық саланы қамтиды: информатика, тарих, биология, география, физика, химия, математика және т.б. Ал сол пәндердің мазмұнын қарасаңыз, тілге арналған материал таппайсыз. Алдыңғы буында өкілдері сияқты тілдің жан-жақты қырларын ашағын тақырыптарда неге алмасқа? Неге аспан әлемі, географиялық кеңістік болмаса физикалық шама, элементтердің химиялық қасиеттері қазақ тілі оқулығында жүрмі керек? Ол мақсатқа арналған «Кәсіби қазақ тілі» бар, осы пәнде әр саланың өзіне тән лексикасы, терминологиясы қарастырылады. Ал грамматикалық тақырып пен лексикалық тақырып арасында жүйелілік сақталмауы бермейді. Мәтін грамматикалық құрылымдарды меңгерту, коммуникация орнату және т.б. үшін беріледі. Сондықтан сол грамматиканы түсіндіріп, оның қолдануы үшін мәтін соған ыңғайлап, сұрыпталып, өңделуі керек. Алдыңғы аға буындардың еңбектеріндегі сияқты тіл үстоту, жаттықтыру жұмыстары жыл өткен сайын азайып барады. Сыни ойлау, мағдаяттық тапсырмалар тек тілді белгілі бір деңгейде меңгерілген сәт беріледі де жетеді. Оқу құралының әдістемелік аппараты да интерактивті тәсілдерге сәйімделген, ал иллюстрациясы тартымды, жоғары эстетикалық талаптарға сай болуы керек.

2) Үйретушілік және бақылаушылық. Қазіргі заманның мұқтажына жауап беретін білім берудің мақсаттары ЮНЕСКО-да «Білім беру барлығы үшін» қозғалысының «Төрт бағаны» ретінде сипатталған, атап айтқанда: өмір сүруді үйрену; білімді үйрену; істей білуді үйрену; қатар өмір сүруді үйрену. Оқулықта өмірдің шынайы бейнесі көрініс табуы және ол сенімді ақпаратқа құрылған дұрыс. Өмірде басқа, кітапта басқа ақпараттарды игеру тіл үйренуші үшін өмір сүру барысында қиындық туғызатыны рас. Яғни, аутентті материалдарға мән берілгені жөн. Сол материалдар арқылы тіл үйренуші ойланады, салыстырады, өз бетінше талдау жасайды. Ненің дұрыс, ненің бұрыс екенін үйренеді. Оқулық арқылы білім алушы осы нәрселерге қол жеткізуі, өзін-өзі бақылауды жүзеге асыруы керек. Ал оқулық авторы мұндай материалдарға қол жеткізуі үшін ізденуі керек. Оған шығармашылықпен айналысатын уақыт керек. Қазақ тілі оқулықтары, оқу құралдары авторлары профессорлар З.Күзкова мен З.Ерназарованың кітаптарында мәтін тандау, материалдарды жүйелеп беру өте сәтті берілген, үлгі аларлық дүниелері жеткілікті.

3) Бағыттаушылық және ұйымдастырушылық қызмет. Ақпараттарды игеру мен жүйелеу білім алушыдан белгілі бір шеберлік пен дағдыны талап етеді: оқулық жүйелі ақпаратты қана қамтымайды, сонымен бірге оны қабылдау,

меңгеру және қолдануға да оқытады. Оқулықтағы тапсырмалар дайын күйінде беріле салмай, оқушыға бағыт беру мақсатында, іздену мақсатында құрылса тиімділігі артады. Лингвисттердің пайымдауынша, қазіргі оқушы материалды зейін қоя тыңдай алмайды; материалды жаттай алмайды және ұзақ есте сақтамайды; салыстыру және талдау жасауда қиналады; тез шешім шығару мен тұжырым жасауда қиналады. Осындай кемшіліктерді болдырмау үшін тілдік тұлғаның бар ынтасын, назарын аудартатын, ойын бір ортаға шоғырландыратын тапсырмалар мен жаттығуларды қарастыру қажет. Орыс аудиториясы үшін қазақ бөлімінің білім алушыларының өзі осындай кедергілерге жолығатымын. Сондықтан қазіргі заманға сай визуалды тапсырмалар: сызба тірек, анимация т.б. түрде, түрлі аудио-видео тапсырмалар көбірек қамтыла, оқулық тілдік сұранысқа сай болмақ. Қазақ тілі оқулықтарында соңғы он жылдар шамасында беріліп жүрген жағдаяттық тапсырмалар белгілі бір бағыт бағдар алуға өзіне қажетті білімді таңдауына, оны практикада бетіне алуға негізделеді. Тіл үйренуші алған тілдік білім бойынша жетістігі мен кемшілігі уақытында анықтап, себеп-салдарын талдауға үйренуі керек. Яғни, оқулықтың бұл қызметі тіл үйренушінің ойлау қызметінің даму деңгейін анықтауға тіл үйрену барысындағы жеткен жетістіктеріне сараптама жасауға көмектеседі.

4)Тәрбие берушілік және дамытушылық. Қазан тілі арқылы қазақ халқының бет-бейнесі көрініс табады. Ғасырлар бойы қалыптасып келе жатқан ұлттық тәрбие, озық өнегелі дәстүр, адами құнды қасиеттер оқулық мазмұнында міндетті атрибуттардың бірі болып табылады. Ұлы ғұлама Әбу Насыр әл-Фараби айтқандай: «Тәрбиесіз берілген білім – адамзаттың қас жауы». Қазіргі таңда бірнеше тілді білетін, білімі мен біліктілігі жоғары маман жастарды көріп жүрміз. Өкінішке орай, сол жастардың ішінде өз ана тілін меңгеруге құлықсыз, өзінің тамырына терең бойлап алмайтынлар да кездеседі. Тәрбие үш нәрсе арқылы беріледі: ата-ана, қоршаған орта және білім. Оқулық пен оқу құралының мазмұны білім алушының қабілетіне сай жеке тұлға ретінде қалыптастыруға және жетілдіруге бағытталуы керек. Оқулық авторының негізгі мақсаты да сол – білім беріп отырып еліміздің ұлтжанды, патриот азаматын тәрбиелеуге, жеке тұлғаның жақсы қасиеттерін дамытуға ықпал ету [80].

2 ЕКІНШІ СЫНЫПТЫҢ «АТАМҰРА» ЖӘНЕ «АЛМАТЫ КІТАП» БАСПАЛАРЫ БОЙЫНША «ӘДЕБИЕТТІК ОҚУ» ОҚУЛЫҚТАРЫН ЗЕРТТЕУДІҢ ӘДІСТЕМЕЛІК НЕГІЗДЕРІ

2.1 «Әдебиеттік оқу» оқулықтарында болуы қажетті ақпараттар мен қолданылған қағаз түрі, парақтар саны, оқулықтың түптелуі

Оқулықтар - бұл білім алушылардың өз бетінше білім алуы үшін дайындалған жазбаша материалдар, ол елдің білім беру саясатын жүргізіп, мемлекеттік білім беру стандарттағы бастауыш оқыту бағдарламасына сәйкес курс пәндері туралы ақпаратты дәйекті және нақты түрде беру тиімді. Оқулықтар үнемі оқытуды қамтамасыз ететіндіктен ондағы таңдап алынған мәтін түрлері, санына қарай қатысымы пәнді оқытуда маңызды болып табылады. Себебі білім беру бағдарламасындағы бағалаудың мақсаттарын, мазмұнын, критерийлері мен сипаттамаларына сәйкес келетін ақпарат оқулықтарда сүйемелі түрде қамтылған.

Оқулық оқырманның жасына және білім деңгейіне сәйкес келетін когнитивті және аффективті дағдылармен бағаланатын барлық мәтіндерден тұратын, оқу жоспарларына негізделген принциптерге сәйкес баспамен мемлекеттік стандарт негізінде дайындалған оқу процесінде қолданылатын мемлекеттік білім беру құжатының бір түрі. Құжат – мәліметтердің, дәлелдердің, құбылыстардың, тіршілік иесінің шындық немесе психикалық белсенділігінің проблемаларын қағаз көмегімен жүзеге асыратын негізгі мәліметтерді беру тәсілі болып табылады. Құжат мазмұны толық зерттелу үшін құжаттарды сканерлеу және құжаттарды мазмұнды талдау әдістері жүргізіледі. Құжаттарды сканерлеу әдісімен жасалған жұмыс құжатпен жұмыста қолжетімділікті қамтамасыз етеді және олармен жұмысты тиімді ұйымдастыруға мүмкіндік береді. Құжаттарды мазмұнды талдау құжаттарды сканерлеу әдісінен кейін жүргізілетін, орын алған мәтіндердің мазмұнымен санын және түрлерін дұрыс анықтауға мүмкіндік беретін талдау әдістерінің бірі. Талдау нәтижесі статистикалық өңдеу арқылы беріледі.

Осындай мақсатты негіз еткен зерттеулердің бірі Е.Йылдыздың Германия мен Түркияда орта мектепте оқытылатын тіл және әдебиет оқулықтарын салыстырғы (Берлин қаласы мысалы негізінде) еңбегінде [81] оқулықтардың сыртқы құрылымына байланысты неміс оқулықтарының беттері сапалы қағаз материалдарымен жасалғаны, ал мұқабаның дизайны кітаптың мазмұнына сәйкес келгені анықталған. Жәнеде зерттеу барысында анықтағандай түрік оқулықтарының беттері сапалы қағаз материалдарымен жасалмаған, ал мұқабаның дизайны кітаптың мазмұнына сәйкес келмеген. Ал А.Д.Ескименнің Түркия мен АҚШ үлгісінде 9-12 сынып әдебиет оқулықтары бойынша салыстырмалы зерттеу еңбегінде Түркия мен АҚШ-тағы (Индиана штаты) түрік әдебиеті оқулықтарының арасындағы ұқсастықтар мен айырмашылықтарды анықтауға бағытталған. Зерттеу нәтижесінде Түркия оқулығы бойынша оқулықтың мұқабасы жіңішке, түрлі-түсті картоннан жасалған. Оның қағаздары

ақ түсті және жыртылуы мүмкін. Толық 207 бетті құрап, 204 және 206 беттері сөздік пен библиографияға арналған. Соңғы екі беттегі Түркия мен түрік әлемі картаға енгізілген. Әр түрлі жазушылар мен ақындардың есімдері шеңбер түрінде жазылып, мұқабасында қоңыр мұқаба қолданылады. Оқулық парағының өлшемдері: 11 x 8,5 см, салмағы: 1 кг құраған. Америка Құрама Штаттары оқулығы бойынша мұқабасы қалың түсті картоннан жасалған. Жалпы оқулық 1416 бетті құраған. Индиана 9-сынып әдебиеті оқулығы өте қалың және көлемді. Оқулықтың қалың және көлемді болу себебі, оқулықтарға барлық жағдайдағы мамандар кіреді; бұқаралық ақпарат құралдары, технологиялар оны әр салаларымен және т.б. өте көп мәтінді ескере отырып дайындалған. Оның қағаздары сапалы жылтыр және қайта өңделген ақ, икемді және берік тері болып шыққан. Мұқабаның дизайнында қызғылт сары түс пен табиғат ландшафты қолданылады. Мұқабасында және ішкі мұқабасында кітаптың Индиана штатына жататындығын көрсететін «Индиана» деген жазу бар. Кітаптың 1234 бетінен кейін орналастырылған «Оқушылар ресурстар банкі» (1-163 беттер аралығында) бөлімінде студенттердің оқу, жазу, сөйлеу, тыңдау, грамматикалық және медиа дағдыларын жақсарту бойынша ақпарат пен стратегиялар қамтылған. 102-ші беттен бастап әдеби бөлімнің сөздігі, жалпы сөздік, алтыншы және испанша сөздік, индекс бар, мақалалар мен жұмыстардың шығарушыларының арқасында әр бөлімше бар. Оқулықтың парағының өлшемдері: 10,2 x 8,5 см, салмағы: 2,2 кг құраған. Индиана штатының ішкі мұқабасындағы оқулықта кітап авторлары, баспа орны, жыл сияқты ақпарат бар. Келесі бетке «Мазмұн кестесі» бөлімі орналасқан. Мазмұн бөлімінен кейін кітапта жазу бойынша таңдалған мәтіндер мен атаулар берілген. Кітаптың 1-7-ге дейінгі беттерінде Индиана штатының жалпыға бірдей негізгі стандарттар қабылданғанға дейінгі ағылшын тілі өнері курсының стандарттары енгізілген. Түркия оқулығы, кітаптың ішкі қақпағынан кейінгі авторы, шыққан орны, жыл сияқты мәліметтер бар. Келесі бетке кітап редакторының атауы, бағдарламаны әзірлеу, бағалау және бағалау, басшылық пен кеңес беру бойынша шағаршылар және визуалды дизайн бойынша маман кіреді. Содан кейін Түркияның Мемлекеттік Әнұраны, Ататүріктің жастарға үндеуі және Ататүріктің суреті енгізілді. Мазмұн парағынан кейін кітаптың бөлімдері болып табылатын дайындық, талдау, түсінуді түсіндіру, сынып ішіндегі жұмыс, мектептен тыс жұмыс, бағалау және бағалау тақырыптары беріледі [82].

М.Э. Стеблердің Түркия мен Швейцариядағы орта мектеп оқушыларының ана тілін оқыту бойынша оқулықтарды салыстыруында Швейцария мен Түркияда орта мектеп оқушыларының ана тілін оқытуда қолданылатын оқулықтардың шеберлік салалары тұрғысынан салыстыру жүргізілген. Швейцарияның оқулықтарында алғысөздер мен кітап туралы пікір білдіргісі келесіндерге арналған элеуметтік мекен-жайы қалдырылғанын анықтаған. Төртінші оқулықта элеуметтік мекен-жайдың қалдырылуы мен алғы сөздердегі шынайы, жігерлендіретін стильді ұсыну студенттерге өздерін маңызды сезінуге, өздері мен олардың ойлары бағаланады деп білуге, осылайша өз-өзіне деген сенімділікке, дамуға және ең алғашқы беттен оқулыққа деген оң көзқарас танытуға мүмкіндік береді деп өз ойын атап көрсеткен. Мысалы, жазуды

үйреніп, басқа тілді меңгерген, грамматика туралы алған әсерлерімен бөліскен оқушылардың көзқарастары, естеліктері мен әсерлері кітаптың мұқабасында қамтылған. да әртүрлі адамдардың жазбасы бар екендігі байқалады. Ал Түркиядағы оқулықтарда ешқандай кіріспе не әлеуметтік мекен-жайды болмауы анықтаған және зерттеу нәтижесінде Швейцария мен Түркиядағы кітаптар пішіні мен дизайны жағынан әр түрлі болып шыққан. Оқулық баспасына целлюлоза қағазы қолданылған кезде, швейцариялық кітаптарда бірінші сапалы қағазға басымдық берілгенін анықтаған. Ал түркиялық оқулықтардың көрнекі бейнелі берілуінде кейбір беттер қаранғы суреттермен берілгенін анықтаған [83].

Оқулықтың пішімі мен дизайнын талдауда Чалықтың сыныпландырма әдісі қолданылды:

1. Жалпы көрінісі:

- а) өлшемі,
- ә) көлемі,
- б) бет саны,
- в) қағаз сапасы,
- г) оқулық мұқабасы.

2. Көрнекі материалдар:

- а) кестелер мен сызбалар,
- ә) суреттер,
- б) түстердің қолданылуы.

3. Қаріп:

- а) қаріп өлшемі [84].

Гүнештің «Ders Kitaplarının İncelenmesi» атты еңбегінде оқулықтарды:

1) оқулық беттерінің ашылуымен бірге парақтардың жылтылуы да оңай болатын спиральді түптеу,

2) оқулық беттерінің ашылуы спиральді түптелуге қарағанда қиын және парақтардың ыдырауы екітмалдыны жоғары картонды түптеу,

3) оқулық ұзақ қолданылатын бірақ үнемді емес матамен түптеу секілді түптеудің үш түрін қолданылады деп жазады [85].

Оқулықтардың жоспарларында берілген тақырыптарға тән жоспарлы және елгілі бір тәртіппен зерттелген ақпарат көзінің негізгі ортамы болып табылады. Оқулық жалпы физикалық ерекшеліктері, білім беру дизайны, көрнекі бейнеленуі мен тіл, түсіндіру, өлшеу-бағалау сынды төрт критериймен бағаланады. Оқулықтар әзірленген тілге және білім беру жүйесінен туындайтын айырмашылықтарға сәйкес әртүрлі болуы мүмкін [86].

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 19 тамыздағы № 611 бұйрығымен бекітілген оқулық басылымдарына қойылатын гигиеналық нормативтерде бір оқулықтың жалпы салмағы 1–4 сынып оқушылары үшін 300 граммнан аспауы тиіс. Және бұл талаптың орындалуын ҚР Тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігін бақылау комитеті төрағасының орынбасары Бекшин Жандарбек Мухтарұлы да атап еткен болатын. Оқулық басылымдарын дайындауға арналған қағаз баспа мәтінінің

жақсы көрінуін қамтамасыз етуі керек. Оның шағылысу коэффициенті 70%-дан 80%-ға дейінгі ақ немесе кішкене сарғылт түсті қағаз қолданылады. Газет қағазы мен жалтылдаған жылтыр қағаз қолданылмайды. Қағаздың беті тегіс, таза, дақсыз, біркелкі, айтарлықтай жылтырсыз жасалған. Қағаз тиісті беттегі немесе парақтың артқы жағындағы баспа мәтінін көрсетпеуі керек. Оқулық басылымдарында: тақырыптардан басқа жіңішке жазылған; негізгі мәтін үштік курсивпен жазылған; 1-4 сыныптар үшін басылымдарда дөңгелектенген әріптердің көлбеу осі бар қаріптерді қолданбайды. Мәтінді түрлі-түсті және сұр фонда және (немесе) көп бояулы иллюстрацияларда басып шығару кезінде фонның оптикалық тығыздығы 0,3 мм-тан аспайды. 1-4 сыныптарға арналған оқулық басылымдарында түрлі-түсті фонда мәтінді басып шығару кезінде қаріптің кеглі негізгі мәтін қарпінің кеглінен 2 пунктке артық, қысқартылмағандық көбейту - кемінде 2 пункт көзделеді. 1-4 сыныптар үшін оқулық басылымдарында мәтінді бөлу үшін үштен артық немесе түрлі-түсті бояу қолданылады. Оқулық басылымдарындағы негізгі мәтін қарыпты ашық жазылатын түзу қаріппен теріледі. Қаріпті жіңішке жазу қолданылмайды. Мәтіндегі сөздер мен сөз тіркестерін бөлуді түзу жартылай майлы немесе майлы қаріппен теру ұсынылады; ашық немесе жартылай майлы курсивке жол беріледі. Сиректетіп теру тек жекелеген сөздер үшін көзделеді. Оқулық басылымының тақырыбын теру үшін титулда 20 және одан жоғары кегель ұсынылады. Иллюстрацияларға жазылатын сөздер 12 пункттен кемі емес кеглі бар қаріппен безендіріледі және иллюстрация шетінен кейінненің айқын шетінен кемінде 12 пункт қашықтықта орналасады. 1-4 сыныптарға арналған оқулық басылымдарында сурет астындағы жазылған сөздер үшін кеглі кемінде 12 пункт қаріп қолданылады. Оқулық басылымдарын түптеу аз ластанатын тығыз (қатты интегралды) материалдан көзделеді. Қызылмен қайып тігу - бекіту тәсілін пайдаланбайды. Көлемі 12 баспа параққа дейінгі оқулық басылымдары үшін (бастауыш сыныптарынан басқа) мұқаба ретінде полимерлі жабыны бар қағаз немесе тоқылмаған негіздегі түптеу материалын қолдану ұсынылады, ал көлемі 6 баспа парақтан аспайтын құрылдар үшін кітап тыстайтын қағаз қолданылуы мүмкін [87].

Зерттеу жұмысында құжаттарды сканерлеу және құжаттарды мазмұндық талдау әдісі көмегімен 2 сыныптың әдебиеттік оқу пәнінің Атамұра және Алматыкітап баспаларының «Әдебиеттік оқу» оқулықтарындағы тарауларға, мәтін саны мен мәтін түрлеріне мазмұндық талдау жасалынды.

Деректерді жинау құралы ретінде алынған жалпы білім беретін мектептің 2 сынып Атамұра баспа оқулығы ҚР БҒМ 2018 жылғы 2-4-сыныптарына арналған «Әдебиеттік оқу» пәнінен жаңартылған мазмұндағы оқу бағдарламасы бойынша жасалған [34], Алматыкітап баспа оқулығы ҚР БҒМ 2013 жылғы 2-4-сыныптарына арналған «Әдебиеттік оқу» пәні бағдарламасы бойынша жасалған [35].

Алматыкітап баспа оқулығының 2-сынып бойынша әдебиеттік оқу оқулығына сыртқы құрылымына талдау:

- а) Өлшемі: 18,5*22,5 үлкен өлшемде, салмағы 369 граммды құрайды.

ә) Түптелуі: оқулықтарды баспа сапасы бойынша зерделегенімізде оқулық парақтары бірдей өлшемде, оқулықта түстер гаммасы әртүрлі, оқулықтың ішкі беттері тегіс.

б) Бет саны: 216 беттен тұрады.

в) Қағаз сапасы: қағаз түсі ақ, текстурасы тегіс. Қағаз сапасы жоғары. Мұқабасы картоннан түптелген.

г) Оқулық мұқабасы: оқулық мұқабасында оқулықтың атауы, баспа түрі мен сыныбы жазылған.

Ішкі мазмұнында титул бетінде оқулықтың атауы, авторлары фамилиясы толық көрсетіліп, аты-жөндерінің бас әріптерімен берілген, оқулық арналған сыныбы мен оқулықты қолдана алатын мектебі жазылған, баспа үйінің атауы, дайындалған жері мен жылы орналасқан. Екіншісінде оқулықтың ӘОЖ және КБЖ номерлері қарапайым қаріппен жоғары бөлігінде және төменгі бөлігінде қалың қаріппен берілген, оқулықта берілетін шартты белгілердің бейнеленуі мен атауы, авторларының фамилиясы толық көрсетіліп, аты-жөндерінің бас әріптерімен берілген, ISBN нөмірі мен оқулықтың сілтемесі жазылған. Үшінші бетінен бастап оқулық материалы басталып кеткен. Оқулық мазмұнына соңындағы 6 бетке сыйдырылып берілген. Өңдеу бетінде оқулықтың басылым, авторлары аты-жөні мен тел. толық жазылған, оқулықтың атауы мен оқулық арналған сыныбы мен оқулықты қолдана алатын мектеп деңгейі, оқулық даярлауда атсалысқан жауапты тұлғалар редактор, редактор, редактор, редактор редактор, суретшісі, мұқабасы безендіруші компьютерде беттеуші фамилиясы толық көрсетіліп, аты-жөндерінің бас әріптерімен жазылған. Басып шығаруға ерілген күні, пішімі, есеілік баспа табағы, таралымы мен тапсырыс нөмірі көрсетілген. Оқулық сапасының толық атауы, мекен жайы мен электронды почта мекен-жайы байланыс нөмерлері мен оқулықты сатып алуға болатын Қазақстан бойынша мекен-жайларымен байланыс нөмерлері, баспаның арнаулы сайты да көрсетілген.

Атамұра баспа оқулығының 2-сынып бойынша әдебиеттік оқу оқулығына сыртқы келісіміне талмау:

а) Өлшемі: 20*25 үлкен өлшемде, салмағы 334 граммды құрайды.

ә) Түптелуі: оқулықтарды баспа сапасы бойынша зерделегенімізде оқулық парақтары бірдей өлшемде, оқулықта түстер гаммасы әртүрлі, оқулықтың ішкі беттері тегіс.

б) Бет саны: 2-ші сынып «Әдебиеттік оқу. 1-бөлім» оқулығы 128 беттен, «Әдебиеттік оқу. 2-бөлім» оқулығы 128 беттен тұрады.

в) Қағаз сапасы: қағаз түсі ақ, текстурасы тегіс. Қағаз сапасы жоғары. Мұқабасы картоннан түптелген.

г) Оқулық мұқабасы: оқулық мұқабасында оқулықтың атауы, баспаның эмблемасы мен сыныбы, бөлімі көрсетілген.

Ішкі мазмұнында титул бетінде оқулықтың атауы, авторлары фамилиясы толық көрсетіліп, аты-жөндерінің бас әріптерімен берілген, оқулық арналған сыныбы, бөлімі мен оқулықты қолдана алатын мектеп деңгейі жазылған, баспа үйінің атауы мен эмблемасы, дайындалған жері, оқулықты басып шығаруға

рұқсат берген мекеме мен жылы орналасқан. Екіншісінде оқулықтың ӘОЖ және КБЖ номерлері қарапайым қаріппен жоғары бөлігінде және төменгі бөлігінде берілген, оқулықтың негізі сүйеніп жасалған бағдарламасы, оқулықта берілетін шартты белгілердің бейнеленуі мен атауы, оқулықтың бөлімі, авторының фамилиясы толық көрсетіліп, аты-жөндерінің бас әріптерімен берілген, ISBN нөмірі мен оқулықтың сілтемесі жазылған. Үшінші бетінде алғы сөз берілген онда оқулықтың маңызы мен атауының мағынасы мен алғысөздің авторы оқулықтың авторы ретінде берілген. Төртінші бетінен бастап оқулық материалы басталып кеткен. Оқулық мазмұнына соңындағы 4 бетке сыйдырылып берілген. Ең соңғы бетінде тек оқулықтың басылым, авторлары аты-жөні мен тегі толық жазылған, оқулықтың атауы, бөлімі мен оқулық арналған сыныбы мен оқулықты қолдана алатын мектебі, оқулық даярлауда атсалысқан жауапты тұлғалар-редакторлары, көркемдеуші мен техникалық редакторы, суретшісі, корректоры, компьютерде беттеушінің фамилиясы толық көрсетіліп, атының бас әріптерімен ұсынылған. Алматыкітап баспасының оқулығына қарағанда баспа туралы толық мәліметтер берілмеген.

2.2 «Әдебиеттік оқу» оқулықтарындағы тараулар, тарауларда орын алған мәтін түрлерінің ұқсастықтары мен айырмашылықтары

Оқулық оқушылардың жасына және оқу дәрежесіне қарай берілген мәтіндерден тұратын, оқу бағдарламасындағы шарттарға сәйкес дайындалған баспа және оқыту материалы болып табылады. Аталған сипаттамаға сай дайындалған оқулық оқу, жазу дағдыларын игеруде маңызды орын алады. Себебі алғашқы оқу, жазу дағдылары (оқу, жазу, сөйлеу, тыңдау) мәтінге сай әзірленген тапсырмалар арқылы жүзеге асады.

А.Куралбаева мен Х.Ақйолдың «1 сынып «сауат ашу» және «türkçe ders» оқулықтарындағы тақырыптар мен мәтін түрлерін салыстырмалы зерттеуі» атты мақаласында: «Оқулық – оқушылардың жасына және оқу дәрежесіне қарай берілген когнитивті, аффективті құзыреттіліктерін қалыптастыруға арналған мәтіндерден тұратын, оқу жоспарларына негізделген принциптерге сәйкес дайындалған баспа және оқыту материалы» [88] деп анықлама берілген. Аталған сипаттамаға сай дайындалған оқулық оқу, жазу дағдыларын игеруде маңызды орын алады. Себебі алғашқы оқу, жазу дағдылары (оқу, жазу, сөйлеу, тыңдау) мәтінге сай әзірленген тапсырмалар арқылы жүзеге асады. Тіл үйрету туралы сөз болғанда оқу бағдарламалары мен оқулықтар үшін мәтінді таңдау маңызды мәселе болып табылады. Тіл үйретуде таңдалатын мәтіндер мен оқулықтар үшін таңдалып алынатын мәтіндердің мазмұндық өркениеті мен сапасының жоғары болуы маңызды.

Т.М.Әбдікәрімова 2007 жылғы мәтін және «Ана тілі» оқулығы мәтіндемесін құраудың теориясын жазуда мәтіннің негізгі белгілерін «Оқулықтағы берілетін кез келген мәтін – өте күрделі тілдік құрылым. Осы құрылымды айқындайтын басты белгілері – жүйелілік және тұтастық. Мәтіннің тұтастық категориясы сол мәтінді қорытып, маңызын анықтайтын пайда болатын, оның дәйекті тұсымен тәуелділікте болса да оның бір тұтастығы қиын бөлімдерді құрастыратын тілдік механизмнің белгілі әдіс-тәсілдерімен ұйымдасуынан көрінеді» [89] деп сипаттама берген.

Зерттеу жұмысының «Атамұра және Алматыкітап баспалары бойынша «Әдебиеттік оқу» оқулықтарындағы орын алған тарауларға мазмұндық талдаулар жасау» міндеті бойынша зерттеу нәтижелері кесте 2-де берілген.

Кесте 2 – Екінші сынып әдебиеттік оқу пәні Атамұра және Алматыкітап баспа оқулықтарындағы тараулардың тақырыптарын салыстыру

	Атамұра баспасы, 1,2 бөлімдері	№	Алматыкітап баспасы
1	Білім туралы	1	Білім керек бәріне
2	Менің отбасым және достарым	2	Атадан қалған асыл мұра
3	Менің мектебім	3	Неткен сұлу, неткен көркем, осы менің туған өлкем!
4	Менің туған өлкем	4	Қыста талай қызық бар
5	Дені саудың-жаны сау	5	Қадірлі әкелерім, Мейірімді

			аналарым
6	Салт-дәстүр және ауыз әдебиеті	6	Адам болам десеңіз
7	Қоршаған орта	7	Бабалар өмірі-ұрпаққа өнеге
8	Саяхат	8	Туған өлке табиғатын қастерлейік

Кесте 2-де берілгендей 1-тарау бойынша Атамұра баспасының «Өзім туралы» бөлімінде оқушыға байланысты 15 тақырып берілген. Оның ішінде Алғаш рет оқуға келген күнім, Менің сүйіп тындайтын әндерім, Үйдегі бір күнім, Өзім туралы өзім айтамын, Мен туралы сен не айтасың?, Менің өмірі кезім, Мен ұнататын жан-жануарлар, Менің сүйікті тағамым, Менің киімдерім тақырыптары арқылы тарау мазмұны ашылған. Ал, Алматыкітап баспасының «Білім керек бәріне» бөлімінде оқудың қажеттілігі, мектеп мұғалімдерінің түсіндіру бойынша 16 тақырып берілген. Оның ішінде Білім керек бәріне, Мектеп біздің анамыз, Оқуға құмарлық, Оқымысты бала, Үлкендері сабақ, Мұғалім, Кітап тақырыптары арқылы тарау мазмұны ашылған.

2-тарау бойынша Атамұра баспасының «Менің отбасым және достарым» бөлімінде отбасы мүшелері, отбасы құндылықтары, достық қатынасқа байланысты 12 тақырып берілген. Оның ішінде Менің отбасындағы адамдар, Әжетайым менің, Мәпелейсің мені анам, Жеті адамды білімін, Ата-анамды құметтеймін, Кішілерге қамқормын, Үлкендерді тыңдаймын, Досыммен мақтанамын, Құстар - біздің досымыз тақырыптары арқылы тарау мазмұны ашылған. Ал, Алматыкітап баспасының «Атадан қалған асыл мұра» бөлімінде ата-бабалар өсиеті, ұлттық құндылықтар, Қазақ халық ауыз әдебиетінің үлгілеріне байланысты 18 тақырып берілген. Оның ішінде Бұқар жыраудан, Төле бидің батасы, Хан мен сырым, Қожан сыр туралы әңгімелер, Бесік жыры, Жеті қазынананьң бірі, Мұшад және Тұрт түлікке кеңесі тақырыптары арқылы тарау мазмұны ашылған.

3-тарау бойынша Атамұра баспасының «Менің мектебім» бөлімінде мектеп, мұғалім, сынып, мектеп жұмысы, оқулыққа байланысты 10 тақырып берілген. Оның ішінде Мектеп біздің анамыз, Ақылшым - мұғалім, Менің сынып достарым, Біздің сынып, Аламын білім кітаптан, Мектептегі бір күнім, Мектепке барып келмін, Мектептегі қамқор жандар тақырыптары арқылы тарау мазмұны ашылған. Ал, Алматыкітап баспасының «Неткен сұлу, неткен көркем, осы менің туған өлкем!» бөлімінде қазақ даласының табиғаты, көркем жерлерін насихаттау мақсатына қарай 11 тақырып берілген. Оның ішінде Отан, Туған жер, Ал неткен аяулы, Ей, Астана!, Алатау, Екібастұз, Туған жер туралы жыр тақырыптары арқылы тарау мазмұны ашылған.

4-тарау бойынша Атамұра баспасының «Менің туған өлкем» бөлімінде отан, туған жер, ана тілі, туған жер табиғатын құрметтеуді насихаттауға байланысты 11 тақырып берілген. Оның ішінде Менің Отаным – Қазақстан, Қазақ тілім – туған тілім, Тәуелсіздік алған күн, Алматы мен Астанаға қарашы, Отанымды сүйемін, Ұланымыз ұлы елдің, Өз мекенім жақсы, Туған жерімнің тұрғындары, Туған жердей жер болмас, Неткен сұлу, неткен көркем – Осы менің туған өлкем! тақырыптары арқылы тарау мазмұны ашылған. Ал, Алматыкітап

баспасының «Қыста талай қызық бар» бөлімінде қыс мезгіліндегі мейрамдар және қыста адамдар мен жан-жануарлардың тіршілік іс-әрекет ерекшелігіне байланысты 15 тақырып берілген. Оның ішінде Желтоқсан, Қазақстан, Қар, Аяз, Шана, Аққала, Мұз үстінде, Қасқыр қысты қалай өткізеді, Шегіртке мен құмырсқа тақырыптары арқылы тарау мазмұны ашылған.

5-тарау бойынша Атамұра баспасының «Дені саудың жаны сау» бөлімінде денсаулықты сақтау, тазалыққа үйрету, денсаулыққа кері әсер ететін жағдайлармен таныстыруға байланысты 14 тақырып берілген. Оның ішінде Денсаулығым байлығым, Тазалықты сүйемін, Мен де спортшы баламын, Көңіл сұрауды білемін, Жемістерде дәруменнің көп екенін білемін, Қомағайым жаман әдет, Көп ұйықтаған зиян-ау, Судың қаупі, Өрттің қаупі тақырыптары арқылы тарау мазмұны ашылған. Ал, Алматыкітап баспасының «Қадірлі әкелерім, Мейірімді аналарым» бөлімінде еңбек студия адам өміріндегі маңызы, үлкен-кішіге құрмет көрсету, мейірімділік, ата-анаға ата-кеге деген махаббат тақырып берілген. Оның ішінде Кішілік-кісілік, Адамның қолдары, Әжесін қайсысы жақсы көреді, Атам туралы, Неліктен, Қайырымды бала, Көпменіңдер көріге, Қарлығаш пен Дәуіт, Ханзаданың достығы тақырыптары арқылы тарау мазмұны ашылған.

6-тарау бойынша Атамұра баспасының «Салт-дәстүр және ауыз әдебиеті» бөлімінде қазақ халқының салт-дәстүрлерін, халық ауыз әдебиеті үлгілерін, төрт түлік малды күтіп баптау ұстауды насихаттауға байланысты 15 тақырып берілген. Оның ішінде Атада қалған асыл мұра, Өртегілер әлемінен, Ұйықта бөпем жата ғой, Қожекенді қожықта, Қош көңіл Наурыз, Қошақаны қойдың, Құлыншағым құлдырап, Бұзауқаным, Ботақаным тақырыптары арқылы тарау тақырыбының мазмұны ашылған. Ал, Алматыкітап баспасының «Адам болам десеңіз» бөлімінде дептілік, тазалық, еңбекқорлық, білімділік, адамгершілік, мейірімділік, бағылдық және т.б. адам бойынан табылатын қасиеттерді насихаттау мақсатында 18 тақырып берілген. Оның ішінде Ғылым таппай мақтанба, Әдепті Қамарлық, Олақ қыз, Еңбекпенен ел көгерер, Алтын балта, Құмырсқаның өнері, Мәске, Патылдық тақырыптары арқылы тарау мазмұны ашылған.

7-тарау бойынша Атамұра баспасының «Қоршаған орта» бөлімінде орман жан-жануарлары мен құстарын аялау, жыл мезгілдерімен таныстыруға байланысты 12 тақырып берілген. Оның ішінде Жерім жомарт – адамзатты сыраған, Құрметтейік Жер ананы, Жыл мезгілдері, Табиғаттың тосын сыйы, Алдырда сөйлейді, Табиғатым құстарменен көрікті тақырыптары арқылы тарау мазмұны ашылған. Ал, Алматыкітап баспасының «Бабалар өмірі-ұрпаққа өнеге» бөлімінде қазақ халқының тарихи жәдігерлері мен тарихи оқиғалары, қазақ тарихында есімі қалған ұлы тұлғалардың өмірін насихаттау мақсатында 14 тақырып берілген. Оның ішінде Алтын Адам туралы аңыз, Мысойған, Фараби, Абылай, Бала Қабанбай, Құрманғазы ата, Ыбырай ата, Шоқан мен өнерлі бала Мысық, Ақбоз ат мінген қолбасшы, Тоқтар-тұңғыш ғарышкер, Қажымұқан тақырыптары арқылы тарау мазмұны ашылған.

8-тарау бойынша Атамұра баспасының «Саяхат» бөлімінде табиғатты, қазақ жерінің табиғи байлықтарын насихаттау мақсатында 13 тақырып берілен. Оның ішінде Ғарышқа саяхат, Менде ғарышкер боламын, Көлге саяхат, Мен теңізшімін, Егістікте болдың ба?, Тамаша ғой жазғы орман, Тауларым бәрімізді құтқылдырды, Мұнайлы елім бар тақырыптары арқылы тарау мазмұны ашылған. Ал, Алматыкітап баспасының «Туған өлке табиғатын қастерлейік» бөлімінде табиғатты, жабайы аңдар мен құстар аялау, төрт түлік малды күтіп баптауды насихаттау мақсатында 16 тақырып берілген. Оның ішінде табиғатпен жабысу, Құс ұясын бұзбайық, Үкілер, Үзілген гүл, Араның ұясы, Бұлбұл мен тобылдық, Құлыншағым, Ешкі мен Қойдың айтысы тақырыптары арқылы тарау мазмұны ашылған [90].

Алматыкітап баспа оқулығында күнделікті саяхат тақырыбы онда игерілетін мәтін тақырыбымен берілсе, ал Атамұра баспа оқулығында күнделікті тақырып атауы ондағы мәтін тақырыбынан бөлек беріледі. Және де Атамұра баспа оқулығында мәтін түрлері белгілі бір тапсырма ретінде берілсе, Алматыкітап баспа оқулығында мәтін түрі жазылмама беріледі. Атамұра баспа оқулығында мәтін авторын «туған жері, қызмет саласы, қазақ әдебиетіне сіңірген еңбегі немесе шығармасы» сызбасымен қысқа әрі есеп сақтауға оқушы жасына сай қабылдауына байланысты таныстырылса, Алматыкітап баспа оқулығында автордың өмірбаяны мәтін ретінде берілген. Ал Алматыкітап баспа оқулығында да әрбір тарауда орта есеппен алғанда 12-16 аралығында тақырып берілген, Атамұра баспа оқулығында тарау соңында «Не үйрендім?» қорытынды сабағымен, ал Алматыкітап баспа оқулығында «Тарауды қайталауға арналған сұрақтар мен тапсырмалар» қорытынды сабағымен аяқталған.

Мәтін түрлерінің оқулықтың тарауларда орын алуын Е.Сулак пен Г.Пильтен өз зерттеулерінде 1-5 сыныптардың түрік тілі оқулығындағы мәтіндердің құрылымын бақылап, мәтіндердің түрлерін анықтай келе, зерттеу барысында алынған мәліметтер бойынша оқулықтардағы 432 мәтіннің 143-і әңгімелеуші мәтін, 15-і ақпарат беруші және 131 өлең екендігін анықтаған [90].

С.Келдіктің 1-8 сыныптағы түрік тілі оқулықтарын мәтін түрлері мен қасиеттері тұрғысынан оқу зерттеуінде бірінші, екінші және үшінші сынып мәтіндерінің санын нәтижесінде 18, 15, 17 мәтін сандары ақпараттық мәтін үшін көп. 10, 10, 13, 14 ақпараттық мәтін сандары төртінші, бес, жетінші, сегіз сыныптардағы ақпараттық баяндайтын мәтіндер үшін көп. Алтыншы және жетінші сынып мәтіндеріндегі 4 және 3 өлең поэзия жанры үшін өте аз екендігін анықтаған [90]. Түрік тіліндегі оқулықтарда балалардың сөздік қоры жас деңгейіне сәйкес емес, жаңа сөздер белгілі бір жоспар шеңберінде дайындалмаған. Атап айтқанда, төртінші сыныпта ілгек; бесінші сыныпта қолжазба, геодезия, пиктограмма; алтыншы сыныпта фонограф, голографиялық, биометриялық, тундра; жетінші сыныпта фон, жылтырату, циклон сөздері. Әр түрлі баспалар дайындаған түрік тілінің оқулықтарында мәтін түрінің атауларында айырмашылықтар кездескен. Түрік тілінің 1-5-сынып оқу бағдарламасында сипатталған поэзия мәтіннің айтылатын және ақпараттық түрлері түрінде жазылмаған. Мысалы, бірінші сынып, алтыншы сынып, жетінші

сынып оқулықтарында. Мәтіндер балалардың жас деңгейінен әлдеқайда жоғары немесе әлдеқайда төмен. Мысалы, үшінші сынып цунами, стихиялық ақпараттар мәтіні, бесінші сынып Кандилли обсерваториясы мен жер сілкінісін зерттеу институты ақпараттар мәтіні, жетінші сынып Бала құқықтары туралы Конвенция аясында баланың білім алу құқығы ақпараттар мәтіні, жетінші сынып экологиялық ғылым, біздің елде және Орталық Азияда Наурызды мерекелеу ақпараттық мәтіндері. Зерттеуші зерттеу нәтижесінің қорытындысы ретінде бірнеше ұсыныстар қалдырған:

1) түрік тілінен оқулықтарды әзірлемес бұрын балалардың ақпарат бойынша тіліне және әлеуметтік дамуына сәйкес келетін сөздер тізімін анықтау қажет, содан кейін жоспар шеңберінде бірінші сыныптан сегізінші сыныпқа дейінгі оқулықтар біртіндеп жазылуын;

2) балаларға оқу әдетін үйрету үшін, оларға оқуға (найза) жанымды және көтеру стиліндегі мәтіндермен таныстыру арқылы оқуды жақсы көруге үйретуге болатынын;

3) мәтіндерді хабарлау және негізгі идея айтып болуы керектігін;

4) түрік тілінің бастапқы бірінші сынып оқулықтарда мәтін түрлерін баяндайтын мәтіннің ақпараттық типтеріне қарағанда әрбіреуі қолданылуын;

5) түрік курсының бастапқы екіінші сыныбында оқулықта мәтіннің баяндаушы типтері мен мәтіннің ақпараттық типтерінің мөлшерде кіріктірілуін;

6) түрік тілінің оқулықтарына мәтінді таңдау немесе дайындау кезінде эстетикалық құндылықты дамыту негізгі мақсат болуын ұсыныс ретінде көрсеткен.

М.Өзбаи мен М.А.Челпектің 6, 7, 8 сынып түрік оқулықтарындағы мәтіндерді жанр мен тақырып тұрғысынан зерттеуінде мәтіндер бір баспаның кітаптарында 12, 10, 15-те, ал басқа баспаның кітаптарындағы мәтіндер 17, 15, 15-те болуы жанрлар санының жиілігін анықтаған. Бағдарламада міндетті болып табылатын түрлерден басқа мәтіндердің кейбір түрі де кітапқа енгізілгенін, міндетті болған кейбір жанрлардың болмауы қиыншылық ретінде көрсеткен. Бағдарламада көзделмегеннен басқа типтерінің көрсетілуі, оқушы жүктемесіне сәйкес келмейтін типтерді қосу проблемаларды туындататынын анықтаған. Мысал ретінде 1-ші сынып кітаптарындағы ақпараттық мәтіндерге ұқсас дидактикалық мәтін мен декларациялық хатты келтіргенін анықтаған. Түрік тіліндегі оқулықтар үшін мәтінді таңдау кезінде жанрмен байланысты мәтіндердің саны, жанрлардың әртүрлілігі маңызды. Оқушылар белгілі түрдің сипаттамасын тану үшін сол түрдегі мәтіннің белгілі бір санын оқуға тиіс. Әрбір баспаның барлық сыныптарда оқулықтары жоқ болғандықтан, провинцияларда оқытылатын оқулықтары анықтау кезінде жанр мен тақырып бойынша бөлуді ескеру пайдалы болған [92].

Ф.Темизюрек пен Б.Делижанның бастауыш мектептің түрік тілі оқулықтарындағы мәтіндерді жанры мен тақырыбы тұрғысынан оқу зерттеуінде бастауыш мектептің түрік тілі оқулықтарындағы мәтіннің тақырыптар мен типтер бойынша қалай бөлінетінін және мәтіндерден тұратын қандай тақырыптар барын зерттей келе мәтіндердің 50% - ы әңгімелеу мәтінінен, 30% -

өлеңнен, ал 20% - ы ақпараттық мәтіннен тұратынын, жалпы оқулықтарда 4 негізгі, 7 факультативтік тақырып кіріктірілгенін анықтаған. Бірінші сыныпта мәтіндерді тыңдау және оқу, ғылым, мәдениет, махаббат, шыдамдылық, еңбекқорлық, табиғат санасы, жеке гигиена, отбасы, жеке қасиеттер мен Отан тұжырымдамаларына назар аудару арқылы берілгенін анықтаған. Екінші сынып мәтіндерінде оқу мен жазу махаббат, төзімділік, бірлесіп пайдалану мен ынтымақтастық, өзгерістер, Республика, Отан, еңбекқорлық, табиғат санасы, денсаулық және саналы тұтыну тұжырымдамаларына негізделгенін анықтаған. Үшінші сынып деңгейіндегі мәтіндер ғылым, демократия, төзімділік, құрмет, көшбасшылық, махаббат, шығармашылық ойлау, Отан, жеке және экологиялық тазалық, табиғатқа деген махаббат, еңбек, саналы тұтыну және еңбек сүйгіштікке негізделгенін анықтаған. Төртінші сынып мәтіндерінде денсаулық, өмір қуанышы, шыдамдылық, адами махаббат, Тәуелсіздік, құрметті, мәдениетшілік, ғылым, бұқаралық ақпарат құралдары, жеке және экологиялық тазалық, еңбек, кітапқа деген махаббатқа бағытталғанын анықтаған болатын [93].

Жоғарыда аталған отандық және шетелдік зерттеу жұмыстарындағы тараулар бойынша мәтін түрлері, қасиеттері мен мәтін тақырыптары бойынша мазмұнды талдау жүргізілген, бұл ғылыми зерттеу жұмысында да тараулар бойынша мәтін түрлеріне талдау жасалып, статистикалық өңдеуден өткізіліп кестелермен берілген.

Зерттеу жұмысының «Атамұра және Алматыкітап баспалары бойынша «Әдебиеттік оқу» оқулықтарында тараулар бойынша орын алған мәтін санын анықтау» міндеті бойынша статистикалық талдау нәтижелері кесте 3-де берілген.

Кесте 3 - Екінші сынып «Әдебиеттік оқу» пәні Атамұра және Алматыкітап баспа оқулықтарындағы орын алған тараулар бойынша мәтіндер саны

Атамұра баспасы, 1,2 бөлімдері				
	Тарау атаулары	Өлең	Әңгімелеуші мәтін	Ақпараттық мәтін
1	Өзім туралы	7	7	-
2	Менің отбасым және достарым	2	10	-
3	Менің мектебім	5	4	-
4	Менің туған өлкем	6	4	-
5	Менің сағдым-жаны сау	6	9	-
6	Саяхат дәстүрі және ауыз әдебиеті	6	9	-
7	Қоршаған орта	2	8	-
8	Саяхат	2	8	1
Жалпы саны:		36	58	1
Алматыкітап баспасы				

	Тарау атаулары	Өлең	Әңгімелеуші мәтін	Ақпараттық мәтін
1	Білім керек бәріне	7	8	-
2	Атадан қалған асыл мұра	9	10	-
3	Неткен сұлу, неткен көркем, осы менің туған өлкем!	5	5	-
4	Қыста талай қызық бар	7	7	-
5	Қадірлі әкелерім, Мейірімді аналарым	3	16	-
6	Адам болам десеңіз	6	12	-
7	Бабалар өмірі-ұрпаққа өнеге	4	7	2
8	Туған өлке табиғатын қастерлейік	6	9	-
Жалпы саны:		47	74	2

Кесте 3-те берілгендей орын алған мәтін сандарына байланысты екі оқулықта айырмашылықтар кездеседі. Екі баспаның оқулықтарында да берілген мәтін түрлері ішінде мән беріп қарайтын факт ақпараттық мәтін түрлері аз қамтылған. Жалпы Атамұра баспа оқулығында 8 тарау бойынша 95 мәтін берілсе, Алматыкітап баспа оқулығында 8 тарауда 123 мәтін орын алған. Оның ішінде өлең түрі Атамұра баспа оқулығында 36 өлең орын алса, ал Алматыкітап баспа оқулығында 47 өлең орын алған. Әңгімелеуші мәтін түрі Атамұра баспа оқулығында 58 мәтін орын алса, ал Алматыкітап баспа оқулығында 74 мәтін орын алған. Екі баспаның оқулығында да әңгімелеуші мәтіннің әңгіме түріне басымдылық берілген. Ақпараттық мәтін түрі Атамұра баспа оқулығында 1 мәтін орын алған, ал Алматыкітап баспа оқулығында 2 мәтін орын алған [94].

Зерттеу жұмысының «Атамұра және Алматыкітап баспалары бойынша екінші сынып «Әдебиеттік оқу» оқулықтарында орын алған мәтін түрлерін анықтау» міндеті бойынша мақалы орын алған мәтін түрлеріне талданған статистикалық талдау нәтижелері кесте 4-те берілген.

Кесте 4 – Екінші сынып әдебиеттік оқу пәні Атамұра және Алматыкітап баспа оқулықтарындағы мәтіннің ішінара түрлерінің саны

№	Түрлері	Атамұра баспасы	Алматыкітап баспасы
	Өлеңдер	36	47
	Әңгімелеуші мәтіндер	58	74
1.	Әңгіме	36	62
2.	Ертегі	9	7
3.	Аңыз	6	3
4.	Мысал	7	2

	Ақпараттық мәтіндер	1	2
1.	Сұқбат/Сөйлесу	-	-
2.	Айқындау	-	-
3.	Сипаттау	1	-
4.	Биография	-	2
	Мәтін саны	95	123

Кесте 4-те берілгендей «Әдебиеттік оқу» оқулығының Атамұра баспа оқулығында 95 мәтін, Алматыкітап баспа оқулығында 123 мәтін орын алғандығы анықталды. Атамұра баспа оқулығындағы өлең мәтін саны Алматыкітап баспа оқулығындағы өлең мәтін санына қарағанда 11-ге кем екені анықталды. Екі баспада да әңгімелеуші мәтіндердің мынадай түрлері: әңгіме, ертегі, аңыз, мысал қамтылған. Атамұра баспа оқулығындағы әңгімелеуші мәтін саны Алматыкітап баспа оқулығындағы әңгімелеуші мәтін санына қарағанда 16-ға кем екені анықталды. Оның ішінде Атамұра баспа оқулығындағы әңгіме мәтін саны Алматыкітап баспа оқулығындағы әңгіме мәтін санына қарағанда 26-ға кем. Атамұра баспа оқулығындағы ертегі мәтін саны Алматыкітап баспа оқулығындағы ертегі мәтін санына қарағанда 2-ге артық. Атамұра баспа оқулығындағы аңыз мәтін саны Алматыкітап баспа оқулығындағы аңыз мәтін санына қарағанда 3-ке артық. Атамұра баспа оқулығындағы мысал мәтін саны Алматыкітап баспа оқулығындағы мысал мәтін санына қарағанда 5-ке артық. Атамұра баспа оқулығындағы ақпараттық мәтін саны Алматыкітап баспа оқулығындағы ақпараттық мәтін санына қарағанда 1-ге кем. Және Атамұра баспа оқулығында ақпараттық мәтін оқулығының 2-бөлімінде 107 бетте 94-ші сабақта «Ғарышқа ұшқан қауарлар» тақырыбымен сипаттау түрінде, Алматыкітап баспа оқулығының 167 бетте 144-ші сабақта «Құрманғазы Сағырбайұлы» мен 169 бетте 105-ші сабақта «Абырай Алтынсарин» тақырыптарымен биография түрінде берілгені анықталды. Соңдай-ақ Атамұра баспа оқулығында мысал түрлері мәтін түрінде де өлең шумақтар түрінде де берілген. Атамұра баспа оқулығында берілген сөздіктердің Алматыкітап оқулығында берілген сөздіктерден әлдеқанда аз орын алуы оқулықта берілген мәтіндер мен ондағы сөздік құрамының екінші сынып оқушыларының қабылдауына жеңіл, тілдік лингвистикалық ерекшелігіне көп мән беріліп таңдалуымен түсіндіруге болады. Оқулықтарда әр тақырып сайын өтілген мәтін түріне байланысты қазақ халық ауыз әдебиеті және әлем әдебиеті түрлеріне түсініктеме (сипаттама) Атамұра баспа оқулығына қарағанда Алматыкітап баспа оқулығында жеткілікті деңгейде берілген [94].

2.3 «Әдебиеттік оқу» оқулықтарындағы мәтінге байланысты тапсырмалардың ұқсастықтары мен айырмашылықтары

Бастауыш сыныптарға арналған «Әдебиеттік оқу» пәнінің мақсаты тек оқушыларды дұрыс, түсініп, шапшаң, мәнерлеп оқуға төселдірумен шектелмейді, оның басты міндеттерінің бірі оқушыларды көркем сөзге баулу екенін ескерсек, ұлт ұстазы А.Байтұрсынұлы айтқандай «ойын ойлаған қалпында, қиялын меңзеген түрінде, көңілдің түйгенін түйген күйінде тілмен айтып» [95, 141б.] жеткізуге талпындыру үшін ең алдымен балаға «ойындағы пікірді, қиялды, көңілдің күйін тәртіптеп қисынын, қырын, кесесін келістіріп сөз арқылы тысқа шығарған» [95, 148б.] классик жазушыларымыздың төл туындыларын ұсынбау мүмкін емес. Мектеп тәжірибесінде он жылдан астам уақыт жүрген 2-сыныпқа арналған «Ана тілі» оқулығынің («Атамұра» баспасынан 2009 жылы шыққан) мазмұнын қарап, заман талпынысы жаңартуда авторлардың (Қабатай Б.Т, Рахметова С.) басты ұстанған ұстанымы оқулыққа ең алдымен балалар әдебиетінің көрнекті өкілдерінің шығармаларын енгізу болды. Ал қазақ балалар әдебиеті кімдердің шығармаларынан бастау алады, кімдермен толығып дамиды дегенде әрине, Абайды, Шәкәрімді, Мұхтарды айтпауыңыз мүмкін емес. Қазақ балалар қарапайымнан тым құрыса сөз өнерінің негізін салған, дамытын ақын – жазушыларымыздың есімін білсінші, көркем сөздің шынайы үлгісін көрсінші деп қиыннан қиыстырып, ықшамдап, балаға түсінікті болды деген күнділерді беруге тырыстық. Көркем шығармаларда қиын сөздердің болуы заңдылық. Егер түсінікті, тек қарапайым сөздерден құралған мәтіндер тандалып алынса, онда баланы көркем сөз әлеміне жетектеу, сөз құдыретін түсініп, сөздің сырын ұғыну мүмкіндігі шектеліп, жалпы оқу сабақтарының сақаратын қиметі бұзылады. Оқулықта қиын сөздердің түсініктемелер көшірілген (арнайы «сандықша» белгісімен). Кейбір қиын сөздерді түсіндіру әдіс-тәсілдері оқулыққа қосымша шығарылатын оқыту әдістемесіндегі нақты сабақтардың өткізу үлгілерінде де көрсетілген.

Жалпы мәтінді талдау ұғымының мағынасы өте кең. Бастауыш сыныптарда мәтінді талдау бар мағынада қолданылады, яғни шығарманы жіліген талдау бастауыш білім мазмұны міндетіне кірмейді. Әр шығарманы оқып, нақты бір ұстаным басшылыққа алынып, оны оқытуда сол ұстанымға сай мақсат қойылады. Мысалы:

1) Лирикалық өлеңдер көбіне тек жаттауға беріледі (М.Мақатаевтың «Отан туралы» өлеңіндегі «Бар жәндігін сүйемін жыбырлаған, Бәрі маған «Отан» деп сыйырлаған» деген жолдардағы ақын сезімін талдау мүмкін бе?!).

2) Бастауыш сатыда тарих пәні оқытылмайды. Тарих пәнінің міндетін «Ана тілі» атқарады. Сондықтан 2,3,4 - сыныптарға арналған «Ана тілі» оқулықтарында ел басынан өткен кезеңдер сөз етіліп, тарихи кезеңдегі елдің елігін, ұрпақ қамын ойлаған ірі тұлғалар туралы білдіру мақсатымен жазылған шығармалар топталып, жеке тарау түрінде берілген. Балаға «Отаныңды сүй, халқыңды сүй» деген құрғақ сөзбен елін де, Отанын да сүйгізе алмайсың. Халық басынан өткен қиын кезеңдер, сол кезеңде елді, жерді қорғап қалған хандар, батырлар туралы оқиғаға құрылған қызықты мәтіндерді беріп, соны оқыту

арқылы бала жүрегінде өз ұлтына, халқына мақтаныш сезімін ояту ұстанымын оқулық авторлары бағдарлам ретінде ұстанған еді. Қазақ ұлтынан шыққан дүние жүзі екінші ұстазы атанған ғұлама әл – Фараби, үш жүздің басын құрап, ұлан байтақ жерді аман алып қалған Абылай хан, Бөгенбай, Қабанбай, Наурызбай отыз жасқа жетпей артында өшпестей мұра қалдырған Шоқан сөз өнерінің алғашқы Абай, Отан үшін от кешуге дайын болған Мәншүк, Әлия, тіпті кешегі Қайрат Ләззат бейнелері бала үшін таптырмас үлгі - өнеге емес пе? Сондықтан қиын сөздері болса да мұндай мәтіндерді оқытуда сол күнгі сабақтың мақсаты шығармада сөз болып отырған ел басынан өткен кезенді немесе тарихи ұлы тұлғалар туралы әңгімелеу болуға құрылады да, мәтінді қабылдау бала үшін жеңіл өтетінін ұстаздар тәжірибесі дәлелдеп жүр.

3) 2-сыныпқа арналған оқулықта тапсырмалар мен жағдаят баланың қабылдауына лайықталып, көбіне ойын түрінде берілген. Ойын-баланың ерекшелігі әрекетінің бірі. Ойынды төменгі сынып жасындағы балалардың табиғаты қажет етеді. Көрнекті педагог Мағжан Жұмабаев: «Бала еш уақытта ісін отыра алмайтын болғандықтан, балаға ылғи пайдады іс беріп отыру керек. Сыныпта отырғанда баланың тез шаршауының ақылының жұмыс қылуынан, әсіресе, тек отырудан, ауаның бұзылуынан. Сондықтан, сабақ уақытында балалар босатып, жүгіртіп, ойнатып, сыныптың уақытін жақсартуы керек. Бір сабақтың ішінде де балаларды тұрғызып, отырызып, гимнастика жасатып, ән салдырып алуға болады. Мұндайда бала сезініп қалады» [96, 77б.], - деп, ойын мен қызықты жаттығулардың балалардың оқу әрекетін жандандырып, оқуға деген ынтасын арттыратын маңызды құрал екенін алап көрсетеді.

Жалпы оқулықтың мазмұнындағы мәтіндерді сабақ үстінде игертіп меңгертудің бірнеше жолдары бар:

1. Көркем мәтіндерді оқытуда жаңа әдіс-тәсілдерді қолдану - бастауыш сатыда оқыту технологиясын оқушының уақын, күшін, оқу құрал-жабдықтарын өз орнымен пайдаланып, балалардың оқу жүктемесін жас ерекшеліктері мен мүмкіндіктеріне қарай белгілеп, денсаулығына зиян келтірмейтіндей және баланың өзі түсінетіндей, әрі оны жетілдіретіндей етіп икемдеп қолдану қажеттігі туындайды. Мәселен, сын тұрғысынан ойлау технологиясының әдіс-тәсілдерінің барлығы бірдей бастауыш сыныптарда қолдану тиімді нәтиже бермеуі мүмкін. Дегенмен, сын тұрғысынан ойлау технологиясынан оның мазмұнын құрайтын:

- Қызығушылықты ояту;
- Мағынаны ажырату;
- Ой толғаныс құрылымы дегендерді оқулық құрастырғанда басшылыққа алынған.

Қызығушылықты ояту – оқушылар үшін сабаққа қатысудағы алғашқы қадам. Бұрынғы білімдері мен сезімдеріне немесе әсерлеріне еніп, жаңа білімге мазмұн қалап, болашақта зерттеу жүргізулеріне күш алуларына және орындау керек тапсырмалар жөнінде жекет және топтық түсініктерді қалыптастыруларына көметеседі.

Мағынаны тану фазасы оқушылар жаңа мәліметпен, идеямен немесе жаңа мазмұнмен тура келіп қалғанда іске асады. Талқылау, кітап оқу, бейнетаспа, өнер қойылымдары немесе басқа да нұсқау әдістерінің қайсысы болмасын осы кезеңде іске асады. Оқушылар жаңа идеяны қабылдайды, ескі мен жаңаны ұштастырады, ойлау қабілетін кеңейтіп, не түсінгенін анықтайды. Оқулықтағы ой жалғау, түртіп ал, топтық, жұптық, ұжымдық, сондай-ақ кесте, сурет, сұрақ түрінде кетірілген тапсырмалар - осы кезеңнің тапсырмалары.

Ой толғаныс үйрену процесінің соңғы фазасы болады да, бұл кезде оқушылар алған білімдерін сыртқа шығарып, түсінгендерін өз сөздерімен жеткізіп бере бастайды. Саналы талқылаулар мен білімді тәжірибеде қолдану, жаңа идеялар мен ұғымдарды жинақтаумен, мазмұн жөніндегі өздерінің ашық ұсыныстарымен немесе бір зерттеуді бастаумен айғақталады. Бұл кезеңде оқушылар өздерінің ойын нақтылайды, қатарластарымен, мұғаліммен кері байланыса отырып, мәліметтер жинағы мен құрылым мағынасын сынақтан өткізеді. Яғни іштей ойлануға үйренеді, ой алмасады. Белсенді түрде өз білімін үйрену жолына қайта көз жіберіп, өзгерістер енгізеді. Бұл - ең ұзақ та маңызды кезең.

2. Мәтіндегі көркем сөздерді түсіндірудің тәсілдері жалпы алғанда, оқушының мәтіндегі көркем сөзді түсіну механизмін психологиядағы ассоциациялық ұстаныммен түсіндіруге болады.

М.Мұқановтың түсіндіруі бойынша ассоциациялық ұстанымды жүзеге асыру тәсілдері: көршілестік ассоциациясы, ұқсастық ассоциациясы, қарама-қарсы ассоциациясы, себеп ассоциациясы.

Көршілестік ассоциациясының осылай аталу себебі – нәрсені екінші көршілес нәрсемен бірге қабылдайтындықтан. 2-4 сынып оқушылары үшін сол жастағы баланың іс-әрекеті сюжеттік оқиға ретінде суреттелген мәтіндердің таңдап алынуы көршілестік ассоциациясының көрнекті мысалы бола алады. Мысалы, Д. Қасеновтың «Өкініш» әңгімесіндегі Аңсардың басынан кешкен оқиғасы арқылы нақты өмірде өз бастарында болған көршілес оқиғаны естеріне түсіруі мүмкін. Міне, осы әңгімедегі Аңсардың көңіл-күйін түсіну өзі де осындай оқиғаны басынан кешкен бала үшін оңай өтеді. Бұл тәсіл көркем мәтіндегі кейіпкерлер тұлғасын талдау тиімді әрі нәтижелі болмақ.

Ұқсастық ассоциациясы мен қарама-қарсы ассоциациялар, әсіресе көркем мәтіндердегі кейіпкерлерге қатысты қолданылған әсерлі сөздерді түсіндіруге жиі қолдануға болады.

Қарама-қарсы ассоциациялар. Әдетте кездесетін нәрселердің бәрі бір-бірімен ұқсас бола бермейді. Олар бір-бірімен қарама-қарсы да болып кездесетіндіктен, мұны қарама-қарсы ассоциациялар дейді. Мысалы, біздің есімізге адамгершілігі мол, сүйкімді бейне түссе, дәл сол уақытта оған қарама-қарсы, тек өздерінің қамын ойлайтын адамдардың бейнесі түсуі де мүмкін. Бұл өмірде жиі кездеседі. Өйткені есімізге түрлі нәрселерді, яғни бейнелерді салыстырғанда тек ұқсастығын ғана емес, тіпті қарама-қарсы жақтарын да еске аламыз.

Себеп ассоциациясы-ойды тиянақнап дәлелдеуде ерекше орын алады. Мұның себебі ой процесі бір немеше бірнеше қорытындыға келіп дүниедегі құбылыстардың өзара байланысын, себебін шешуге бейімделген. Баланың мәтінді түсінуге қолжеткізу – оның ойын дамытудың алғы шарты.

3. Мәтінді эстетикалық қабылдау мен талдау жолдары - мәтінді эстетикалық қабылдау эмоция, сезім ұғымдарымен байланысты. Бастауыш сыныптарда көркем әдебиеттің қыр-сырын танынып білдіру үшін, әр сынып көлемінде бірізділікпен жүргізілетін жүйелік жұмыстар арқылы оқушылардың шығарманы талдаудың қалыптасқан жүйесін меңгеруге алып келеді. Біріншіден, мазмұндық-тақырыптық талдау, шығарманы тұтастай ала отырып, бөлім бойынша мазмұнын, тақырыбын таныта отырып талдау. Екіншіден, тілдік эстетикалық талдауға көңіл бөлу. Шығарманың тілдік ерекшелігін, сөз өрнегін, суреттемелік шеберлігін, көркемдігін, сөздер табиғатын, стильдік айырмашылықтарын таныту. Үшіншіден, кейіпкерлік-бейнелік талдау. Шығармадағы кейіпкерлерді талдау, олардың өзара сабақтастығын шығарма тақырыбы мен оқиға желісіне қатысын айқындай отырып, ажырату әрі салыстыру.

Бағдарламада 2-сынып оқушылары үшін ұсынылған оқу тақырыптары:

- Мысал, ертегілер, аңыздар, әңгімелер;
- Өлеңдер, ән өлеңі, шешендік сөздер, табиғат лирикасы, азаматтық лирика;
- Балаларға арналған юморлық және сатиралық шығармалар;
- Балалар түсінігіне сай ғылыми-танымдық шығармалар.

Бастауыш сыныптарда «Әдебиеттік оқу» пәнінде классик ақын-жазушылардың балаларға арналған шығармалары әр сыныпта қайталанып отырады. Оқушылар жас ерекшеліктеріне қарай олардың әртүрлі жанрда, әртүрлі тақырыпта жазған шығармаларын оқуға мүмкіндік алады. Осындай шығармаларды қабылдауға байланысты жүргізілетін жұмыстар мынадай:


- Мәтіндегі негізгі ойды анықтау;
- Мәтінді әңгімелеу;
- Мәтінге жоспар құру;
- Мәтіндегі оқиғаға, мәтін авторының көзқарасына өз пікірін білдіру;
- Мәтінді эстетикалық-сезімдік тұрғыда қабылдау

2-сыныпқа арналған «Әдебиеттік оқу» кітабының жаңа басылымында мәтінге тек сурет қана беріліп қоймай оқушылардың мәтінді эмоционалды қабылдауын қамтамасыз ететін сұрақ-тапсырмалар кеңінен қамтылған. Суретпен жұмыс – қабылдаушы кішкентай оқырманды тәрбиелеудің бір жолы. Суретпен жұмыс жасау кезінде оның мәтінмен арақатынасын анықтай отырып, баланың сезіміне әсер ету, рухани даму басты назарда болады. Суретшінің көңіл-күйі қандай деп ойлайсың? Оны қандай бояулар көрсетіп тұр? Ақын да өлеңде белгілі бір күйді бере алады. Осы өлеңнің түсі қандай деп ойлайсың? Оны қандай сөздер арқылы байқадың? Осы мәтін бойынша сен қандай сурет салар едің? деген сияқты сұрақтар шығарманың сыртқы қабын-бояуын ғана емес, оның ішкі мәнін танып, ұға білуге жетелейді. Сондай-ақ ақын-жазушылардың көңіл-күйін,


оқушының мәтіндегі оқиғаға, кейіпкерге қарым-қатынасын смайлик арқылы белгілеп, білдіріп отырулары да – шығарманы эстетикалық қабылдауға әкелетін әдіс-тәсілдер болып табылады.

Жаңа оқулықтағы «Ойланyp жауап бер» деген белгімен берілген тапсырмалар коммуникативтік күзіреттілікті, яғни оқушыны қоршаған ортамен өзара ықпалдастықта болу әдіс-тәсілдерімен қаруландырады, әр түрлі жағдаяттардағы қарым-қатынасты бағалай білуге баулиды. Келтірілген жағдаяттардың алгоритмдік шешімін табу арқылы оқушы өз көзқарасы мен пікірін, қарсылығын немесе құптағанын білдіре алады, нәтижесінде жалпы өмірде осындай жағдаяттарда нақты шешім қабылдай алуға дайын болады.

Тілдің дамуына да ойын өте үлкен әсер етеді. Ойын жасауды оған елген әрбір баладан белгілі қатынас жасау қабілетін талап етеді. Сондай-ақ ойын әрекетінде баланың денесі мен ақыл ойы дамып, өзін қоршаған ортаның заңдары мен құбылыстарын танып біледі. Екінші сынып арналған «Әдебиеттік оқу» оқулығында ойынның жоғарыдағыдай мүмкіншіліктері ескеріліп, қазақ ауыз әдебиетінің айрықша саласы – ойын фольклоры, яғни санамалар, ұрамақтар, қаламақтар, айтыс ойындары берілген [9]. Ойын жырларының атқаратын қызметі – балалардың сөйлеу тілін дамыту. Сондай-ақ оқулықта баланы ойлауға үйрететін «Күн шұғыласы», «Балық ойыны», «Пікірлер ағашы», «Адасқан сөздер» ойындары түрлі дидактикалық типтағы ойындар болып табылады.



1-сурет. 2 сынып әдебиеттік оқу Атамұра оқулығында шартты белгілердің берілуі



2-сурет. 2 сынып әдебиеттік оқу Алматыкітап оқулығында шартты белгілердің берілуі

Екінші сынып «Әдебиеттік оқу» пәнінің баспа оқулықтары аптасына 4 сағаттан оқытылады. Атамұра баспа оқулығында бір сабақ бойынша берілетін шартты белгілер бөлімнің атауы мен жаңа сабақ, тапсырмалардың атауы суретпен жұмыс, шығармашылық жұмыс, сөздік, жеке жұмыс, жұптық жұмыс,

топтық жұмыс, жазу жұмысы тапсырмалары болып берілсе (1-сурет), Алматыкітап баспа оқулығында бір сабақ бойынша берілетін шартты белгілер сабақтың басталуы мен сөздерге түсінік, түсініктеме(теория), ойлануға берілген тапсырма, өз пікірін дәлелдеуге берілген, қорытынды жасау тапсырмасы, ізден және сұрастыр тапсырмалары, шығармашылық тапсырма, дәптермен жұмыс тапсырмалары болып беріліп (2-сурет), оқушының білім, білік, дағдылары қалыптастырылады.

Мәтінмен байланысты берілетін тапсырмалар жалпы алғанда оқу жазу, мазмұнын ауызша әңгімелеу, әңгімелеу үшін жоспар жасау, мазмұндама жазу, сұрақ – жауап ретінде екі кісі әңгімелеу яғни диалог құру, салыстыру және т.б. болып келеді. Оқу-танымдық және әдеби мәтіндерді, оқығанда мәтін мазмұны бойынша шығармашылық тапсырмаларды орындау арқылы оқушы өздігінен үйде оқу, мектеп оқушыларының жеке дамуын қамтамасыз етеді. Аталған іс-әрекетті бақылау формасы болып, балалардың оқыған мәтінді қаншалықты түсінгендіктерін анықтауға мүмкіндік беретін, тестілер және сауынама жүргізу болып табылады.

Оқушы үшін мәтінді түсінудің негізгі шарттерінің бірі - оқушылардың өз бетінше сұрақ құрастыруы және оған жауап беруі. Сұрақ қою кезінде олар материалды талдайды және мұқият зерттейді, ең бастысы - ақпаратты бөліп алу және оған әрдайым түсініксіз болатын жаңа байланыстарды байқау, өзінің әлсіз жақтарын тауып, оларды толтыруға тырысу және әрекеттерін орындайды.

Мәтінді түсінуге арналған бастауыш сыныптардың жалпы оқулықтарында келесі негізгі сұрақтарды қолдануға болады [18, б. 42]:

1. Жай сұрақтары. Оларға жауап беру кезінде оқушылар мәтіндік ақпаратты шығарады.

2. Анықтауға арналған сұрақтар. «Сіз келесілерді ... айтып жатырсыз ба?», «Егер мен дұрыс түсінген болсам, онда ... сөздер». Әңгімелесушіге оның айтқандары туралы кері байланыс жасай бастайды.

3. Ұғындыруға арналған сұрақтары. Себептерді анықтауға бағытталған «неге?» сұрағынан бастаулады.

4. Шығармашылыққа арналған сұрақтар. «Егер, не өзгерген болар еді?», «Сіз қалай ойлайсыз, оқиғалар қалай дамиды?» деген сөздермен беріледі.

5. Бағалауға арналған сұрақтар. «Неліктен бірі жақсы, бірі жаман?», «Бір кейіпкердің екінші кейіпкерден ерекшелігі қандай?». Көрсетілген немесе басқа жағдайларды, үдерісті, шынайы нақты болғанды бағалау критерийлерін (өлшемдерін) анықтау мақсатында қойылады.

6. Практикалық сұрақтар. «Егер сіз батыр болсаңыз, не істер едіңіз?». Теория мен практиканың арасында тығыз байланыс орнатуға, өмірдегі шынайылықпен алып жатқанды білімді байланысты түрде болуын қамтамасыз етуге бағытталған.

Зерттеу жұмысының «Атамұра және Алматыкітап баспалары бойынша «Әдебиеттік оқу» оқулықтарындағы мәтінге берілетін тапсырмалар санын анықтау» міндеті бойынша өлең мәтініне берілетін тапсырмалардың статистикалық талдау нәтижелері кесте 5-те берілген.

Кесте 5 – Екінші сынып әдебиеттік оқу пәні Атамұра және Алматыкітап баспа оқулықтарындағы өлең мәтініне тапсырмалардың берілуі

№	Өлең мәтініне берілетін тапсырма түрлері	Алматыкітап баспасы	Атамұра баспасы
1	Сөздік қорын дамыту	39	17
2	Түсіндіру	109	20
3	Әңгімелеу	9	28
4	Мәнерлеп оқу	5	3
5	Жаттап алу	16	9
6	Оқу тапсырмасы	43	3
7	Жазу тапсырмасы	39	3
8	Суретпен жұмыс	7	2
9	Басқа	8	4
	Барлығы	193	144

5-ші кестеде өлең мәтініне байланысты Алматыкітап баспа оқулығында 193 тапсырма, Атамұра баспа оқулығында 144 тапсырма берілген. Тапсырмалардың түрлері әрбір мәтін түрін өзіндік ерекшелігіне байланысты алынды. Өлең мәтініне берілген тапсырмалардың түрінде саны жағынан көп айырмашылық көрсеткен түсіндіру, сөздік қорын дамыту, әңгімелеу, оқу тапсырмасымен суретпен жұмысқа кездескен. Себебі Алматыкітап баспасы бойынша өлең мәтініне берілген түсіндіру тапсырмалары мәтіннің мағынасын түсіндіру мақсатымен берілген, Атамұра баспасы бойынша аз кездесуін одан бөлек оқу мен жазу, суретпен жұмыс тапсырмаларына берілгенімен түсіндіруге болады. Өлең мәтініне берілген әңгімелеу тапсырмасы Атамұра баспа оқулығында мәтіннің мазмұны туралы сызбаны әңгімелеу ретінде берілсе, Алматыкітап баспа оқулығында мәтін мазмұнына байланысты берілген. Және де өлең мәтін болмағандықтан екі оқулықта да мәтінмен танысқан соң жаттап алу, мәнерлеп оқу, жазу оқу тапсырмасы берілген. Басқа болып есептелетін тапсырмаға қосымша берілген тапсырмадан бөлек басқалары жатқызылды. Тапсырмалардың санын «Атамұра және Алматыкітап баспалары бойынша «Әдебиеттік оқу» оқулықтарындағы мәтінге берілетін тапсырмалар санын анықтау» міндеті бойынша әңгіме мәтініне берілетін тапсырмалардың статистикалық талдау нәтижелері кесте 6-да берілген.

Кесте 6 – Екінші сынып әдебиеттік оқу пәні Атамұра және Алматыкітап баспа оқулықтарындағы әңгіме мәтініне тапсырмалардың берілуі

№	Әңгіме мәтініне берілетін тапсырма түрлері	Алматыкітап баспасы	Атамұра баспасы
1	Сөздік қорын дамыту	91	25
2	Түсіндіру	232	58
3	Әңгімелеу	12	18
4	Жазу тапсырмасы	55	43

5	Оқу тапсырмасы	72	15
6	Суретпен жұмыс	5	12
7	Сөйлесу тапсырмасы	-	9
8	Басқа	6	3
	Барлығы	473	183

6-шы кестеде әңгіме мәтінінің тапсырмасы Алматыкітап баспасы Атамұра баспасына қарағанда 290-ға артық болып келген. Әңгіме мәтіні бойынша оқулықтарда сөздік қорын дамыту, түсіндіруі, әңгімелеу, жазу, оқу, сөйлесу тапсырмалары, суретпен жұмыс, басқа тапсырмалары болып берілген. Жалпы әңгіме мәтіні әдебиеттік оқу пәнінің бастауыш сыныптардағы оқулықтарда мәтіндер ішінен ең көп кездесетіні болып табылады, себебі негізгі мәтін түріне жатуымен түсіндіруге болады. Әңгіме мәтініне берілген тапсырмалар ішінен саны жағынан Алматыкітап баспасы бойынша түсіндіру тапсырмасы 232-ге жетсе, Атамұра баспасы бойынша түсіндіру тапсырмасы 58-бен шектелген. Сөздік қорын дамыту тапсырмасы Алматыкітап баспасы бойынша 91-ге, Атамұра баспасы бойынша 25-ке жеткен. Әңгімелеу тапсырмасы Алматыкітап баспасы Атамұра баспасына қарағанда 6-ға кем, жазу тапсырмасы Алматыкітап баспасы Атамұра баспасына қарағанда 12-ге артық, оқу тапсырмасы Алматыкітап баспасы Атамұра баспасына қарағанда 57-ге артық, суретпен жұмыс Алматыкітап баспасы Атамұра баспасына қарағанда 7-ге кем, сөйлесу тапсырмасы тек Атамұра баспасында 9 рет кездескен, басқа тапсырмалар бойынша Алматыкітап баспасы Атамұра баспасына қарағанда 3-ке артық.

Зерттеу жұмысының «Атамұра және Алматыкітап баспалары бойынша «Әдебиеттік оқу» оқулықтарындағы мәтінге берілетін тапсырмалар санын анықтау» міндеті бойынша ертегі мәтініне берілетін тапсырмалардың статистикалық қордау нәтижелері кесте 7-де берілген.

Кесте 7 – Екінші сынып әдебиеттік оқу пәні Атамұра және Алматыкітап баспа оқулықтарындағы ертегі мәтініне тапсырмалардың берілуі

№	Ертегі мәтініне берілетін тапсырма түрлері	Алматыкітап баспасы	Атамұра баспасы
1	Сөздік қорын дамыту	17	2
2	Түсіндіру	10	6
3	Оқыған мәтінді түсіну	11	8
4	Ертегі кейіпкерлерінің ерекшеліктері	12	2
5	Грамматика	-	1
6	Жазу тапсырмасы	5	16
7	Оқу тапсырмасы	9	3
8	Сөйлесу тапсырмасы	-	8
9	Суретпен жұмыс	-	6
10	Басқа	1	1
	Барлығы	54	53

7-ші кестеде «Әдебиеттік оқу» оқулығының Алматыкітап баспасы бойынша ертегілерге байланысты – 54 тапсырма, Алматыкітап баспасы бойынша ертегілерге байланысты – 53 тапсырма берілген. Олар «Сөздік қорын дамыту», «Түсіндіру», «Оқыған ертегіні түсіну», «Ертегі кейіпкерлерінің ерекшеліктері», «Грамматика», «Жазу тапсырмасы», «Оқу тапсырмасы», «Сөйлесу тапсырмасы», «Суретпен жұмыс» және басқа да тапсырма түрлері бойынша орын алған. Салыстырмалы талдау нәтижесінде оқулықтарда «Түсіндіру», «Оқыған ертегіні түсіну», «Ертегі кейіпкерлерінің ерекшеліктері», «Жазу тапсырмасы», «Оқу тапсырмасы» және «Сөйлесу тапсырмасына» басымдылық берілгені байқалады [99].

Зерттеу жұмысының «Атамұра және Алматыкітап баспасы бойынша «Әдебиеттік оқу» оқулықтарындағы мәтінге берілетін тапсырмалардың анықтау» міндеті бойынша аңыз мәтініне берілетін тапсырмалардың статистикалық талдау нәтижелері кесте 8-де берілген.

Кесте 8 – Екінші сынып әдебиеттік оқуының Атамұра және Алматыкітап баспа оқулықтарындағы аңыз мәтініне тапсырмалардың берілуі

№	Аңыз мәтініне берілетін тапсырма түрлері	Алматыкітап баспасы	Атамұра баспасы
1	Сөздік қорын дамыту	5	-
2	Түсіндіру	5	3
3	Жазу тапсырмасы	2	4
4	Оқу тапсырмасы	3	2
5	Суретпен жұмыс	-	1
6	Әңгімелеу	-	1
7	Басқа	1	-
	Барлығы	16	11

8-ші кестеде «Әдебиеттік оқу» оқулығының Алматыкітап баспасы бойынша аңызға байланысты – 16 тапсырма, Алматыкітап баспасы бойынша ертегілерге байланысты – 11 тапсырма берілген. Олар «Сөздік қорын дамыту», «Түсіндіру», «Жазу тапсырмасы», «Оқу тапсырмасы», «Суретпен жұмыс», «Әңгімелеу» және басқа да тапсырма түрлері бойынша орын алған. Салыстырмалы талдау нәтижесінде оқулықтарда сөздік қорын дамыту бойынша тек Алматыкітап баспасында ғана 5 тапсырма берілген, түсіндіру бойынша Алматыкітап баспасы Атамұра баспасына қарағанда 2-ге артық, жазу тапсырмасы бойынша Алматыкітап баспасы Атамұра баспасына қарағанда 2-ге кем, оқу тапсырмасы бойынша Алматыкітап баспасы Атамұра баспасына қарағанда 1-ге артық, суретпен жұмыс тапсырмасы бойынша тек Атамұра баспасы бойынша 1 тапсырма берілген, әңгімелеу тапсырмасы бойынша тек Атамұра баспасы бойынша 1 тапсырма берілген, басқа тапсырмалар бойынша тапсырмасы бойынша тек Алматыкітап баспасы бойынша 1 тапсырма берілген.

Зерттеу жұмысының «Атамұра және Алматыкітап баспалары бойынша «Әдебиеттік оқу» оқулықтарындағы мәтінге берілетін тапсырмалар санын анықтау» міндеті бойынша мысал мәтініне берілетін тапсырмалардың статистикалық талдау нәтижелері кесте 9-да берілген.

Кесте 9 – Екінші сынып әдебиеттік оқу пәні Атамұра және Алматыкітап баспа оқулықтарындағы мысал мәтініне тапсырмалардың берілуі

№	Мысал мәтініне берілетін тапсырма түрлері	Алматыкітап баспасы	Атамұра баспасы
1	Сөздік қорын дамыту	2	5
2	Түсіндіру	11	7
3	Оқу тапсырмасы	3	1
4	Жазу тапсырмасы	2	10
5	Әңгімелеу	-	2
6	Суретпен жұмыс	-	5
7	Басқа	-	1
	Барлығы	18	27

9-шы кестеде «Әдебиеттік оқу» оқулығының Алматыкітап баспасы бойынша аңызға байланысты – 18 тапсырма, Алматыкітап баспасы бойынша ертегілерге байланысты – 27 тапсырма берілген. Олар «Сөздік қорын дамыту», «Түсіндіру», «Жазу тапсырмасы», «Оқу тапсырмасы», «Суретпен жұмыс», «Әңгімелеу» және басқа да тапсырма түрлері бойынша орын алған. Салыстырмалы талдау нәтижесінде оқулықтарда сөздік қорын дамыту бойынша Алматыкітап баспасы Атамұра баспасына қарағанда 3-ке кем, түсіндіру бойынша Алматыкітап баспасы Атамұра баспасына қарағанда 4-ке артық, жазу тапсырмасы бойынша Алматыкітап баспасы Атамұра баспасына қарағанда 8-ке кем, оқу тапсырмасы бойынша тек Алматыкітап баспасы бойынша 3 тапсырма берілген, суретпен жұмыс тапсырмасы бойынша тек Атамұра баспасы бойынша 2 тапсырма берілген, әңгімелеу тапсырмасы бойынша тек Атамұра баспасы бойынша 2 тапсырма берілген, басқа тапсырмалар бойынша тапсырмасы бойынша тек Атамұра баспасы бойынша тапсырма берілген.

Зерттеу жұмысының «Атамұра және Алматыкітап баспалары бойынша «Әдебиеттік оқу» оқулықтарындағы мәтінге берілетін тапсырмалар санын анықтау» міндеті бойынша биография мәтініне берілетін тапсырмалардың статистикалық талдау нәтижелері кесте 10-да берілген.

Кесте 10 – Екінші сынып әдебиеттік оқу пәні Атамұра және Алматыкітап баспа оқулықтарындағы биография мәтініне тапсырмалардың берілуі

№	Биография мәтініне берілетін тапсырма түрлері	Алматыкітап баспасы	Атамұра баспасы
1	Түсіндіру	6	-

2	Жазу тапсырмасы	1	-
3	Оқу тапсырмасы	3	-
4	Басқа	-	-
	Барлығы	10	-

10-шы кестедегі биография мәтініне байланысты берілген тапсырмалардың тек Алматыкітап баспасы бойынша ғана берілуінің себебі оның тек осы баспаның оқулығында ғана кездескен. Биография бойынша «Түсіндіру», «Жазу тапсырмасы», «Оқу тапсырмасы» және басқа да тапсырма түрлері бойынша орын алған. Салыстырмалы талдау нәтижесінде оқулықтарда түсіндіру бойынша 6 тапсырма, жазу тапсырмасы бойынша 1 тапсырма, оқу тапсырмасы бойынша 3 тапсырма берілген. Биография мәтініне берілген тапсырмалардың аз орын алуы биография мәтіні арналы оқулығымен таныстыру мен ол туралы фактілерден хабардар оқу кесте мақсатын ұстанатындығымен түсіндіріледі.

Зерттеу жұмысының «Атамұра және Алматыкітап баспасы бойынша «Әдебиеттік оқу» оқулықтарындағы мәтінге берілетін тапсырмалар санын анықтау» міндеті бойынша сипаттау мәтінге берілетін тапсырмалардың статистикалық талдау нәтижелері кесте 11-ге берілген.

Кесте 11 – Екінші сынып әдебиеттік оқуының «Атамұра және Алматыкітап баспа оқулықтарындағы сипаттау мәтініне тапсырмалардың берілуі

№	Сипаттау мәтініне берілетін тапсырма түрлері	Алматыкітап баспасы	Атамұра баспасы
1	Сөздік қорын дамыту	-	1
2	Түсіндіру	-	2
3	Жазу тапсырмасы	-	1
	Барлығы	-	4

11-ші кестеде сипаттау мәтініне байланысты берілген тапсырмалардың тек Атамұра баспасы бойынша ғана берілуінің себебі оның тек осы баспаның оқулығында ғана кездескен. Сипаттау бойынша «Сөздік қорын дамыту», «Түсіндіру», «Жазу тапсырмасы» тапсырма түрлері бойынша орын алған. Салыстырмалы талдау нәтижесінде оқулықтарда түсіндіру бойынша 2 тапсырма, жазу тапсырмасы бойынша 1 тапсырма, сөздік қорын дамыту тапсырмасы бойынша 1 тапсырма берілген.

2.4 «Әдебиеттік оқу» оқулықтарындағы көрнекі материалдардың қолданылуы және мазмұндық ерекшеліктері мен айырмашылықтары

Педагогикалық сөздікте «көрнекілік» – оқушылардың тікелей қабылдауындағы нақты бейнелерде қалыптасатын оқытуға негізделген дидактикалық ұстаным» деген анықтама берілген. Оқушы санасында көрнекілік бейнелерді қалыптастырудың құралдары ретінде мектепте әр түрлі оқу жабдықтары қолданылады. Көрнекі материал дәстүрлі түрде келген мектеп оқулығының маңызды құрамдас бөлігі болып саналады, ол мәтіндік материалды қарапайым түрде толықтырады, оқу материалын қабылдау үшін балаларға көрнекі қолдау жасайды, визуалды кескін түрінде кейбір құбылыстар мен ұғымдарды бейнелейді [100].

Бастауыш мектепке арналған әдебиеттік оқу оқулықтарында орындалған иллюстрациялар мен көрнекі материалдарды таңдауда объект ретінде алудың өзіндік бірнеше себептері бар. Біріншіден, "әдебиеттік оқу" пәнін көркем мәтінмен тығыз байланыста болатын мұғалім мен оқушылардың білім беру байланысын ұйымдастырудың кеңістігі ретінде қарастыруға болады. Бұл пән бойынша балалар сабақтарда сөйлеу іс-әрекеттерін көп орындайды, ал мұғалім оларға оқылған нәрселер туралы әрқашан сөйлесуге мүмкіндік береді. Екіншіден бұл әдеби оқу пәнінің оқулығы қолданған оқу туралы оқулықтан кейінгі орында түрлі-түсті иллюстрациялардың оқулықтар қатарына жатады. Сонымен қатар, иллюстрациялардың негізгі бөлігі мәтіндермен бірге жүреді, ал екінші бөлігі сабақ білім беру процесін қызмет ететін екінші роль атқарады. Үшіншіден мәтіннің біріншілігі мен иллюстрацияның екінші ретті жағдайына сүйене отырып көркем мәтінмен жұмыс жасау кезінде сөз бен визуалды кескіннің қалай біріктірілетінін түсіну керек.

Оқулықтың жаңа бөлімін ашу кезінде кіріспе суреттер беріледі. Бұл суреттер балаларды жаңа тақырыпты үйренуге қызықтыратын назар аударатын фактор болып табылады. Әдетте мұндай фотосуреттерде кітапхана сюжеті: фотосуретте кітапхана фрагменті, кітапханадағы оқушылар кітап оқиды немесе таңдайды. Кітап мұражайынан қолжазба кітаптары мен баспа машиналары белгіленген фотосуреттер бар. Суреттердегі кітапханалық сюжет білім беру мәселесін шешуге арналған деп болжауға болады: балалардың кітаптарды тәуелсіз және жүйелі оқуға деген қызығушылығын, кітаптар мен жеке кітапты шарлау қабілетін дамыту. Фотосуреттерден басқа мұндай бөлімге ашық түсті кітап мұқабаларының суреттері, әр түрлі ағартушы педагогтардың портреттері қолданылады.

Көрнекі материалды көрнекі құрал ретінде ғана емес, сонымен қатар баланың жеке басының эмоционалдық сферасының құндылықтары мен дамуын бейнелейтін маңызды формалардың бірі ретінде қарастырамыз. Бұл аспектіде көрнекі материал тұлғаны қалыптастыру принциптері мен эстетикалық ерекшеліктеріне байланысты мағыналы бастайды. Көрнекі материалдарда шынайы өмірдің көркем шоғырланған көрінісі немесе поэтикалық қиял бейнелері көрсетілуі керек. Бастауыш сыныптарға арналған оқулықтарда иллюстрациялар кіші оқушылардың сезімдері мен эстетикалық

идеяларының қалыптасуына әсер етіп, көркемдік-бейнелік қасиеттерімен ерекшеленуі керек. Балалардың жас ерекшелігіне байланысты ерекшеліктерін ескере отырып, олардың назарын иллюстрацияның жалпы колористикалық тонының эмоционалды экспрессивтілігіне аудару, оны бейнелеудің көркемдік құралдарының ерекшеліктерін сезінуге және түсінуге үйрету маңызды. Бастауыш сыныптарға арналған қазіргі заманғы оқулықтар құрылымының ерекше компоненті - бағдарлау аппараты - оқулық құрылымындағы ең жас элемент. Бұл оқушыларға заманауи оқулықтың күрделі құрылымын ұғуға және дәл бағдарлауға көмектесуі керек, мектеп оқушыларында әртүрлі аппарат ағындарын игеру қабілетін, әдебиеттің оқу және басқа түрлерімен жұмыс істеу қабілеттерін қалыптастыруға ықпал етеді. Бастауыш мектеп оқушылары арасында жеке жалпыға бірдей білім беру іс-әрекеттерін қалыптастыру процесінде оқулыққа бағытталған аппарат маңызды рөл атқарады. Оқушылар іс-әрекетінің түр-түрін ынталандыру және ұйымдастыру функциясын олардың эмоционалды дамуы мен құндылық бағдарлары мақсатында орындалады. Мәтіндерге белгілетін көрнекі материал ол оқулықтағы көрнекі материалдың ең жиі кездесетін түрі. Себебі бала кезден бастап кітапта әрқашан оқыған әңгімені кейіндеріндегі және олармен болып жатқан оқиғаны елестетуге көмектесетін суреттер берілетініне үйренеді. Оқулықта көрнекі материалдардың берілуі тұрғысында зерттеушілердің бірі Ө.Мазлум мен Ф.С.Мазлумның 4 сынып оқулығының визуалды дизайнына мұғалімдердің көзқарасын бағалау еңбегінде оқулықтардың визуалды безендірілуі туралы мұғалімдердің пікірін ескеру және сәйкесінше оқулықтардың көрнекі дизайны бойынша ұсыныстар әзірленген. Зерттеу нәтижесінде мұғалімдердің пікірі 9-10 жас аралығындағы оқушылардың оқулықтарында берілген көрнекіліктер сапалы болуы маңызды, оның бағдарлама мазмұнына сәйкес нағыз мамандармен жасалуы керек деген ортақ шешімге келіп, олардың оқулықта берілуі жеткілікті деңгейде болуы керек деген ұсыныс берілген [101].

Зерттеу жұмысының «Атамұра және Алматыкітап баспалары бойынша «Әдебиеттік оқу» оқулықтарындағы көрнекі материалдардың қолданылуы мен мазмұнын анықтау» міндеті бойынша статистикалық талдау нәтижелері кесте 12-де берілген.

Кесте 12 - «Әдебиеттік оқу» оқулықтарындағы мәтін мазмұнына байланысты көрнекі материалдардың берілуі

№	Көрнекі материалдардың түрлері	Алматыкітап баспасы		
		Сурет	Фотография	Мультфильм
	Өлеңдер	28	-	-
	Әңгімелеуші мәтіндер	29	-	-
1	Әңгіме	24	-	-
2	Ертегі	2	-	-

3	Аңыз	1	-	-
4	Мысал	2	-	-
	Ақпараттық мәтіндер	2	-	-
1	Сұқбат/Сөйлесу	-	-	-
2	Айқындау	-	-	-
3	Сипаттау	-	-	-
4	Биография	2	-	-
	Барлығы	59	-	-
№	Көрнекі материалдардың түрлері	Атамұра баспасы		
		Сурет	Фотография	Мультфильм
	Өлеңдер	32	-	-
	Әңгімелеуші мәтіндер	33	-	-
1	Әңгіме	24	-	-
2	Ертегі	4	-	-
3	Аңыз	3	-	-
4	Мысал	2	-	-
	Ақпараттық мәтіндер	-	-	-
1	Сұқбат/Сөйлесу	-	-	-
2	Айқындау	-	-	-
3	Сипаттау	-	-	-
4	Биография	-	-	-
	Барлығы	65	-	-

12-ші кестеде «Әдебиеттік оқу» оқулығының Алматыкітап баспасы бойынша мәтін мазмұнына барлығы 59 көрнекі материал, Атамұра баспа оқулығы бойынша мәтін мазмұнына барлығы 65 көрнекі материал берілген. Екі баспа оқулықтарында мәтін мазмұны бойынша көрнекі материал түрлері тек сурет қана кездеседі, басқа көрнекі материалдар түрі оқулықтарда қолданылмаған. Кестеде берілген өлең мәтінінің мазмұны бойынша Алматыкітап баспа оқулығында 28 сурет, Атамұра баспа оқулығында 12 сурет берілген. Әңгімелеуші мәтін түрі саналатын әңгіме мазмұны бойынша Алматыкітап пен Атамұра баспа оқулықтарында теңдей 24 сурет ұсынылған. Ертегі мәтінінің мазмұны бойынша Алматыкітап баспа оқулығында 2 сурет, Атамұра баспа оқулығында 4 сурет ұсынылған. Сондай-ақ көрнекі материалдар ертегі желісімен бірге басынан соңына дейін берілмеген. Көп жағдайда ертегі басты кейіпкерлерімен, ертегінің бір ғана көрінісін бейнелейтін суреттермен берілген. Аңыз мәтіні бойынша Алматыкітап баспа оқулығында 1 сурет, Атамұра баспа оқулығында 3 сурет берілген. Алматыкітап пен Атамұра баспа оқулықтарында мысал мәтіні

бойынша көрнекі материал саны бірдей болып келген. Ақпараттық мәтін ішінен биография мәтініне берілген көрнекі материал Алматыкітап баспа оқулығының 167, 169 беттерінде биография арналған тұлғалардың суретімен ұсынылған.

АЛМАТЫ АҚПАРАТТЫҚ ОРТАМ

ҚОРЫТЫНДЫ

Зерттеу жұмысының қорытындылары жалпы әдіснамалық негізде дәлелденуімен, нақты бірін-бірі толықтырушы ғылыми-эксперименттік әдістердің кешенді қолданылуымен, зерттеу жұмысының нәтижелері мақсатына және міндетіне, пәніне жауап берумен, зерттеу мазмұнының ғылыми аппаратқа сәйкестілігімен, педагогикалық экспериментте қол жеткен нәтижелердің бастауыш мектеп практикасына енгізіліп, қолдау табуымен; алынған нәтижелердің әр түрлі ғылыми-теориялық, ғылыми-практикалық конференцияларда талқыланып, мақұлдануымен қамтамасыз етілді. Оқулықтың оқу процесіндегі рөлін, құрылымы мен оның маңыздылығын, негізгі сапаларын оқулықтарды талдау мен зерттеу арнастап отандық шетелдік ғылыми еңбектерге сүйеніп анықталып негізделді.

Бұл зерттеу жұмысының нәтижесінде мынадай міндеттер шешілу көзделген болатын:

1. Атамұра және Алматы кітап баспаларының екінші сынып «Әдебиеттік оқу» оқулықтарында орын алған тараулар санын анықтау міндеті бойынша оқулықта орын алған тараулар мен олардың тақырыптарының оқушының жалпы тұлғалық ерекшелігіне бағытталуы. Атамұра баспа оқулығында жеткілікті орын берілген. Ұқсастығы екі баспаның оқулығында да тараулар саны теңдей болып анықталды. Ал тарауларда орын алған мәтіндер санын анықтау міндеті бойынша мәтіндердің саны жағынан Алматыкітап баспа оқулығында жеткілікті деңгейде орын берілгені анықталды. Атамұра және Алматыкітап баспа оқулықтарының тарау тақырыптарының әр түрлілігі екі түрлі бағдарлама бойынша жазылған кітаптар болуымен түсіндіруге болады.

2. Атамұра және Алматы кітап баспаларының екінші сынып «Әдебиеттік оқу» оқулықтарында орын алған мәтін түрлерін анықтау міндеті бойынша оқулықта берілген мәтін түрлерінің ішінде әңгімелеуші мәтін түріне екі баспаның оқулығы бойынша да жеткілікті деңгейде орын берілген. Сонымен қатар өлең мәтін түрінің санын әңгімелеуші мәтін түрінің санына қарағанда аз орын алғаны анықталды. Оқулықтарда орын алған мәтіндердің берілу көлемін салыстыру нәтижесінде Алматыкітап баспа оқулығында берілген мәтіндердің көлемінің ауқымдылығы анықталды. Алматыкітап баспа оқулығы бойынша берілген мәтіндердің ішінде ең көп сөз 70-сабақ бойынша «Ханзаданың достығы» әңгімелеуші мәтінімен берілгені анықталды. Мәтінде 3,4,5-суреттерде берілгендей 393 сөз анықталған. Мәтін басқа тілден аударылған, негізгі дерек көзі «Ууку Massalleri», аударған авторы Нұргүл Мамырбаева. Мәтін бойынша 2 жаңа сөздікпен мәтінді игеруге оқу мен жазу, түсіндіру тапсырмалары берілген.

Алматыкітап баспа оқулығы бойынша ең көп сөз анықталған өлең 50-сабақ бойынша «Аққала» мәтінімен берілгені анықталды. Мәтін авторы Мәди Қайыңбаев. Мәтінді игеруге мәнерлеп оқу мен суретпен жұмыс, түсіндіру тапсырмалары берілген. Мәтінде 6,7-суреттерде берілгендей 96 сөз анықталған.

Жалпы пәннің оқу бағдарламасында көрсетілгендей 2-сынып әдебиеттік оқу пәнінен оқулықтары бойынша I жартыжылдықта 50 сөзден артық, II жартыжылдықта 65 сөзден артық оқу дағдысының нормасына жатқызылады [35]. Яғни анықталған мәтіндердегі берілген сөздердің көлемі пәннің оқу бағдарламасындағы нормалық оқу дағдысынан екі есе көптігі байқалады. Алматыкітап баспа оқулығында күнделікті сабақ тақырыбы онда игерілетін мәтін тақырыбымен берілсе, ал Атамұра баспа оқулығында күнделікті тақырып атауы ондағы мәтін тақырыбынан бөлек беріледі. Жәнеде Атамұра баспа оқулығында мәтін түрлері белгілі бір тапсырма ретінде беріледі. Алматыкітап баспа оқулығында мәтін түрі жалпылама берілген. Атамұра баспа оқулығында мәтін авторы «туған жері, қызмет саласы, қазір әдебиетте не сіңірген еңбегі немесе оның ең үздік шығармасы» сызбамен қысқа әрі есте сақтауға оқушы жасына ыңғайлы таныстырылса, ал Алматыкітап баспа оқулығында мәтін авторымен оның өмірбаянын мәтін түрінде беру арқылы таныстырылған.

3. Атамұра және Алматы кітап баспаларының екінші сынып «Әдебиеттік оқу» оқулықтарындағы мәтінге байланысты тапсырмалардың санын анықтау міндеті бойынша өлең мәтін түріне берілетін тапсырмалар арасында екі баспаның оқулығы бойынша да жазу мен оқу тапсырмалары, түсіндіру мен жаттап алу тапсырмаларына басымдық берілгені анықталды. Сонымен қатар ерекшелігі әңгімелеуші мәтін түріне берілетін тапсырмалар саны Алматыкітап баспа оқулығында жеткілікті деңгейде анықталды. Оның ішінде сөздік қорын дамыту мен түсіндіру тапсырмаларына көңіл бөріні берілген. Екінші сынып әдебиеттік оқу пәнінің Атамұра бағдарламасының 1 және 2-бөлім оқулықтарындағы жазу, оқу, дәптермен жұмыс, суретпен жұмыс, шығармашылық жұмыс тапсырмалары оқулықта шартты белгімен белгіліп, атамұра оқушылардың қарым-қатынастық бағытта жұмыс жасауына бағытталғандығы анықталды. Себебі тапсырмалар оқулықтың 2 бетінде «таптық жұмыс», «жұптық жұмыс», «жеке жұмыс» деп аталып бейнелі шарттарымен берілген. Ал Алматыкітап баспа оқулығындағы тапсырмалар нақты және анық қысқа атаулармен сол атауларға сәйкес бейнелі шарттарымен берілген.

4. Атамұра және Алматы кітап баспаларының екінші сынып «Әдебиеттік оқу» оқулықтарындағы көрнекі материалдардың қолданылуы мен мазмұнын анықтау міндеті бойынша Атамұра баспа оқулығында көрнекі материалдар көбірек қолданылғаны анықталды. Зерттеу нәтижелерінің ұқсастығы екі баспа оқулықтарында да өлең мәтіні мен әңгіме мәтін түріне көбірек мәтінді түсіндіру мақсатында көрнекі материалдар берілген. Ақпараттық мәтін түрін түсіндіруге көрнекі материал мүлде берілмеген. 2-сынып әдебиеттік оқу оқулықтарында көрнекі материалдардың берілуін салыстыру нәтижесінде Атамұра баспа оқулығында бір мәтіннің түріне берілетін ең көбі екі көрнекі материалды құрайды және олардың ішінде өлең мәтіні үшін берілетін көрнекі материал көп жағдайда автордың фотосуреті болып табылады. Ал Алматыкітап баспа оқулығында мәтінге берілетін көрнекі материалдарға аз орын берілгендігі анықталды.

Екі баспа оқулығында да әрбір тарауда орта есеппен алғанда 10-15 аралығында сабақ өтіледі, тарау соңында берілетін қорытынды сабақ Атамұра баспа оқулығында «Не үйрендім?» атауымен беріліп оқушының тараудан үйренген білім-білік болса, Алматыкітап баспа оқулығында «Тарауды қайталауға арналған сұрақтар мен тапсырмалар» қорытынды сабағымен аяқталған.

Зерттеу жұмысының нәтижесі бастауыш білім беру саласындағы мұғалімдер үшін, бастауыш сыныптың оқу әдістемелік бөлім басшылары үшін, болашақ бастауыш мұғалім білімгерлер үшін ақпаратты болып табылады.

Қорытындылай келе 2-сынып әдебиеттік оқу оқулықтарындағы тараулардың тақырыптары бойынша оқушының жалпы тұлғалық ерекшелігіне бағытталып берілген Атамұра баспа оқулығындағы тарау тақырыптары болып табылады. 2-сынып әдебиеттік оқу оқулықтарындағы мәтіндердің оқулықта берілу көлемінің оқушының жас ерекшелік қабылдау деңгейіне қарай Атамұра баспа оқулығындағы берілген мәтіндер болып табылады. 2-сынып әдебиеттік оқу оқулықтарындағы мәтіндердің оқулықта берілуіне қарай ақпаратты түрде жеткілікті деңгейде материалмен қамтамасыз етіліп Атамұра баспа оқулығындағы берілген мәтін түрлерін көрсетілгені. 2-сынып әдебиеттік оқу оқулықтарындағы мәтіндерге берілетін көрнекі материалдардың көлеміне қарай орын алуы бойынша Атамұра баспа оқулығындағы берілген көрнекі материалдар жеткілікті болып табылады. 2-сынып әдебиеттік оқу оқулықтарындағы мәтіндерге берілген тапсырмалардың ішінде мәнерлеп оқу мен жаттап алу тапсырмаларының көлемі мен сапасына қарай орын алу нәтижесі Алматыкітап баспа оқулығындағы мәтіндерге берілген тапсырмалар жеткілікті болып табылады. 2-сынып әдебиеттік оқу оқулықтарындағы мәтіндерге берілген тапсырмалардың ішінде суретпен жұмыс, түсіндіру, сөйлесу тапсырмаларының көлемі мен сапасына қарай орын алу нәтижесі Атамұра баспа оқулығындағы мәтіндерге берілген тапсырмалар жеткілікті болып табылады.

Оқушының тұлғалық қабілеттерін одан әрі ашу мақсатында тапсырмалар өзін-өзі оқуға түсіндіруге бағытталған, бірақ Атамұра баспасында жазу мен оқу, мәнерлеп оқу тапсырмалары аздау кездеседі.

Зерттеу жұмысының нәтижесіне байланысты 2-сынып Атамұра баспасының «Әдебиеттік оқу» оқулығындағы тарауларда ертегілер, аңыздар, материалдар саны стандартты түрде үлестірілгені жөн. Мәтін түрлеріне берілетін оқу мен жазу, сөйлесу, суретпен жұмыс секілді тапсырма түрлерін саны жағынан стандартты түрде үлестірілгені жөн. Сондай-ақ 2-ші сыныптың 2-сынып Атамұра баспасының «Әдебиеттік оқу» оқулығында ақпараттық пен реткізгіш мән мәтін мазмұнына байланысты көрнекі материалдардың санын арттырған жөн деп ұсынылды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Куралбаева А.А., Акйол Х. 1-ші сынып «Сауат ашу» және «Türkçe dersi» оқулықтарындағы тақырыптар мен мәтін түрлерін салыстырмалы зерттеу // Ясауи университетінің хабаршысы. – 2019. – №1(111). – Қандақпан-наурыз. – Б. 148-153.
2. Құсайынов А.Қ., Асыллов Ү.Ә. Оқулықтану. Өзекті мәселелер. – Алматы: Рауан, 2000. – 32 б.
3. Құсайынов А.Қ., Асыллов Ү. Оқулықтану. – Алматы: Рауан, 2000. – 110 б.
4. Құрмашұлы Ғ. Сапалы оқулық – ел игілігі // Ана тілі. 2014. <http://anatili.kazgazeta.kz/?p=19171>
5. Çebi A. Ders kitaplarında anlatım ve dil // Konu alanı ders kitabı inceleme mesleği - 2006. - С. 105-123.
6. Duman, T., Çakmak, M. Ders kitaplarının nitelikleri. Konu alanı ders kitabı inceleme kılavuzu. - Ankara: Nobel yayın dağıtım, 2004. - 17-35.
7. Kabarınar Ү. Yeni öğrenme anlayışının ışığında sosyal bilgiler ders kitapları. Sosyal bilgiler öğretimi. - Ankara: Pegem A, 2009. - 367-401 с.
8. Отарбаева А. Жібек матаның «Жібек жолы» тарихындағы маңызы // ҚазҰУ Хабаршысы. Тарих сериясы. – 2017. – Т. 85. – №. 2. – С. 131-139.
9. Мумрикова Л. И. Духовно нравственное воспитание в первой русской печатной Азбуке Ивана Федорова //С Днем Победы!. – 2007. -№. 5– С. 18-20.
10. Суханова М.П. Применение принципов, изложенных в трудах Я.А.Коменского, в современном образовании //Я.А.Коменский и современность: сборник научных трудов. – Москва, 2018. – С. 243.
11. Алтынсарин Ы. Қазақ хрестоматиясы. (Киргизская хрестоматия). – Алматы: Білім, 2003. – 112 б.
12. Өміржанова А., Өтегенова Б.М. Ыбырай Алтынсарин ағартушы-педагог //Вестник КГПИ. Теоретические и обзорно-аналитические исследования. – 2015. – №. 1. – С. 16-19.
13. Қадылбек М.Қ., Ибраева К.И. Ыбырай Алтынсарин жазған қазақ оқулықтарының ерекшеліктері //Межвузовский вестник. – 2014. – Т. 4. – №. 24.- С. 62-66.
14. Малдыбай А.Д. Ахмет Байтұрсыновтың әліпби реформасы //Евразийский журнал филологии: Наука и Образование. – 2015. – Т. 134. – №. 4. –С.322-325.
15. Қайдаров Ә., Сыздықова Р. Сан қилы саңлақ дарын// Егемен Қазақстан. –Алматы. -1989.
16. Смағұлова С. Ұлт зиялыларының баспа ісіндегі рөлі және оқулықтары. «Қазақ кітабы: Алаш қайраткерлерінің кітап басу ісінің дамуына қосқан үлесі» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. – Алматы: Қазақ университеті, 2019. -31-35 б.
17. Смағұлова А. Алаш мұраты және Семей баспасөзі. «Қазақ кітабы: Алаш қайраткерлерінің кітап басу ісінің дамуына қосқан үлесі» атты

халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. – Алматы: Қазақ университеті, 2019. -75-77 б.

18. Джакупова А. Жусыпбек Аймауытов и вопросы воспитания // Наука, новые технологии и инновации. – 2016. – №. 9. – С. 265-268.

19. Хасанова И.У., Хасанова Р.Ж. М.Дулатовтың педагогикалық – ағартушылық идеялары // БҚМУ Хабаршысы . - 2017. - № 2 (66). - С. 130-137.

20. Теміртас Г., Кеменгер Қ. Сұлтанбек Қожанұлының қаламгерлік қызметі мен шығармашылығы // Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Хабаршысы. Филология сериясы. – 2019. – №. 2 (127). - С.91-97.

21. Каренов Р.С. Алаштың асыл арысы Халел Досмұхамедұлы ғұмырының ғибратты тұстары // Қарағанды университетінің Хабаршысы. – 2013. -№ 1(69)– С. 40-48.

22. Әуелбаев Ш. Ана тілі. 1-сынып – Алматы, 2001.

23. Рахметова С. Ана тілі. 2-сынып. – Алматы, 2002.

24. Рахметова С. Ана тілі. 4-сынып. – Алматы, 2004.

25. Әбдікәрім Т. Ана тілі. 3-сынып. – Алматы, 2003.

26. Уәйісова Г.И., Жұмабаева Ә.Е. Ана тілі. 1-сынып. – Алматы: Алматыкітап баспасы, 2012.

27. Тұрғынбаева Б., Муфтибекова З. Әдебиеттік оқу. 2-сынып. – Алматы: Алматыкітап баспасы, 2013.

28. Әбдікәрім Т., Рахметова С., Қабатай Б. Әдебиеттік оқу. 3-сынып. – Алматы: Атамұра баспасы, 2014.

29. Рахметова С., Бегербеков Р., Әбдікәрім Т. Ана тілі. 4-сынып. – Алматы: Атамұра баспасы, 2015.

30. Қабатай Б.Т. Әдебиеттік оқу. 2-сынып. - Алматы: Атамұра баспасы, 2017.

31. Қабатай Б.Т., Зейнетолдина Ү.К., Қалиева В.А. Әдебиеттік оқу. 3-сынып. – Алматы: Атамұра баспасы, 2018.

32. Муфтибекова З., Рыскубекова Ә. Әдебиеттік оқу. 4-сынып. – Алматы: Алматыкітап баспасы, 2019.

33. Шоловаленко С.Г. Учебник в системе средств обучения // Проблемы школьного учебника. Вып.4.М.: Просвещение, 1976. С. 37–50.

34. Қазақстан Республикасының Білім және Ғылым министрлігі. Бастауыш білім беру деңгейінің 2-4 сыныптарына арналған «Әдебиеттік оқу» пәнінен жаратылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы. 2018. -25 б. <https://nao.kz/loader/fromorg/2/25?lang=kz>.

35. Қазақстан Республикасының Білім және Ғылым министрлігі. Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін бастауыш білім берудің үлгілік оқу жоспары. 2012. <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1200008170>

36. 2019-2020 оқу жылында Қазақстан Республикасының жалпы орта білім беретін мектептерінде оқу процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы: Әдістемелік нұсқау хат. – Нұр-Сұлтан: БІ. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2019. – 384 б.

37. Руднев В.П. Словарь культура XX века: Ключевые понятия и текст. - Москва: Наука, 1997. - 486 с.
38. Гальперин И.Р. Текст как объект лингвистического исследования. - М.: Наука, 1981. - 183 с.
39. Москальская И.О. Грамматика текста. - М.: Высшая школа, 1981. - 215 с.
40. Лосева Л.М. Как строится текст: Пособие для учителей - М.: Просвещение, 1980. - 94 с.
41. Әбдікәрімова Т.М. Мәтін және «Ана тілі» оқулығы мәтіндік мәнін құраудың теориясы. - Павлодар, 2007, 73 б.
42. Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер, Алматы: Ғылым, 1966. - 360 б.
43. Жапбаров А. Оқушылардың жазбаша тілін дамыта оқытудың ғылыми әдістемелік негіздері. - Алматы, 2007. - 120-122 бб.
44. Смағұлова Г.Н. Мәтін лингвистикасы. Оқу құралы. - Алматы: Қазақ университеті, 2002. - 112 б.
45. Ахметова М.К. Мәтін лингвистикасы. Оқу-әдістемелік құрал. - Орал: «Ағартушы», 2008. - 148 б.
46. Жармакин О.Қ., Мағзұмов Қ.Б. Мәтін лингвистикасы: филология мамандықтарының студенттеріне арналған оқу құралы, Павлодар: Кереку, 2011. - 84 б.
47. Байтұрсынов А. Тіл тақымы, Алматы, 1998. - 362 б.
48. Akyol H. Türkçe Öğretim Yöntemleri. Ankara: Pegem Akademi., 2010. - 360 s.
49. Oğuzkan A. Ferhan. Çocuk Edebiyatı. Ankara: Anı Yayıncılık, 2013. - 424 s.
50. Tan Ş. Öğretim ilke ve yöntemleri. Ed. Şeref Tan. Ankara: Pegem Akademi Yayıncılık. 2007. - 544 s.
51. Ünalın, Ş. Türkçe öğretimi. Ankara: Nobel Yayın Dağıtım. Yayıncı, M. İlköğretim birinci kademe ders kitaplarının öğrenci düzeyine uygunluğu. Afyon Kocatepe Üniversitesi Sosyal Bilimler Dergisi, 6 (1), Afyon, 2004. 121-130.
52. Cemiloğlu, Mustafa. İlköğretim Okullarında Türkçe Öğretimi. İstanbul: Alfa Yayıncılık. 2015. 438 s.
53. Adıgüç, Oya. Anlatmak ve Anlatılmak. İstanbul: Pan Yayıncılık. 2016. 352 s.
54. Akyol H. Yeni programa uygun Türkçe öğretim yöntemleri. Ankara: Kök Yayıncılık, 2009. 256 s.
55. Kaveer Cahit, Oğuzkan Ferhan ve AKSOY Özlem, Yazılı ve Sözlü Anlatım. Ankara, Anı Yayıncılık, 2002. 358 s.
56. Başaran M., Akyol H. Okuduğunu anlama ve metne karşı geliştirilen tutum üzerinde metnin bilgi verici veya hikâye edici olmasının etkisi. Uşak Üniversitesi Sosyal Bilimler Dergisi (2009) 2/1, 11-23
57. Akyol H. Türkçe Öğretim Yöntemleri. Ankara: Pegem Akademi. 2010
58. Oğuzkan A. Çocuk Edebiyatı. Ankara: Anı Yayıncılık. 2000

59. Қазақ әдебиеті. Энциклопедиялық анықтамалық. — Алматы: «Аруна Ltd.» ЖШС, 2010 жыл. ISBN 9965-26-096-6.
60. Gürel, Z., Temizyürek, F. ve Şahbaz N.K. Çocuk edebiyatı. — Ankara: Öncü Basımevi, 2007. — 318 s.
61. Kantarcıoğlu, S. Eğitimde masalın yeri. — Ankara: Milli Eğitim Bakanlığı Yayınları, 1991. — 52 s
62. Anadolu Üniversitesi Açıköğretim Fakültesi. Halk Masalları ders kitabı. Murat Yayınları. 2018. 96 s. <https://muratyayinlari.com/storage/catalogs>
63. Kindersley, D. Illustrated Oxford dictionary. — London: Oxford University Press, 1998. — 1000 p.
64. Сейітжанұлы З. Қазақ халық әдебиеті // әл-Фараби аты. ҚазҰУ — Толықт. 2-бас. — Алматы: Қазақ ун-ті, 2013. — 168 б.
65. «Қазақстан»: Ұлттық энциклопедия / Бас редактор Ә. Нысанбаев. — 3-том (Г-Ж). — Алматы «Қазақ энциклопедиясы» Баспа редакциясы, 2001. — 720 б.
66. Қазақ совет энциклопедиясы / Ред. М.Қ. Қарабаев. — Т.4: Дәк-Шыңтау: энциклопедия. — Алматы: Қазақ Совет энциклопедиясы баспа рел., 1974. — 671 б.
67. Қасқабасов С. Қазақтың халық провалы. — Алматы: Ғылым, 1984. — 272 б.
68. Қоңыратбаев Ә. Қазақ фольклорының тарихы. — Алматы: Ана тілі, 1991. — 288 б.
69. Әуезов М. Ертегілер. Кітапта: Қазақ ертегілері. / Құрастырған Е. Дүйсенбайұлы. — Алматы: Жазушы, 2009. — 320 б.
70. Граник Г.Г. Структура школьного учебника как предмет научного исследования (на материале учебника нового типа по русскому языку) // Психологическая наука и образование. 2017. Т. 22. № 4. С. 64–74. doi: 10.17759/pse.20172204010.
71. Зверев И. Каким был учебнику? — М.: Просвещение, 1987.
72. Фортельсон И. Учебники и пути его развития. Кітапта: Вопросы теории составления школьного учебника. — М., 1982.
73. Бабуртрян Н.М. Основы теории составления учебников русского языка в армейских школах. — М.: Педагогика, 1988.
74. Лещенер И.М. Вопросы теории школьного учебника // Дидактические основы учебника. — М., 1982.
75. Подласый Л. Педагогика — М.: Педагогика, 1992.
76. Борзовская Н.В., Реан А.А. Педагогика. — Санкт-Петербург: Питер, 2000. — 304 с.
77. Құрманова Н.Ж. Сөз тіркесін оқыту барысында оқушылардың теориялық ойлауын дамыту әдістемесінің негіздері. — Ақтөбе, 2001. — 298 б.
78. Şentürk L., Aktaş E. Türkiye'de ve Romanya'da okutulan ana dili türkçe ders kitaplarının değer iletimi açısından karşılaştırılması //Değerler Eğitimi Dergisi. — 2015. — Т. 13. — №. 29. — С. 215-243. <https://dergipark.org.tr/en/download/article-file/302352>
79. Баранова Г.А. Формирование личностных универсальных учебных действий у учащихся начальных классов средствами учебника //Известия

Тулського государственного университета. Гуманитарные науки. – 2013. – №. 4. <https://cyberleninka.ru/article/n/15554011>

80. Mashirova S., Imankulova A.T. Оқулық білім берудегі негізгі құрал ретінде //Евразийский журнал филологии: Наука и Образование. – 2020. – Т. 176. – №. 4. – С. 174-182.

81.Yıldız E. Almanya ve Türkiye’de lise birinci sınıflarda okutulan dil ve edebiyat ders kitaplarının karşılaştırılması (Berlin örneği) //Yayımlanmamış Yüksek Lisans Tezi, Gazi Üniversitesi Eğitim Bilimleri Enstitüsü, Ankara. – 2007.

82. Eskiemen A.D. Türkiye ve ABD’de Dil-Edebiyat Öğretimi Karşılaştırılması Bir Araştırma //Ankara: Gazi Üniversitesi. – 2014.

83. Stebler M.Z. Türkiye ve İsviçre’deki ortaokul öğretmenlerinin ana dili öğretimi ders kitaplarının karşılaştırılması //Yayımlanmamış Doktor Tezi, Atatürk Üniversitesi Eğitim Bilimleri Enstitüsü, Erzurum. – 2014.

84. Çalık T. Türkçe Ders Kitaplarının Biçim ve Tasarımı. /Yşegül Ataman (Editör) Konu alanı Ders Kitabı İnceleme Kılavuzu Türkçe 1-8 için (s. 1-14). – Ankara: Nobel Yayıncılık, 2001. –S.1-14.

85.Güneş F. Ders Kitaplarının İncelenmesi –Ankara:Ocak Yayınları, -2002.-140s.

86.Куралбаева А.А. Қазақстан және Түркияның бірінші сынып ана тілі оқулықтарын пішімі мен дизайны тұрғысынан салыстырмалы зерттеу //Абай атындағы қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Педагогика және психология. -2020, №2(43). – С. 151.

87.Оқулық басылымдарына қойылатын міндеттік нормативтерді бекіту туралы Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 19 тамыздағы № 611 бұйрығы.

88.Куралбаева А.А., Әкімов Х. 1 сынып «сауат ашу» және «türkçe dersi» оқулықтарындағы тақырыптар мен мәтін түрлерін салыстырмалы зерттеу. Ясауи университетінің Хабаршысы. 2019. №1 (111) . 148-153 б.

89.Әбдікәрімова З.М. Мәтін және «Ана тілі» оқулығы мәтіндемесін құраудың теориясы. -Павлодар, 2007.-73 б.

90.Sulak S., Pilten G. Evaluation of the structures of the texts taking place in the textbook Turkish grades 1–5, for primary schools according to their sorts. Procedia Social and Behavioral Sciences 9 (2010) 659–662 https://www.researchgate.net/publication/251712995_Evaluation_of_the_structure_of_the_texts_taking_place_in_the_textbook_Turkish_grades_1-5_for_primary_schools_according_to_their_sorts

91.Keklik S. Sinif türkçe dersi ders kitaplarinin metin türleri ve özellikleri açısından incelenmesi. *Uluslararası Eğitim Araştırmaları Kongresi*(2009). 1–8 147–161.

92.Özbay M., Çeçen M. A. Türkçe ders kitaplarında (6-8. sınıflar) yer alan metinlerin tür ve tema açısından incelenmesi. *Dil ve Edebiyat Eğitimi Dergisi*(2012)., 1(1), 67–76.

93. Temizyürek F., Delican B. İlkokul türkçe ders kitaplarında yer alan metinlerin tür ve tema açısından incelenmesi. *Journal of Faculty of Education*(2016), 5(3), 842–856. <https://doi.org/10.14686/buefad.v5i3.5000192300>

94. Құралбаева А., Оразбек М. Екінші сынып Атамұра және Алматы кітап баспаларының «әдебиеттік оқу» оқулықтарының мазмұнына салыстырмалы зерттеу//Қазақстанның ғылымы мен өмірі.- №12/2(148), 2020жыл.- 230-236 б.

95. Байтұрсынов А. Шығармалары.- Алматы: «Жазушы», 1989.

96. Жұмабаев. М. Педагогика.- Алматы: «Жазушы», 1992.

97. Қабатай Б.Т., Рахметова С. Ана тілі. Жалпы білім беретін мектептің 2-сыныбына арналған оқулық.- Алматы: «Атамұра», 2009.


98. Ясюкова Л.А. Методика определения готовности к школе. Прогноз и профилактика проблем обучения в начальной школе: Метод. руководство. – СПб: Имятон, 1999.

99. Құралбаева А.А., Рахмет Ү., Оразбек М. Бастауыш сыныптың «Әдебиеттік оқу» оқулықтарында орын алған ертегілерді зерттеу//Асауи университетінің хабаршысы.- №2, 2020жыл.- 268-276 б.


100. С. И. Иллюстративный материал школьного учебника как средство визуализации и коммуникации //Научно-педагогическое обозрение. Pedagogical review. – 2016. – №. 4 (14)

101. Mazlum Ö., Mazlum F. S. İlköğretim 1. sınıf ders kitaplarının görsel tasarımına yönelik öğretmen görüşlerinin değerlendirilmesi //Sanat Eğitimi Dergisi. – 2016. – T. 4. – №. 1. – С. 1-10.


А ҚОСЫМША



3 сурет - 2 сынып әдебиеттік оқу Алматыкітап оқулығы, 109 бет




4 сурет - 2 сынып әдебиеттік оқу Алматыкітап оқулығы, 110 бет




5 сурет - 2 сынып әдебиеттік оқу Алматыкітап оқулығы, 111 бет

Оқулықта да орын алған мәтіндердің берілу көлемін салыстыру нәтижесінде Алматыкітап баспа оқулығында берілген мәтіндердің көлемінің арқымдылығы анықталды. Алматыкітап баспа оқулығы бойынша берілген мәтіндердің ішінде ең көп сөз 70-сабақ бойынша «Ханзаданың достығы» негімелеуші мәтінімен берілгені анықталды. Мәтінде 3,4,5-суреттерде берілгендей 393 сөз анықталған. Мәтін басқа тілден аударылған, негізгі дерек көзі «Ууку Massalleri», аударған авторы Нұргүл Мамырбаева. Мәтін бойынша 2 жаңа сөздікпен мәтінді игеруге оқу мен жазу, түсіндіру тапсырмалары берілген.



6 сурет-2 сынып әдебиеттік оқу Алматыкітап оқулығы, 77 бет



7 сурет-2 сынып әдебиеттік оқу Алматыкітап оқулығы, 78 бет

Алматыкітап баспа оқулығы бойынша ең көп сөз анықталған өлең 50-сабақ бойынша «Аққала» мәтінімен берілгені анықталды. Мәтін авторы Мәди Қайыңбаев. Мәтінді игеруге мәнерлеп оқу мен суретпен жұмыс, түсіндіру суреттері берілген. Мәтінде 6,7-суреттерде берілгендей 96 сөз анықталған.